

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

**ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Нұр-Сұлтан 2022

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2022 жылғы 16.08.№8 хаттама).

Әдістемелік ұсынымдарда педагогтерге үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс бойынша әдістемелік ұсыныстар берілген.

– Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022.
– 352 бет.

Жинақта оқу процесінде үлгерімі төмен білім алушыларды педагогикалық қолдаудың мәні, негізгі түрлері, нысандары мен кезеңдері және үлгерімі төмен білім алушыларды оқытуды дараландыруды жүзеге асыру және оларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету жолдары сипатталған. Оқу пәндері бойынша үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс істеудің тиімді әдістері ұсынылды және білім алушылардың оқу пәндері бойынша оқу қиындықтары анықталды. Сондай-ақ үлгерімі төмен білім алушылармен түзету жұмыстарының әдістемелік ұсынымдары ұсынылады.

Жинақ орта білім беру ұйымдарының басшыларына, педагогтеріне, әдіскерлерге, білім басқармалары мен бөлімдерінің, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменттерінің басшылары мен мамандарына арналған.

КІРІСПЕ

Тәуелсіз егеменді еліміздің әлемдік өркениетке жетудегі сара да дара жолы – оның білім жүйесі. Бүкіл әлемдегі елдермен терезесі тең, керегесі кең болу үшін артымыздан ерген келешек ұрпағымыз білімді болу керек. Еліміздегі «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының екінші міндеті – орта білім беру сапасын арттыру болса, Ұлттық даму жоспарының Сапалы білім 3-ұлттық басымдығының міндеттері де білім беру саласындағы қолжетімділікті, теңдікті қамтамасыз ету, оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта жасау және білім беру сапасын арттыру. [1] Ендеше қазіргі білім беруде педагог қауымының алдында білім алушыларға сапалы білім беру міндеті тұр. Білімнің сапалы берілуі – ұстаздың біліміне, тәжірибесіне, ізденісіне, оқытудағы жаңа технологияларды сабақ барысында мол шеберлікпен, шығармашылықпен жеткізуіне байланысты болып тұр.

«...Үлгерімі төмен балаларға ерекше қолдау, жылы сөздер және олардың жетістікке жететініне сенім қажет екенін түсіну маңызды», - деп Оқу-ағарту министрі мектептегі үлгермеушілік мәселесі туралы айтты. Ғылым мен техникалық прогрестің дамуы, қоғамның өзгеруі, жаһандану заманының басталуы білім мазмұнын жаңартуға мол мүмкіндіктер туғызды. Білім теңіз, оның тереңін жетік білетін, сырын меңгерген адамдарды дайындайтын педагог. Әрбір педагог өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, мәдениеті жан-жақты жетілген ұрпақ дайындауға міндетті. Ол үшін педагог өзі оқытатын пәндердің ғылыми әдістемелік деңгейін ғылыми ұйымдастырғанда, яғни сабақта әртүрлі әдіс-тәсілді кешенді жоспармен пайдаланғанда ғана қолы жетеді.

Әлеуметтік дамудың қазіргі деңгейі жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуға қойылатын талаптардың көбеюін талап етеді. Мектептегі білім алушылардағы үлгермеушіліктің алдын алу мен түзетудің тиімді тәсілдерін анықтау қажеттілігі білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейінің төмендеуінің жалпы үрдісіне негізделген.

Бүгінгі білім беру үрдісінде жеке тұлғаның қалыптасып, ой-өрісінің дамуы, өздігінен қоршаған ортаны танып білуі, белсенділігінің артуы, шығармашылық міндеттерді ойдағыдай шешуде педагог және мектеп психологының тарапынан көп жұмыс жасалуы тиіс.

Мектептегі оқытудың негізгі мәселелері – білім алушылардың оқу үрдісіндегі танымдық қызығушылығын арттыру, танымдылық жан қуаттарының оятуына түрткі болу. Денсаулығы дұрыс дамыған кез келген білім алушы мектеп бағдарламасын толық игеруі керек. Білім алушылардың көпшілігі оқу бағдарламасын қиындықпен, ал кейбіреуі негізгі пәндерден ұзақ уақыт бойы үлгермейді.

Үлгермеушілік – білімді меңгеруде шығармашылық жұмыстардың тәжірибесін қалыптастыруда, икем мен дағдыны жетілдіруге қатысты мектептің міндетті талаптарына, білім алушы дайындығының сәйкес келмеуі және ол оқу процесінің мазмұнымен тура байланыстағы оқыту нәтижелерінен білінетін,

белгілі бір көрсеткіштерінен байқалуы мүмкін. Оқу процесіндегі үлгермеушілік – бұл әр білім беру мекемесінің өзекті проблемасының бірі болып саналады. Осыған орай үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс – бұл әр пән мұғалімнің үлкен басым міндеттерінің бірі.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуде «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» [2], «Үлгілік оқу жоспарлары», «Үлгілік оқу бағдарламалары» негізгі құжаттары басшылыққа алынған.

Әдістемелік ұсынымның құрылымы негізгі 3 бөлімді қамтыған. «Үлгерімі төмен білім алушыларды педагогикалық, оқу-әдістемелік сүйемелдеу» бөлімінде оқу пәндері бойынша үлгермеушілік себептері, оқу процесінде үлгерімі төмен білім алушыларды педагогикалық қолдаудың мәні, негізгі түрлері, формалары мен кезеңдері мен үлгерімі төмен білім алушыларды оқытуды дараландыруды жүзеге асыру жолдары мен оларға педагогикалық-психологиялық көмек көрсету туралы жазылған. «Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс істеу әдістері мен нысандары» бөлімінде оқу пәндері бойынша үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс істеудің тиімді әдістері ұсынылды және оқу пәндері бойынша білім алушылардың пәнді оқудағы қиындықтарын анықталды. «Үлгерімі төмен білім алушылармен түзету жұмысының жүйесі» бөлімінде оқу пәндері бойынша арналған сабақ үлгілері берілген.

Үлгерімі төмен білім алушыларды зерттеу кезінде ғалымдар екі мәселеге тоқталады: біріншісі – Педагог қалай оқытады?, екіншісі – Білім алушы қалай оқиды және осы кезде оның дамуы қалай жүзеге асады?

Дидактиктер бұның себептерін педагогикалық психологиялық жағдай, оқу- тәрбие процесі жағынан қарастырады. Ал психологтар үлгерімі төмен білім алушылардың оқу үрдісіндегі оқу іс-әрекетінің жеке ерекшеліктеріне тоқталады. Үлгерімі төмен білім алушылардың ортақ белгілері болса да, олар бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді. Күнделікті жұмыс тәжірибесінде, әр сәтсіздікке ұшыраған жағдайда, біз жеке көзқарастың жаңа жолдарын іздеуді қажет ететін мүлдем жаңа ерекшеліктерді кездестіреміз.

Оқудағы үлгермеушілікке апаратын ауытқушылықтар жеке дара дамуының бір немесе бірнеше аспектіде көрінуі мүмкін: физикалық және психикалық денсаулығы, баланың танымдылық деңгейінің қарқыны, оның эмоционалды- тұлғалық даму ерекшелігі. Сондықтан баланың даму қарқыны мен көмек көрсету бағдарламасын құруда көптеген мамандар қамтылуы керек (дәрігер, психолог, логопед, әлеуметтік педагог, пән педагогтері). Педагог пен білім алушының іс-әрекетіндегі өзара байланысының күрделі үрдісінде қалыптасатын оқуға деген субъект – объективтілік қарым – қатынасқа өтудің маңызы зор. Білім алушының ойын ояту, түйінді сұрақ қою, оны таңғажайыптармен таңырқата білу, танымдық қызығуды тұрақтандыратын белсенді өзіндік іс-әрекеттерге қатыстыру шараларын ұйымдастырғанда педагог мен мектеп үлгермеуші білім алушыны жоя алады.

Мектептегі үлгермеушіліктің негізгі принциптері:

1. Тиісті пән негізіндегі нақты және арнайы білімде қалыс қалулар, оның негізінде білім алушы оқылатын түсініктердің, заңдылықтардың, теорияның негізгі элементтерін сипаттап бере алмайды және практикалық іс- әрекет орындай білмейді.
2. Оқу – танымдық іс-әрекетінде дағдылардың қалыс қалуының салдарынан, берілген уақыт ішінде білім алушы білім, білік, дағды көлемін меңгере алмайды, жұмыс қарқыны төмендейді.
3. Даму деңгейі мен тұлғалық қасиеттердің тәрбиеленуінің жеткіліксіздігі негізінде, білім алушы сәтті оқуға қажетті өз бетімен, ұйымдастырушылық, шыдамдылық және басқа қасиеттерді көрсете алмайды.

Біздің елімізде педагогтің жеке тұлғасына үлкен талаптар қойылады. Педагог өз білім алушыларының арасында шынайы беделге ие болуы және оларға үлгі бола білуі қажет. Аталған талаптарды орындай отырып ол білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуде оңды нәтижелерге қол жеткізе алады.

1. ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК СҮЙЕМЕЛДЕУ

Ғалымдар педагогикалық талаптар мен білім алушының мүмкіндіктері арасындағы сәйкестіктің қажеттілігін дәлелдейді. Қазіргі жаһандық әлемнің дамуымен ересек адаммен қатар бала да көптеген ақпаратты қабылдауға және өңдеуге мәжбүр. Оқу іс-әрекетіне, педагогтың жеке басына, білім алушының танымдық процестеріне қойылатын талаптар әрдайым білім алушының даму деңгейіне сәйкес келе бермейді. Бұл оқу бағдарламасын игерудегі қиындықтарға, соның салдарынан сәтсіздікке әкеледі.

Психологияда үлгерімі нашар білім алушылар туралы айтқанда, психологиялық себептері, әдетте, білім алушының өзінің қасиеттері, қабілеттері, уәждері, қызығушылықтары және т. б. болып табылады. Педагогика оқытуды ұйымдастырудың формаларын, әдістерін және тіпті жалпы білім беру жүйесін үлгермеушіліктің көзі ретінде қарастырады. [3]

Көптеген дидактиктер теориялық ойлауды білім алушының ақыл-ой дамуының негізі ретінде дамыту қажеттілігін баса айтады. Мысалы, Д. Б. Эльконин оқу іс-әрекетінің құрылымында оқу-танымдық мотивтерді, оқу міндеттерін бақылауды, бағалауды анықтайды. Егер бастауыш мектеп жасында оқу іс-әрекетінің жеке компоненттері қалыптасса, негізгі буында оқу іс-әрекетінің жалпы құрылымын игеру міндетін қояды. Бала оқу іс-әрекетінің жалпы құрылымын және оның барлық компоненттерін дәл игерген кезде сыртқы бақылау өзін-өзі бақылауға айналуы маңызды. Оқу іс-әрекетіне қатысы бар бақылау-бағдарлау аппаратын құру рефлексия мен өзін-өзі тәрбиелеуге әкеледі. Егер оқытудың сәттілігі психологиялық, физиологиялық және әлеуметтік алғышарттарды қамтитын жалпылама сипаттама болса, онда оқу үлгерімі – оқумен тығыз байланысты тар ұғым. [4]

«Оқудағы үлгермеушіліктің» ұғымы әртүрлі мағынаға ие. Мысалы, лингвисттер А. А. Бударный мен У. Д. Розенталь үлгермеушілік оқудағы ең төменгі талаптарға сәйкес келмеушілік деп анықтайды және «үлгермеушілік» ұғымының мазмұны көп жағдайда білім алушыларды келесі сыныпқа ауыстырудың белгіленген ережелеріне байланысты деп санайды. [5]

Осылайша, педагогтардың еңбектерінде нашар үлгерім ішкі және сыртқы себептер кешенінен туындайтыны көрсетілген. Оқу үлгермеушілігінің пайда болуында жетекші рөлді физиологиялық, психологиялық факторлармен қатар отбасы тәрбиесінің ерекшеліктері мен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың шарттары атқарады.

Көп жағдайда оқудағы үлгермеушілік білім алушының оқу іс-әрекетінің тиімсіздігін көрсетеді және білімді игерудің төмен деңгейі ретінде түсініледі. Педагогика мен психологиядағы оқудағы үлгермеушілік мәселесі әртүрлі көзқарастарды теориялық талдау нәтижелері 1-кестеде келтірілген.

Кесте-1. «Оқудағы үлгермеушілік» терминін сыртқы және ішкі критерийлер бойынша түсінудің негізгі тәсілдері

№	Авторлар	Түсінік	Критерийлер
---	----------	---------	-------------

1.	А.А. Бударный и У.Д. Розенталь	Үлгермеушілік оқытудың ең төменгі талаптарына сәйкес келмеу	Сыртқы
2.	Д. Б. Эльконин	Оқу қызметінің жекелеген компоненттерінің (оқу-танымдық уәждер, оқу міндеттері (және операциялар) қалыптаспауы (жасына сәйкес келмеуі), бақылау, бағалау.	Ішкі
3.	М.А. Данилов	Білім алушылар мүмкіндіктерінің және олардан не талап етілетінің бұзылуы	Ішкі
4.	В. Оконь	Білім алушылар, педагогтар және сыртқы күштер арасындағы өзара әрекеттестіктің бұзылуы	Сыртқы
5.	Н.П. Локалова	оқудағы жалпы және жекелеген пәндер бойынша артта қалушылық	Сыртқы
6.	Б.С. Цетлин	Білім олқылықтарында ғана емес, сондай-ақ білім алушыларға қатысты оқудағы үлгермеушіліктің болуы	Сыртқы

Осылайша, оқудағы үлгермеушілік критерийлерінің екі тобы бар - сыртқы және ішкі. Кестеде берілген сыртқы немесе ішкі критерийлерге байланысты педагог білім алушылардың үлгермеуінің алдын алу және түзету жолдарын жасайды. [5]

П.П. Борисов үлгермеушіліктің себебін айқындауда оны ірі төрт топқа бөлген:

— Педагогикалық себептерге: жеке пәндердің берілуі, былтырғы білімінде қалыс қалушылықтар, келесі сыныпқа дұрыс көшірілуі;

— Әлеуметтік –тұрмыстық себептер: өмір сүрудің жағымсыз жағдайы. Ата-анасының дұрыс үлгі бермеуі. Отбасының материалдық қамтамасыздығы, отбасы тәртібінің жоқтығы, баланың бақылаусыздығы.

— Физиологиялық себептер: ауру, денсаулықтың жалпы әлсіздігі тыныс алу жолдарының ауруы. Жұқпалы аурулар, орталық нерв жүйесінің қимыл функциясының бұзылуы, нерв жүйесінің аурулары.

— Психологиялық себептер: зейін, есте сақтау, ойлаудың даму ерекшеліктері, түсінудің нашарлығы, сөйлеу қабілетінің дамуының жеткіліксіздігі, танымдық қызығушылықтың қалыптасуы, дүниетанымының тарлығы.

I топтың себептері автордың пікірінше, педагогтардың оқу-тәрбие жұмысындағы кемшіліктерден туындайды. Тиісінше, бұл себептер

дидактикалық (дидактиканың принциптері мен ережелерін бұзу) және тәрбиелік (негізінен білім алушылармен сыныптан және мектептен тыс жұмысты дұрыс бағаламау) болып бөлінеді. Себептердің екінші тобы білім алушылардың қалыпты физикалық, физиологиялық және интеллектуалдық дамуының бұзылуына байланысты. III топтың себептері, педагогтар мен білім алушыларға тікелей байланысты емес. Оның ішінде мектептің материалдық-техникалық базасының әлсіздігін, балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту деңгейінің төмендігін, оқыту тілі мәселелерінің дамымауын, білім алушылардың үй жағдайын, ата-аналардың мәдени деңгейін атайды. , отбасылық қарым-қатынас және педагогтардың жетіспеушілігі.

Сонымен қатар үлгермеуші білім алушыларды үш топқа бөлуге болады:

1. Барлық пәндерден үлгермейтін білім алушылар.
2. Негізгі пәндерден ұзақ уақыт үлгермейтін білім алушылар.
3. Кей кездерде үлгермейтін білім алушылар.

Білім алушылардың ұзақ уақыт үлгермеуінің себебі, психикалық функцияның әлсіз, нашар дамуында білім алушылардың есте сақтау мен зейін ерекшеліктерінің айырмашылығы айқын көрініс алады.

Білім алушының ойлау әрекеті сапасының жоғарылығы оқуға деген теріс қатынасының болуы және білім алушының бағыттылығы толық емес жарым – жартылай болуы.

Білім алушының ойлау әрекетінің сапасының төмендігін, оқуға деген теріс қатынастың болуы және білім алушының бағыттылығы жарым- жартылай емес толық жойылуы. Осы ерекшеліктер үлгерімі төмен білім алушылардың типтерін анықтайды және үлгермеушіліктен құтылудың жолын көрсете алады. Үлгерімі төмен білім алушылардың танымдылық белсенділігін арттыруда педагог тарапынан шығармашылық пен ізденісті қажет етеді. Білім алушылардың таным үрдісін тиімді ұйымдастыру арқылы оқу белсенділігін және танымдық қызығушылығын дамыту жөнінде зерттеулер қатарына психологиялық тұрғыдан: С. Рубинштейн, Л. Эльконин, В. Давыдов педагогикалық жақтан Ю.Бабанский, Г. Щукина, ал әдістемелік тұрғыдан Н. Хмель, А. Әбілқасымова жатқызуға болады.

Педагогика мен психологияда мектепте оқытудың сәттілігіне әсер ететін факторларды, оқуда туындайтын әр түрлі қиындықтардың себептері, білім алушылардың үлгерімінің төмен нәтижелері, оқудағы қиындықтардың себептерін анықтаудың мүмкін жолдары, олардың психологиялық-педагогикалық түзетулері және мектептегі сәтсіздіктің алдын алудың негізгі бағыттары туралы үлкен тәжірибе жинақталған.

Ұсынылған әдістемелік ұсыныстарда үлгермеушілік және үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыста қолдануға болатын диагностикалық, түзетулер мен алдын алу құралдары сипатталған және үлгермеудің негізгі типологиялары жинақталған.

Білім алушылардың үлгермеушіліктерін сәйкестендіру көбінесе формальды көрсеткіш – білім алушының оқу іс-әрекетінің нәтижелері негізінде құрылады, олар оқу процесінің талаптарынан төмен. Дәл осындай үлгермеушілік туралы түсінік классикалық идеялардың негізінде жатыр.

Барлық үлгерімі төмен білім алушыларға, ең алдымен, оқу процесінде өзін-өзі ұйымдастырудың әлсіздігі тән: оқу жұмысының қалыптасқан тәсілдері мен тәсілдерінің болмауы, оқуға деген тұрақты қате көзқарастың болуы. Оқуға деген мұндай көзқарас интеллектуалды жүйелік жүктемеге әкеледі, бұл өз кезегінде осы білім алушылардың ақыл-ой дамуының едәуір төмендеуіне әкеледі және олардың сыныптастарынан артта қалуын одан әрі күшейтеді. Үлгермеген білім алушылардың өзін-өзі ұйымдастыруының төмендігі есте сақтау, қабылдау, қиял сияқты психикалық функцияларды игерудің төмен деңгейінде, сондай-ақ олардың назарын ұйымдастыра алмауда, әдетте, сабақтарда үлгермеген білім алушылар ұқыпсыз болады. Оқу материалын қабылдай отырып, олар оны суреттер, суреттер түрінде қалпына келтіруге тырыспайды.

Үлгермеушіліктің пайда болуына әкелетін әр түрлі себептерге қарамастан, үлгермеушілік және үлгерімі төмен білім алушылардың типологиясын дамытуға мүмкіндік беретін көптеген ортақ белгілері бар. Оқуда артта қалған білім алушыларды қандай да бір типологиялық топқа жатқызу неғұрлым нақты мүмкіндік береді және онымен түзету жұмыстарының жолдарын нақты анықтайды.

1 түрі. Оқуға деген оң көзқарасы бар және білім алушы позициясын сақтайтын ақыл-ой әрекетінің төмен сапасымен сипатталатын үлгерімі төмен білім алушылар.

Сипаттамалары: ойлау процесінің әлсіз дамуы (анализ, синтез, салыстыру, жалпылау және нақтылау) оқу материалын меңгеруде елеулі қиындықтар туғызады, бұл білім алушылар арасында психикалық мәселелерді шешуде жеңілдетілген тәсілдің пайда болуына ықпал етеді. Бұл тәсіл арқылы білім алушылар оқу тапсырмаларын өздерінің шектеулі мүмкіндіктеріне қарай бейімдейді немесе ақыл-ой жұмысынан мүлде қашады, соның салдарынан ақыл-ой дамуы тежеліп, оқу дағдылары қалыптаспайды.

Бұл түрдегі білім алушыларға тапсырманы шешудің нақты алгоритмі берілуі керек, оларға тапсырманы орындау үшін егжей-тегжейлі нұсқаулар қажет, танымдық іс-әрекеттің әдістерін (салыстыру, жалпылау, себеп-салдар байланыстарын ашу әдістері, жіктеу және т.б.).

2 түрі. Оқуға деген теріс көзқарасы бар және білім алушының позициясын ішінара немесе толық жоғалтқан психикалық белсенділік салыстырмалы түрде жоғары деңгейде дамыған білім алушылар.

Сипаттамалары: мектепке жақсы интеллектуалдық дайындықпен, жақсы оқуға деген ұмтылыспен келеді. Дегенмен, олар тек өздеріне ұнайтын нәрсені істеуге дағдыланған. Оқу-тәрбие жұмысына неғұрлым кең және тұрақты мотивация болмаған жағдайда, олар меңгеруі жүйелі және қажырлы еңбекті қажет ететін (тіл, математика), ауызша пәндердегі тапсырмалар үстірт игерілетін пәндерде белсенді ақыл-ой жұмысынан аулақ болады.

Осымен қатар оларда жұмысқа белгілі бір көзқарас қалыптасады: оның ұқыпсыз орындалуы, төмен қарқыны. Оқудағы үлгермеушілік сөзсіз моральдық қақтығысқа әкеледі. Бұл олардың кең интеллектуалдық мүмкіндіктері мен осы мүмкіндіктердің әлсіз жүзеге асуы арасындағы қарама-қайшылыққа байланысты туындайды, бұл өз бетінше оқу дағдыларының жеткіліксіздігімен түсіндіріледі.

Жұмыс оқуға деген теріс көзқарасты жеңуге және оқуға деген оң мотивацияны қалыптастыруға негізделген.

Бұл мақсатқа жету үшін сабақта іс-шаралардың тұтас жүйесін әзірлеуді және жүзеге асыруды талап етеді: материалды қызықты түрде баяндау, сабақта алған білімнің адам өміріндегі құндылығын ашу, табысқа жету жағдайын жасау, өзіне деген сенімділікті арттыру, сабақ және үй тапсырмасын орындау кезінде күрделілік, тапсырмалардың формалары мен түрлерін таңдау жағдайы және т.б.

3 түрі. Оқуға деген теріс көзқарасы бар ақыл-ой әрекетінің сапасының төмендігімен және білім алушы позициясын толық жоғалтуымен сипатталатын үлгерімі төмен адамдар мектепті тастап кетуге ұмтылуда көрінеді. Оқу қабілетінің төмендігімен сипатталады. Ойлау процестерінің әлсіз дамуы оқу материалын меңгеруде елеулі қиындықтар туғызады. Ойлаудың тарлығы өте айқын көрінеді. Танымдық іс-әрекеттің мотивациялық жағының әлсіз дамуы танымдық қызығушылықтардың жоқтығынан, тұлғаның жалпы бағыттылығының сипатында көрінеді. Осы қасиеттердің жиынтығы білімге, мектепке, мұғалімдерге деген теріс көзқарасты, сонымен қатар мектептен кетуге деген ұмтылысты анықтайды [39].

Осылайша, үлгермейтін білім алушылардың типологиясы, бір жағынан, типтік себептер негізінде үлгерімі төмен білім алушыларды сүйемелдеудің дәлелденген, тиімді құралдарын таңдауға мүмкіндік береді, бірақ екінші жағынан, үлгермеушілік полисебептілігі жағдайында кедергі болады. Бұл әдеттегі жағдайлардан асып түседі. Бұл өз кезегінде мұғалімдердің диагностикалық, түзету және профилактикалық құралдарды меңгеру қажеттілігін өзекті етеді.

Білім алушылардың әртүрлі санаттарымен атаулы жұмысты ұйымдастыруға кедергі келтіретін факторларға мыналар жатады:

1. *Педагогикалық ықпал етудің бағыттылығы:* монокаузалдылық, білім алушылар санасының когнитивті компонентін дамыту, білім алушылардың атаулы топтарының спецификалық сипаттамаларын ескермейді. Біз құбылыстың бір себебі ретінде қарастыратын монокаузалдылық, біздің ойымызша, білім алушылармен атаулы жұмысты ұйымдастыруға кедергі келтіретін фактор болып табылады. Психологиялық-педагогикалық жағдайлардың көпшілігінде поликаузалды (көп себеп) табиғат бар, бұл білім алушылардың әртүрлі топтарын қолдау немесе қолдау шараларын таңдау кезінде әрдайым ескерілмейді. Психологиялық-педагогикалық әсерді ұйымдастыру, әдетте, білім алушының санасын дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, шаралардың көпшілігі аффективті және мінез-құлық компоненттеріне әсерін азайта отырып, сананың когнитивті («білім») компонентін дамытуға бағытталған. Көбінесе психологиялық-педагогикалық әсер білім алушылардың әртүрлі санаттарының психологиялық-педагогикалық сипаттамаларын ескерусіз жүзеге асырылады.

2. *Білім алушылардың әртүрлі санаттарымен жұмыс жасауда алдын алу шаралары жүйесінің болмауы.* Көбінесе, білім беру ұйымдары қабылдаған шаралар олардың алдын-алуға емес, пайда болған және пайда болған проблемалар мен қиындықтарды (фактіден кейін) жеңуге бағытталған алдын-алу.

3. *Білім алушылар тобының ерекше мәселелерін шешу бойынша мамандардың өзара іс-қимылының ұжымдық нысандарының болмауы немесе барынша азайтылуы.* Педагогтердің, педагог-психологтардың және т.б. өзара іс-қимылының топтық нысандарын барынша азайту, әдетте, педагогті психологиялық-педагогикалық проблемаларды, оның ішінде білім алушылардың үлгермеушілігіне байланысты проблемаларды шешумен бір-біріне қалдырады.

4. *Мұғалімнің жеке психологиялық ерекшеліктерімен байланысты субъективті факторлар.* Білім беру ұйымында үлгерімі төмен және үлгерімі нашар білім алушыларға атаулы көмек моделін әзірлеудің бастапқы ережелерін қарастырады.

Мақсатты жұмыс – арнайы әзірленген бағдарламалар арқылы жеке немесе топтық түрде жүзеге асырылатын дағдыларды түзетуге, алдын алуға немесе дамытуға бағытталған алдын-алу шаралары жүйесі.

Ұйымдастырушылық механизмі – басқарудың ұйымдастырушылық құрылымына негізделген білім беру сапасын басқарудың функциялары мен принциптерін жүзеге асыру үшін басқару әрекеттері мен әдістерінің арнайы құрылған, негізделген логикалық дәйектілігі.

Атаулы жұмысты іске асыру шарттары – педагогтердің психологиялық-педагогикалық (оның ішінде инклюзивті) технологияларды игеруі және қолдануы.

Педагогикалық технология – бұл алдын-ала жобаланған оқу процесін тәжірибеде жүйелі түрде жүзеге асыру.

Алдын алу – бұл мектептің барлық білім алушыларының дамуына белсенді ықпал етуге бағытталған педагогикалық қызметкерлердің арнайы қызметі.

Түзету – бұл мінез-құлық тәсілдерін және жеке тұлғаның кез-келген жеке психологиялық ерекшеліктерін өзгертуге бағытталған, оның қоршаған ортаға бейімделуіне әкелетін негізделген психологиялық-педагогикалық әсер.

Білім беру үдерісі субъектілерінің өзара әрекеттестігі белгілі бір баламен байланысты жағдайға балаға бағытталған модельге негізделуі керек [1].

Сонымен қатар, мамандардың өзара әрекеттесуінің негізгі формасы психологиялық-педагогикалық кеңес болуы керек. Психологиялық-педагогикалық консилиум-психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу арқылы білім алушыларды оқытудың, дамытудың, әлеуметтендірудің және бейімдеудің оңтайлы жағдайларын жасау мақсатында білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйымның басшы және педагог қызметкерлерінің өзара іс-қимылының осындай нысаны. Консилиум қызметін жандандыру кейіннен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру туралы шешімдер қабылдау үшін білім беру бағдарламаларын меңгерудегі қиындықтарды, даму ерекшеліктерін, білім алушылардың әлеуметтік бейімделуі мен мінез-құлқын анықтауды қамтамасыз етеді.

Көмек көрсету моделінің негізі психологтардың кәсіби қызметінде белсенді қолданылатын сүйемелдеу моделі болуы мүмкін.

Түзету/профилактикалық әсер ету жағдайында білім алушылармен адрестік жұмыс модельдерінің мүмкін нұсқалары болуы мүмкін:

- Тереңдетілген психологиялық-педагогикалық диагностика арқылы білім алушылардың қиындықтарын анықтау.

- Гипотезаларды/диагнозды тұжырымдау арқылы қиындықтардың себептерін анықтау.

- Психологиялық-педагогикалық түзету / психологиялық-педагогикалық профилактика бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру.

- Түзету / алдын алу бағдарламаларының тиімділігін бағалау.

Осылайша, үлгерімі төмен білім алушыларды оқу-әдістемелік сүйемелдеу әрбір білім алушыға сараланған тәсілді жүзеге асыратын, оқытудың барлық кезеңі ішінде оның жеке білім беру траекториясын құратын және талдайтын білім беру сапасын бақылаудың сараптамалық жүйесі ретінде жұмыс істейді.

Сабақта өзіндік жұмысты ұйымдастыруда сараланған тәсілді қолдана отырып, үлгерімі төмен білім алушыға мүмкін болатын жеке тапсырмаларды қосу керек, оны қысқа мерзімді сабақ жоспарында бекіту керек.

Үлгермеуші білім алушыға көмек көрсетудің тиімді жолдарын айқындауда ең алдымен білім алушының мектептегі проблемаларының себептерін және оқу-танымдылық іс-әрекеті мен жүріс-тұрысына тән ауытқулардың ерекшеліктерін түсіну қажет. Осының нәтижесінде баланың жалпы дамуына, бағдарлама талаптарына танымдылық мүмкіндіктерінің сәйкестігі білім алушыға кешенді бағалау психо-педагогикалық және медициналық көмек көрсету жолдарын айқындайды.

Н. Добролюбов былай деген: «...нағыз тәрбиеші бәрін білуге тиіс, сонымен бірге ол тәрбиеленушіні ойландыратын барлық сұрақтарды алдын ала шеше білуге, бала жанын мазалайтын барлық ойлар мен пікірлерді, қиындықтарды, тұжырымдарды талдап, талқылай білуі тиіс». Ол үшін педагог қазіргі заманғы ғылым негіздері жайлы жан-жақты, терең біліммен қарулануға, оқу пәнінің мазмұнын мүлтіксіз білуге, өз мамандығымен байланысты басқа ғылым салалары жайлы хабардар болуы тиіс. [39]

Мектеп психологтарының бұл істегі атқаратын міндеті қандай? Енді соған қысқаша тоқталсақ, ең алдымен, психологтар педагог пен сынып жетекшісінің жұмысымен танысуы керек (үлгермеу себептерін айқындау, біліміндегі олқылықтар сипаты) Білім алушылардың үлгермеушілігінің себептерін зерттеу мақсатындағы мектепте педагогикалық дөңгелек үстелдер, семинар, тренингтер өткізілуі тиіс. Олардың тақырыптары: «Нашар үлгеретін және үлгермейтін білім алушыларға білім беру үрдісін белсендіру», «Үлгермеушілікті болдырмау және алдын алу жөніндегі ұстаздар қауымының іс-әрекеті», т.с.с. бұл шараларда білім алушыны зерттеудің жалпы бағдарламасы қарастырылып, пікірлер тыңдалып, үлгермеушілік себептерінің айқындалуы және жеке білім алушыны оқыту мен тәрбиелеуді жетілдіру шаралары қарастырылуы қажет. Бұл жұмыстар білім алушы үлгермеушілігінің себептерін білуге, алдын алуға бағыт береді, көмектеседі.

Бастауыш білім беру

Жалпы білім деңгейіне қойылатын талаптардың ұдайы артуы мектептегі үлгермеушілік мәселесін шиеленістіріп жіберді. Түрлі себептермен оқу

бағдарламасын белгіленген уақытта және қажетті көлемде меңгере алмай жүрген білім алушылар саны күрт артып келеді. Бастауыш сыныпта үлгермей қалу баланың қалыпты дамуы үшін қиындықтар туғызады, яғни негізгі тақырыптарды түсінбей қалған білім алушылар орта буында білім көлемінің ұлғаюына төтеп бере алмайды және кейінгі кезде оқу үрдісінен «түсіп қалады».

Үлгермеушіліктің себептері қандай және үлгерімі төмен балалармен жұмысты қалай ұйымдастыру керек? Сәтсіздік деген не? Жұмыстың қандай формалары мен әдістері қажет?

Үлгермеушілік- нормативтік критерийлерге сәйкес келмейтін және баланың оқу материалын толық меңгере алмауының нәтижесі болып табылатын мектептегі білім берудің тиімділігі.

Педагог және психолог П.П. Блонский мектеп білім алушыларының жалпы типологиясын құра отырып, үлгерімі төмен мектеп білім алушыларының түрлерін бөліп көрсеткен. Бірінші түрін ол “ жаман білім алушы” деп атады. Үлгермеушілердің бұл түріне жататын білім алушыларға мынандай қасиеттер тән:

- 1) білім алушы тапсырманы немқұрайлы қабылдайды, бірақ мұғалімге сұрақ қоймайды, түсінбей қалған жерлерін түсіндіруін сұрамайды;
- 2) енжар жұмыс істейді (еңбектің келесі түріне өту үшін үнемі ынталандыруды қажет етеді);
- 3) өзінің сәтсіздіктері мен қиындықтарын байқамайды;
- 4) мақсаты туралы нақты түсінігі жоқ, өз жұмысын жоспарламайды және ұйымдастырмайды;
- 5) не өте баяу жұмыс істейді, не бірте-бірте баяулайды;
- 6) жұмыс нәтижесіне немқұрайлы қарайды. [45]

Үлгерімі төмен білім алушының бұл қасиеттері оның оқу үрдісіндегі белсенділігін сипаттайды, сондықтан оларды үлгермеушіліктерін анықтауда қолдануға болады.

Үлгермеушілікке әкелетін екінші түрі патологиялық деп аталады- бұл эмоциональды, көбінесе оқуда сәтсіздікке ұшырайды, басқалардан өзіне деген ерекше көзқарасты кездестіретін мектеп білім алушылары.

Олар жұмысқа кіріспес бұрын “ қолымнан келмейді” дейді, басқалардың мақұлдауын қажет етеді, қиындықтар мен сәтсіздіктерге төтеп беру қиынға соғады.

Сәтсіздіктің психологиялық себептері арасында мыналарды атап өтуге болады:

- оқу әрекетінің қалыптаспаған әдісі;
- психикалық процестердің жеткіліксіз дамуы.

Бала мектептен келіп, үй тапсырмасын орындауға келген кезде жаңа оқу әрекетін орындау қажеттілігімен бетпе-бет кездеседі. Ол өз бетімен жұмыстың дұрыс әдістерін табуға әрқашан дайын емес.

Бастауыш сынып білім алушыларының белгілі бір оқу пәнін игерудегі артта қалуын келесі белгілер арқылы анықтауға болады:

- 1) себеп-салдар арасында байланыс орната алмайды;
- 2) өз уақытын ұйымдастыра алмайды;

3) оқу- тәрбие тапсырмаларын орындауға жігерлі күш сала алмайды.

Үлгерімі төмен балалардың көңілі жиі ауытқиды, өте қозғалмалы, мазасыз, тез шаршайды және жұмыс қарқыны баяу; олар жиі құрбыларымен, мұғалімдерімен қақтығысады, оқу әрекетінде күш салудан бас тартады.

Оқудағы үлгермеушіліктердің алдын алу үшін білім алушылардың білім, білік, дағдыларында туындайтын олқылықтарды дер кезінде анықтап, осы олқылықтарды дер кезінде жоюды ұйымдастыру қажет.

Бастауыш сынып білім алушыларының сабаққа деген шынайы қызығушылықтарын ояту үшін, оларды ынталандыру үшін белсенді қимылмен байланысты әртүрлі дидактикалық ойындарды қолдану көмектеседі. Бұл қол соғу, жүгіру, жүру, сүйек, доп лақтыру, т.б. болуы мүмкін. Бұл да сабаққа деген жағымды эмоционалды көзқарасты қалыптастырады. Әрине, қимыл-қозғалысқа негізделген дидактикалық ойындар сабаққа қойылатын дидактикалық талаптарды ескеруі керек, яғни ол тәрбиелік сипатта болуы, дидактикалық мақсаты болуы және сабақ материалдарымен байланысты болуы керек.

Нашар, жақсы үлгеретін білім алушыларды бақылау түрлері

Сабақтағы бақылау бағдарламасы. Білім алушылардың үлгермеушілігін болдырмауға бағытталған шаралар жүйесі. Сынып білім алушыларына төмендегідей сұрақтар қойылады:

- сыныпта достық қарым-қатынастар жағдайы жасала ма?

- тақта алдында жауап беру кезінде білім алушыларға көмекші құралдар қолдануға рұқсат етіле ме?

- тақырыптың негізгі бөлімдеріне ерекше мән беріле ме?

- білім алушылардың үнемі қайталанатын қателеріне назар аударыла ма?

- білім алушылардың жауабын көтермелеу тәсілі қолданыла ма?

- жетістікке жетуге жағдай жасала ма?

Жаңа тақырыпты түсіндіру кезінде:

- Нашар үлгеретіндерге жаңа тақырыпты баяндау жылдамдығы қиындық туғызбай ма?

- Жаңа тақырыптың негізгі мәселелері ерекше айтылып көрсетіле ме?

- Мұғалім нашар үлгеретін білім алушылардың жаңа тақырыпты түсіну деңгейін анықтап ескере ме?

- Тақырыпқа қызығу туғызатын техникалық, т.б. құралдар қолдана ма?

- Нашар үлгеретін білім алушылар әңгімеге тартыла ма?

Жаттығу кезінде:

- Өз бетімен жұмысқа арналған жаттығулар дұрыс таңдалды ма?

- Нашар үлгеретіндерге өз бетімен жұмыс кезінде көмек көрсетіле ме?

- Білім алушылардың қабілеті ескеріле ме?

- Өз бетімен жұмыс кезінде білім алушылар өзін тексеруге дағдыланған ба?

Үй тапсырмасын түсіндіру кезінде:

- үй тапсырмасының көлемі сол сыныпқа сай ма?

- Үй тапсырмасына қатемен жұмыс енгізілген бе?

- Мұғалім үй тапсырмасын нақты, жете түсіндіре ме, кездесер қиындықтар жөнінде ескерте ме?

- Нашар үлгеретін білім алушылар үшін жеке тапсырмалар қарастырылған ба?

Білім берудің қай сатысында болмасын оның негізгі көрсеткіші – сапасы. Осыны ескере отырып, жинақталған іс-тәжірибелер мен әдіскер, ғалым-ұстаздардың зерттеулерін негізге ала отырып білім алушылардың оқу үлгеріміне, біліктілігіне әсер ететін негізгі жағдайларды қарастыра отырып, төмендегі сызбаны құрастырдық.

Білім алушының оқу үлгеріміне әсер етуші жағдайлар



Әрбір жеке тұлғаның қалыптасуына әсер етуші күш – қоғам, мемлекет екені айқын. Білім сапасына қоршаған ортаның, ата-ананың және ұстаздар қызметінің, тіпті білім алушының психологиялық көңіл-күйі мен ынта-жігері, талабы да әсер ететіні сөзсіз. Бұл сызбаны тұтастай ағза деп алатын болсақ, ағзаның қалыпты жұмыс жасуы үшін әрбір бөліктің атқарар қызметі орасан зор. Үлгерімге әсер ететін жағдайлардың бірі – білім алушының ынта-жігері мен табандылығының, талпынысының бірлігі, оның мінезіне, мүдделері мен құштарлығына көп көңіл аудару мұғалімнен талап етіледі.

Білім алушыны үлгеріміне ықпал етуші қоршаған орта дегенді кең мағынада қолдануға болады. Оған табиғат, жан-жағындағы жолдастары барлығымен орнатылған тығыз қарым-қатынас жақсы нәтиже береді. Сол сияқты денсаулықтың да сабақ үлгеріміне әсері зор.

Білім алушылардың үлгерімін жақсарту бағытындағы жүргізілетін жұмыс түрлері

Үлгерімін жақсартуды қажет ететін білім алушы кім? Жүргізілетін жұмыс түрлері

Әлеуметтік жағдайы төмен Ата-ана баланың жағдайын жасауға көмектесе алмайды. Өзі күнде ішкілікке салынып жүреді. Ішкіліктен арылу жолдарынан көмек көрсету. Мектеп тарапынан көмекке келу.

Мұғалім мен ата-ана байланысының төмендігі Мектепте ата-ананы қызықтыратын іс-шаралар ұйымдастыру. Ата-анамен жиі қарым-қатынаста болу жолдарын қарастыру. Айына бір-екі рет ата-ананың сабаққа қатысуына мүмкіндік жасау. Мұғалім өз талаптарын жете білу. Баланың төмендеу себептерін ата-анаға баласының іс-әрекет барысында ашып көрсете білу

Денсаулығының нашарлығы Денсаулық – зор байлық. Ендеше денсаулығы дұрыс бала болмаса, баланың сабақты қабылдау деңгейіне кедергі келтіреді. Мектепке бала қабылданғанда әр мұғалім өз алдындағы баланың денсаулығын жетік білуі қажет. Мектеп дәрігерлерімен бірлесе отырып, балалардың денсаулық куәлігімен таныса отырып, ауру себептерін білу. Диагностикалық карта жасап, ауруды алдын ала пән мұғалімдеріне мектеп басшыларына ескерту.

Еріншектік пен жалқаулықтың қалыптасуы Бұл кемшілік ата-ана мен мұғалім тарапынан кетуі мүмкін. Бұл көбінесе ата-ананың тарапынан жиі қадағалаудың болмауынан туындайды. Мұғалім тарапынан баланың психологиялық жағдайын жетік білмегендіктен, пәнге белсенділік пен қызығуын жоғалтады. Сондықтан кемшілікті алдын алып тез жою үшін білім алушы бойында ерінбей еңбек етуге, кітап оқуға, оқығаннан жазбаша түрде жазып беруге, өлең, мақал-мәтелдерді жатқа айтуға, жұмбақтарды шешуге бала кезден қалыптастыру керек. Жалқаулықты бала бойында болдырмау үшін үнемі жасаған істеріне баға беріп, еңбекпен келген нанның тәтті болатынын сездіру керек.

Ата-ана қадағалауының төмендігі білім алушының оқу сапасының төмендеуіне әсер етеді. Ата-ана мен мұғалім арасындағы жиі қарым-қатынас ата-ана қадағалауына мүмкіндік ашады.

Сабақты себепсіз босатуы Ата-ана қадағалауының аздығы, ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастың төмендігі баланың жаман қылықтарға әуестенуіне жол ашады. Сол себепті мұғалім баланың сабақтан қалу себептерін айқындап ашып, ата-анасымен кездесіп, пікір алысуы және мектеп басшысына осы жайында хабарлама түсіріп отыруы керек.

Білім алушының мектептегі және үй ауласындағы достарын біліп отыру. Жас жағынан үлкендермен араласпауын қадағалау. Баланың басқа ортаның адамдарымен араласуын болдырмау. Бос уақытын көшеде не аулада өткізуіне жол бермеу, баланың мектептен тыс уақытында үйірмелерге, спорт түрлерінің секцияларын сынып балаларымен бірге баруын қалыптастыру.

Жұмыс түрлерін ұйымдастыруда білім алушылардың үлгерімін жақсарту барысында үш түрлі бағытты атап көрсетуге болады. Осы үш бағыттың

бірлігінде жұмыс үнемі орындалса, мұғалімдер қиыншылыққа ұрынбас еді. Олар: психо-педагогикалық, медико-биологиялық және әлеуметтік бағыттар.

Бұл бағыттар білім алушының даму дәрежесіне, сабаққа қатысуына, оқу үрдісіне жеке білім алушының өз қабілеті мен мүмкіншілігін пайдалану жолдарын ашуға көмек береді.

Білім алушылармен жұмысты ұйымдастырудың технологиялық картасы
Жұмыс түрлері Қашан? Не үшін? Не жүргізіледі? Қалай?

Сабақ үстіндегі жұмыс Білім алушының даму деңгейін әрі қарай дамуының жақын аймағын анықтау. Үнемі білім алушының пәндерді меңгеруін, нәтижелерін есепке алып отыру, диагностикалау. Ақыл-ой дамуы артта қалмауы үшін, пәнді мезгілінде оқып отыруы үшін Сыныпта микроклимат жасау іс-әрекетін алгоритмдеу. Сабақтан қалуға байланысты білімдегі олқылықтарды болдырмау. Қызығуды арттыру. Оқытудың мотивтерін қалыптастыру. Бақылау картасы. Жаппай сұрауды қосу. Топтарда жұмыс істеу, дайындық кеңестері, білімді түзету сабақтары, тірек конспектісі, пәндер бойынша карточкалар.

Сабақтан тыс жұмыстар Қиындықтар туған кезде:

1. Жаңа тақырыпты меңгеру.
2. білімдегі олқылықтарды анықтаған кезде 1. Үлгермеушілікті болдырмау.

2. Білімдегі олқылықтарды жою
3. Оқуға қызығуды қалыптастыру Нашар үлгермеушілермен жұмыстағы жеке тұлғалық әдіс. 1. Жеке және топтық кеңестер

2. Үй тапсырмасын орындауға көмектесу. Үйірмелерге қатысу, шығармашылық тапсырмалар

Тәрбие жұмысы Пән мұғалімдерінің бақылауларына үнемі сүйене отырып 1. Білім алушының жеке тұлғасын қалыптастыру.

2. Оқуға қызығуды қалыптастыру 1. Жеке тұлғалық әдіс.

2. Мәдениет технологиясы арқылы білім алушыларды мәдениеттілікке баулу. Барлық ортада мәдениетті болу дағдысын қалыптастыру 1. Үйірмелерге, жорықтарға, өзін-өзі басқаруға тарту.

2. Сынып сағаттарын өткізу.

3. Қызығуына сүйену.

Ата-аналармен жұмыс Үй тапсырмасын орындамағанда, сабақ босатқанда, т.б. жұмыс үздіксіз жүреді. Ата-аналарға педагогикалық көмек көрсету, үлгермеушіліктің себептерін анықтау. Балалардың біліміне деген бірінғай талаптардың сақталуы Білім алушының үлгермеу себептерін анықтау. Үлгермеушілікті болдырмау жөнінде ата-аналарға кеңес.

Мұғалімдерге арнап үнемі семинарлар ұйымдастыру. Ата-аналарға талаптарды түсіндіру. Ата-аналарды педагогикалық сауаттандыру, түзету жұмыстары. Жеке жұмыстар. Интеллектіні дамыту үшін зияткерлік және танымдық ойындар қолданылады- басқатырғыштардың барлық түрлері, сөзжұмбақтар, ребустар. Бұл ойындардың ішінде жұмбақ ойындары бастауыш сынып білім алушыларының арасында кеңінен таралған. білім алушылар тек жұмбақтарды табу ғана емес, сонымен қатар осындай интеллектуалдық

сайыстың нәтижесінде де қызығушылық танытады. Болжау үрдісін білім алушының ақыл-ой қабілетін жаттықтыратын гимнастика түрі деп атауға болады. Жауаптардың ішінен сөзжұмбақтар, лото, викториналық сұрақ-жауаптар, лотерея түрінде ойын ойнауға болады.

Сабақтарда «сөздерді түрлендіру үшін» әртүрлі ойындарды қолдануға болады. Мұндай ойындар білім алушылардың орфографиялық қабілетін дамытады, кейбір қателерді болдырмауға мүмкіндік береді және грамматикалық ережелерді қайталауға және бекітуге мүмкіндік береді. Осыған ұқсас ойындар сөйлеуді дамытуға бағытталған.

Оқытудың тиімділігін арттыру, оқудағы артта қалу мен оқудағы үлгермеушіліктердің алдын алу үшін мұғалім танымдық қызығушылықты мақсатты түрде дамытуға ерекше мән беруі керек. Әсіресе, білім алушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру үшін бейнелі, жарқын, қызықты оқу материалын іріктеу, осы материалды оқу мысалдары мен тапсырмаларының жалпы түріне қосу маңызды. Бұл әдісті қолдану оқу іс-әрекетіне оң көзқарасты қоздыратын сыныпта эмоциональды көтерілу атмосферасын құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар сабақтарды әдеттен тыс өткізуге көмектеседі, мысалы, саяхат сабақ ойыны, ауызша журнал, КВН сабағы түріндегі математика сабағы.

Проблемалық жағдаяттарды қалыптастыру сабақты қызықты әрі тартымды етеді. Қызықты практикалық жаттығуларды, экскурсияларды, бақылауларды үйренуге, сондай-ақ балалардың сабақтан және мектептен тыс іс-шараларға белсенді қатысуын айтарлықтай ынталандырады.

Сабақта өзін-өзі бақылаудың және өзара бақылаудың әртүрлі түрлерін ұйымдастыру өте маңызды: білім алушыларға сыныптастарынан сұрау құқығын беру. білім алушыларға диктанттарды өздері құрастыруға, диктант жазуға, бір-бірінің өзіндік жұмысын тексеруге, партаға тапсырма беруге, тапсырмаларды түсіндіруге, презентациялар жасауға және хабарламалар жасауға мүмкіндік беруге болады. Жарыс сәті де білім алушыларды ынталандыра алады, мысалы, кез келген тапсырманы жақсы орындаған адам диктант жазады.

Жеке жұмысты ұйымдастыруда әртүрлі күрделіліктегі карточкалар, перфокарталар, жадына алар, анықтамалық карталар, қазақ тілі, математика және жаратылыстану сабақтарында оқытылатын барлық тақырыптар бойынша алгоритмдер көмек көрсетеді. Карточкаларды пайдалану балалардың сабақтағы жұмысқа деген қызығушылығын арттырып қана қоймайды, сонымен қатар білім алушының білім деңгейін, оқу материалын оқудағы қиындықтардың сипатын жүйелі түрде есепке алуға көмектеседі.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс істегенде есте сақтау керек кеңестер:

1) «Жетістіктері нашар» білім алушыларға сауалнама жүргізу кезінде оларға жауап алгоритмін беру қажет; үй тапсырмасын орындау кезінде құрастырылған жоспарды пайдалануға мүмкіндік беру; тақтада жауапқа дайындалуға көбірек уақыт беріңіз; қысқаша алдын ала ескертулер жасауға, көрнекі құралдар пайдалануға мүмкіндік беру.

2) Мүмкіндігінше білім алушыларға жетекші сұрақтар қою арқылы материалды жүйелі түрде жеткізуге көмектесіңіз.

3) Білім алушы қандай да бір себептермен қатыспаған сабақтардың тақырыптары бойынша материалдардың игерілуін тексеру міндетті.

4) Сауалнама кезінде және оның нәтижелерін талдау кезінде ізгі ниет атмосферасын құру.

5) Үлгермеуші білім алушылардың ерекшелігін, атап айтқанда, бірдене түсініксіз болған жағдайда сұрақ қоюға құлықсыздығын ескере отырып, жаңа материалды оқу барысында білім алушылар зерттелетін тақырыптың ең қиын бөлімдеріне назар аударуы керек. Оқу материалын түсінгендерін нақтылау, жаңа материалды меңгеруде қиындық туғызған жағдайда білім алушыларды ынталандыру үшін жиі сұрақтар қойып отыру қажет.

6) Сабақтағы өздік жұмыс барысында үлгермеуші білім алушыларға ауызша жауаптарда немесе жазбаша жұмыста жіберген қателерін жоюға бағытталған жаттығуларды беру ұсынылады.

7) Білім алушыларды жиі мадақтаңыз, бұл әсіресе эмоциональды тәуелді білім алушылар үшін маңызды. Олардың жұмысындағы жағымды сәттерді, қиындықтарды атап өту және оларды жою жолдарын көрсету, оқудағы дербестікті дамытуға көмек көрсету қажет.

Үлгермеуші білім алушылармен жұмыс жасағанда мұғалім психологтар әзірлеген келесі ережелерге сүйену керек:

1. Үлгермеуші күтпеген сұрақтың жағдайына қалдырмаңыз және одан тез жауап беруін талап етпеңіз, білім алушыға ойлануға және дайындалуға уақыт беріңіз.

2. Жауаптың ауызша емес, жазбаша болғаны жөн.

3. Шектеулі уақыт аралығында түсінуге арналған көлемді, алуан түрлі, күрделі материалды беру мүмкін емес, оны игерген сайын жеке ақпараттық бөліктерге бөліп, біртіндеп беруге тырысу керек. Мұндай білім алушыларды жаңа ғана меңгерілген материал бойынша сұрақтарға жауап беруге мәжбүрлеуге болмайды, білім алушыларға үйде оқуға мүмкіндік бере отырып, сауалнаманы келесі сабаққа қалдырған дұрыс.

4. Сауалнамалардың дұрыс тактикасы мен марапаттау арқылы (тек бағалау арқылы емес, сонымен қатар «өте жақсы», «жақсы», «ақылды» сияқты ескертулер арқылы т.б.) мұндай білім алушыларда өз қабілетіне, біліміне, оқу мүмкіндігіне деген сенімді қалыптастыру қажет. Бұл сенімділік білім алушыға жиынтық бағалау, тест жазу және т.б. төтенше стресстік жағдайларда көмектеседі.

5. Білім алушылардың сәтсіздіктерін бағалауда мұқият болу керек, өйткені олар сезімтал болып келеді.

6. Білім алушының жауабын дайындау барысында оған жазылған жұмысын тексеріп, түзетуге уақыт беру керек.

7. Білім алушының назарын ең аз дәрежеде де оның назарын басқа жаққа аудармауға тырысу керек, тыныш орта құруға тырысу керек.

5-сыныпта «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 4-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін негізгі орта білім беру деңгейінің 4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік

оқу бағдарламасын қарастырамыз [14]. Оқу бағдарламасына сәйкес 4-сыныпта 5 бөлім қарастырылады. Тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдік бағдар. Бес бөлімге қатысты 4-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (2-кесте)

8. 1) «Тыңдалым» бөлімі:

Білім алушылар:	
	оқу мақсаттары
Бөлімше (түйінді дағдылар)	4-сынып А2 – бастапқы деңгей
1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну	4.1.1.1 анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру
1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	4.1.2.1 бейтаныс сөздер мен сөз тіркестері бар мәтіннің мағынасын мәнмәтінге қатысты анықтап түсіну
1.3 Тыңдаған аудио/бейнематериалдың мазмұнын түсіну	4.1.3.1 тыңдаған материалдың (ұзақтығы 2-2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау/кесте толтыру/кластер құрастыру
1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну	4.1.4.1 тыңдаған мәтін бойынша оқиғаның себеп-салдарлық байланысын (кейіпкерлер, оқиға) анықтау
1.5 Тыңдалым материалын болжау	4.1.5.1 тыңдаған оқиға/әңгіме бөліктерінің жалғасын болжау

9. 2) «Айтылым» бөлімі:

«Айтылым» бөлімі бойынша оқу мақсаттары	
Бөлімше (түйінді дағдылар)	4-сынып А2 – бастапқы деңгей
2.1 Сөздік қорды толықтыру	4.2.1.1 берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану
2.2 Берілген тақырып бойынша сөйлеу	4.2.2.1 берілген тірек сөздер мен жоспардың негізінде қысқа монолог құру

Негізгі және жалпы орта білім беру

Негізгі және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде көрсетілген негізгі орта білім беру мақсаттары жүйесіне қол жеткізу арқылы оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

Оқытудан күтілетін нәтижелер— оқыту процесі аяқталғанда білім алушының нені біліп, түсініп, көрсете алатынын сипаттайтын құзыреттіліктер жиынтығы, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері ескеріледі.

Негізгі орта білім беру деңгейінде оқыту процесін ұйымдастыру оқыту мен тәрбиенің бірлігі қағидатын іске асыруға, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеруге бағытталған. Оқытуды ұйымдастыру кезінде білім алушылардың жетекші қызметі ретінде оқуға басым рөл беріледі. Оқыту процесінде әр оқу пәні арқылы тәрбие мәселелері шешіледі. Тәрбие жұмысының барлық түрлері білім алушылардың жаңа білімді субъективті тануы мен меңгеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

Сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру жинақтала келе білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесінің іске асырылуын қамтамасыз етеді. Оқу процесін ұйымдастыру білім алушыларды ізденуге, мәселелерді талқылауда, көзқарасын дәлелдеуде белсенділікке, сындарлы шешімдер қабылдауға ұмтылу жолымен өздігінен тәжірибе меңгеруін ұйымдастыруға негізделген оқытудың интерактивті әдістерін пайдалануды көздейді.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруіне, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі танытуына және кәсіптік бағдарлануына, сондай-ақ білім алушылардың бейіналды даярлығына бағытталады.

Білім алушылардың дайындық деңгейі бірнеше мәндес оқу пәндерін біріктіретін «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» білім беру салаларының ерекшеліктері ескеріле отырып жобаланған оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы, ал жалпы орта білім бойынша жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда бейінді оқытудың міндетті оқу пәндері мен бейіндік оқу пәндері бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.

Әр бағыттағы бейіндік оқу пәндері бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер тиісінше оқытудың стандарттық және тереңдетілген деңгейлері бойынша көрсетілген және олар оқыту бейінінің ерекшелігін ескеріп оқу пәндерінің мазмұнын анықтауға негіз болады.

Білім беру салалары (және оқу пәндері) бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер негізгі орта білім берудің базалық мазмұнын айқындау үшін негіз болып табылады. Негізгі орта білім берудің оқу бағдарламаларында білім беру салалары (және оқу пәндері) бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер әрбір оқу пәнінің бөлімдері бойынша оқыту мақсаттарында нақтыланады.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласы бойынша негізгі орта білім беру аяқталғанда күтілетін нәтижелер. [2]

Қазақ тілі (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін)/ «Орыс тілі» (оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін)/ «Ана тілі» (оқыту ұйғыр/өзбек/тәжік тілдерінде жүргізілетін сыныптар үшін):

1) тыңдалым және айтылым:

білім алушы қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, оқу-кәсіптік салалардағы мәтіндерін түсінеді; сөйлесу тәртібінің, бағалаудың ашық және жабық түрде берілген нысандарын таниды; әртүрлі өмірлік жағдаяттарда ауызша тілдік қарым-қатынасты жүзеге асырады; тілдік қарым-қатынастың әртүрлі мақсаттары мен тактикаларын іске асыру үшін түрлі тілдік құралдарды пайдалана отырып, әңгімеге бастамашы бола алады және диалогты қолдайды; проблемалық сипаттағы ақпаратты жинақтай отырып, монолог құрастырады; өз пікірін қорғайды және дәлелдейді; өз пікірін білдіре отырып, әңгіме нысанасына қатысты сөйлеушінің көзқарасын бағалайды; тақырыбы/басы/соңы бойынша мәтін мазмұнын болжайды; өз сөздерін ресімдеу кезінде грамматикалық, стилистикалық нормаларды сақтайды;

2) оқылым:

білім алушы әртүрлі типтегі, жанрлар мен стильдердегі мәтіндерден негізгі және егжей-тегжейлі ақпаратты (мәтіндік, сандық, графикалық) түсінеді және өзінше түсіндіреді; мәтіннің астарлы мағынасын түсінеді; зерттеп, шолып, таңдап, белгілеп оқуды, арнайы ақпарат алу үшін оқуды, талдамалық оқуды, белгілі бір мақсатпен оқуды қоса алғанда, оқу стратегияларын пайдаланады; әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпараттарды алады, оларды талдайды және жинақтайды; қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және оқу-танымдық аяларына қатысты мәтіндердің құрылымдық, лингвистикалық және стилистикалық ерекшеліктерін салыстырады; дәлелдер мен фактілерді ажырата отырып, ақпараттың өзектілігі мен құндылығы тұрғысынан мәтінді бағалайды;

3) жазылым:

білім алушы естіген және оқыған ақпараттарын жинақтай отырып, әртүрлі типтегі, жанрдағы және стильдегі мәтіндерді жазады; ақпаратты ұсынудың әртүрлі нысандарын пайдалана отырып, мәтін құрастырады (оның ішінде, баспа); ұсынылған ақпаратты талдау және бағалау қабілетін көрсете отырып, өзінің проблемалық сипаттағы мәтінін (мақала, эссе, хат және т.б.) жазады; әртүрлі типтегі, жанрдағы және стильдегі мәтіндердің құрылымдық-композициялық, тілдік ерекшеліктерін салыстырады; анықтамалық материалды пайдалана отырып мәтіндерді түзетеді және редакциялайды; белгілі бір тақырып бойынша қарапайым, күрделі және жан-жақты жоспар жасайды; орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық нормаларды сақтайды.

«Қазақ тілі мен әдебиеті (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін) / «Орыс тілі мен әдебиеті» (оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін)

1) тыңдалым:

білім алушы мәтіннің негізгі мазмұнын, сондай-ақ сөйлеушінің ниетін білдіретін функционалдық маңызды мағыналы ақпаратты түсінеді; мәтіннен арнайы ақпаратты алады; терминдердің мәнін және әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және оқу-танымдық аялары бойынша мәтіннің негізгі бөліктерін түсінеді; фактілер мен пікірлерді ажырата отырып, мәтіннің мазмұнын бағалайды; әртүрлі стильдегі және жанрдағы мәтіндердің негізгі проблемаларын айқындайды; мәтінде айтылған деректер мен құбылыстар, оқиғалар арасындағы байланыстар мен қарым-қатынастарды аша отырып, мәтінді талдайды; иллюстрациялар/негізгі сөздер/тақырыбы/басталуы бойынша айтылған ойдың мазмұнын болжайды;

2) айтылым:

талқылау, өзінің пікірін білдіру және оқиғаларды, пікірлер мен проблемаларды бағалау арқылы білім алушы оқылған тақырыптар аясындағы диалогты қолдайды; назарды өзіне қарату тәсілдерін пайдаланып және мақсатты аудиторияны есепке ала отырып монолог құрады, ұсынылған тақырып бойынша ақпаратты талдайды және жинақтайды; белгілі бір тақырып бойынша айтылған ойды бағалайды; сөйлеу нормаларын сақтай отырып, тілдің лексикалық және грамматикалық құралдарын пайдаланады;

3) оқылым:

білім алушы оқылған тақырыптар аясында белгілі бір күрделі тұтас және аралас мәтіндердің мазмұнын түсінеді; әртүрлі типтегі, стиль мен жанрдағы мәтіндердің ерекшеліктерін анықтайды; сөздердің айқын және астарлы мағынасын, көркем бейнелеуіш құралдардың мәнін түсінеді; өзектілігін, шынайылығын, пайдалылығын және құндылығын анықтай отырып, әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алады; негіздемелі қорытынды шығара және оқығанына сыни тұрғыдан баға бере отырып, мәтіннің мазмұнын талдайды және жинақтайды; көркем шығарманың тақырыбын, идеясын, проблемасын, автордың көзқарасын анықтай отырып мәтінді салыстырады, белгіленген оқу стратегияларын пайдаланады;

4) жазылым:

білім алушы әртүрлі тілдік құралдарды пайдалана отырып, естігені және оқығаны негізінде әртүрлі типтегі, жанрдағы және стильдегі мәтіндерді жазады; әртүрлі деректерден ақпарат алу арқылы проблемалық сипаттағы мәтіндерді жазады; тұтас мәтіндердің негізінде сызбаларды, кестелерді, диаграммаларды жасайды; белгілі бір тақырып бойынша қарапайым, күрделі және жан-жақты жоспар жасайды; әртүрлі типтегі, стильдегі мәтіндердің мазмұнын салыстырады, талдайды және бағалайды; орфографиялық және грамматикалық нормаларды сақтайды; троптар мен тілдің көркемдегіш-бейнелеуіш құралдарын пайдаланады.

«Қазақ әдебиеті» / «Орыс әдебиеті» / «Ұйғыр әдебиеті» / «Өзбек әдебиеті» / «Тәжік әдебиеті»:

Негізгі орта білім беру аяқталғанда білім алушы:

1) әдебиеттің негізгі даму кезеңдерін; әртүрлі жанрдағы шығармалардың мазмұнын, фольклорда халық тұрмысының, салт-дәстүрінің бейнелену ерекшеліктерін, әдеби терминдер мен әдеби бағыттарды, түрлері мен

жанрларын, көркем шығармалардың бейнелі суреттеулерді біледі, өлең мәтіндері мен прозалық мәтіндердің фрагменттерін (таңдауы бойынша) жатқа біледі; оқылатын шығармалардан дәйексөздерді біледі;

2) ұлттық көркем мұраның әлемдік мәдениеттегі мәнін; әдебиеттің мәдениеттің аса маңызды жетістіктерінің бірі ретіндегі рөлін; адам өміріндегі көркем әдебиеттің мәнін, әдеби терминдер мен әдеби бағыттарды, түрлері мен жанрларын, шығарманың тақырыбын, идеясын, проблемаларын, шығармадағы автордың көзқарасын, көркем шығармалардағы бейнелі суреттеулерді, шығармаларда ашық және астарлы айтылған мағыналарды түсінеді;

3) әдеби тақырыпқа хабарлама, баяндама, эссе, сұхбат дайындау; жазбаша әңгіме құрастыру үшін әдеби кейіпкерлердің диалогын (оқығанының негізінде) дайындау – кейіпкерлердің біреуіне немесе бір топ кейіпкерге (топтық мінездеме), екі кейіпкерге (салыстырмалы мінездеме) мінездеме беру кезінде, өз бетімен оқыған кітапқа шағын жазбаша пікір дайындау кезінде; талдамалық сипаттағы өзіндік мәтін құрастыру кезінде, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қатыстыра отырып, оқыған мәтінге өзіндік түсініктеме беру процесінде; өзі үшін өзекті оқу ортасын анықтау және көркем шығармаларды бағалау; пікірталастарға немесе көпшілік алдында сөз сөйлеуге қатысу; қажетті ақпаратты іздестіру үшін алған білім, білік және дағдыларын; оқытылатын шығармаларды талдау үшін арнайы терминдер мен ұғымдарды; өзекті проблемаларды талқылау кезінде меңгерген дағдыларын; өз ойын білдіру, мәдени іс-шараларға қатысу үшін шығармашылық қызметтің тәсілдерін қолданады;

4) оқығанына өзінің көзқарасын дәлелмен тұжырымдай отырып, әртүрлі жанрда бейнеленген шығармаларды; тақырыпты, идеяны және шығарма композициясының, сюжет ерекшеліктерін, шығарманың тілдік ерекшеліктерін, негізгі эпизодтарын, кейіпкерлердің іс-әрекетін және амалдарын, жазушы стилінің ерекшеліктерін талдайды, оларды әлем әдебиеті туындыларымен және өнердің басқа түрлерінің туындыларымен салыстырады;

5) көркем мәтіннің жанры және түрі жағынан ұқсас шығарманы талдау жолдарын таңдау; фактілерді, детальдарды тарихи деректермен салыстыру; әртүрлі жоспарлар құру үшін; әртүрлі ресурстарды пайдалану арқылы жазбаша мәтіндерді құрастыру үшін алған білімін, білігін және дағдыларын жинақтайды; шығармалардағы құндылықтарды қазақ және басқа да халықтардың құндылықтарымен өзара байланыстырады;

6) оқылған шығарманы композициялық, стильдік тұтастығы, тілдік ресімделуі және қойылған коммуникативті міндеттерге қол жеткізу тиімділігі тұрғысынан; өнердің басқа да құралдары арқылы жасалған көркем мәтінді түсіндіруді бағалайды. [2]

«Шетел тілі»:

1) тыңдалым:

білім алушы оқытылған тақырыптар шеңберінде мәтіндердің негізгі мазмұнын түсінеді; екінші кезектегі мәселелерді қалдырып, басты фактілерді анықтайды; оқытылған тақырыптар шеңберінде егжей-тегжейлі ақпаратты түсінеді; қосымша ақпарат алу мақсатында естігені негізінде күрделі сұрақтар

құрастырады; түпмәтіндік мәнге сүйене отырып, естігені бойынша ой қорытады; оқытылған тақырыптар шеңберінде арнайы ақпаратты ажырата алады; оқытылған тақырыптар шеңберінде берілген дәлелдердің сәйкессіздігін анықтайды;

2) айтылым:

білім алушы оқытылған тақырыптар шеңберінде оқиганың логикалық дамуын құрастырып, мәтіннің негізгі мазмұнын жеткізеді; формальды және формальды емес стильдерді қолданады; оқытылған тақырыптар шеңберінде ақпаратпен таныстырады; оқытылған тақырыптар шеңберінде мәтіннің атауы, иллюстрациялары, түйін сөздері, мәтін үзінділері және т.б. бойынша ықтимал мазмұнын болжайды; нақты ақпарат алу үшін қарапайым және күрделі сұрақтар қояды; оқу тапсырмаларын орындау үшін құрбы-құрдастарымен (жұпта, топта) бірлесіп жұмыс жасайды; оқытылған тақырыптар шеңберінде мәтіндерді салыстырады және қарама-қарсы қойып салыстырады; өз көзқарасын негіздей отырып, пікірін білдіреді;

3) оқылым:

білім алушы оқытылған тақырыптар шеңберінде әртүрлі стиль мен жанрдағы мәтіндердің негізгі мазмұнын анықтайды; оқытылған тақырыптар шеңберінде әртүрлі стиль мен жанрда берілген мәтіндердегі егжей-тегжейлі ақпаратты ажырата алады; түрлі ақпараттық ресурстарды (анықтамалық материалдар, сөздіктер, Интернет және басқалары) пайдаланады; оқытылған тақырыптар шеңберінде мәтіндегі арнайы ақпаратты және мәтіндердің әртүрлі стилі мен жанрларын анықтайды; мәтіннің атауы, мәтін үзіндісі, иллюстрациялары, түйін сөздері және т.б. бойынша мазмұнын болжайды; автордың көзқарасын немесе пікірін анықтайды; түрлі мәтіндерден алынған ақпаратты бағалайды;

4) жазылым:

білім алушы кестелерді, диаграммаларды, схемаларды, сауалнамаларды, формулярларды және т.б. толтырады; оқытылған тақырыптар шеңберінде жоспар құрады, мәтінді жазады, редакциялайды және түзетеді; коммуникативтік міндеттерге сәйкес мәтіннен үзінділер алады; бұрын оқыған тақырыптар бойынша алған біліміне сүйене отырып, шынайы және/немесе ойдан шығарылған өткен, осы шақтағы және болашақта болатын оқиғаларды суреттейді; оқытылған тақырыптар шеңберінде мәтіндегі сөйлемдер мен абзацтарды бір-бірімен байланыстырады және үйлестіреді; оқытылған тақырыптар шеңберінде берілген мәтіннің тыныс белгілерін сауатты және дұрыс қояды; тиісті ережелер мен форматты сақтай отырып, әртүрлі стиль мен жанрда мәтіндер құрайды.

«Тіл және әдебиет» оқу пәндері

Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты, маңызды мәселе болып отырғаны: *«XXI ғасырда нені оқыту керек?»* және де екіншісі – маңыздылығы жағынан біріншіден еш кем емес: *«Мұғалімдер білім алушыларды*

XXI ғасырға қалай дайындайды?». Мұндай сұрақтардың туындауының себебі: қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы, сапалы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Қазіргі мектеп білім алушыларына келешекте табысқа қол жеткізу үшін бұрынғыға қарағанда анағұрлым көп дағдыларды меңгеру қажет.

Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары (мектеп, гимназия, лицей, т.б.) «білім алу жолдарын білетін», өз бетімен білім алуға ұмтылатын, шешім қабылдауға қабілетті, ынталы, қызығушылығы мен жауапкершілігі жоғары, өзіне сенімді, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады.

«Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» пәндері оқу бағдарламасының негізгі міндеттері:

- 1) шығармашылық тұрғыда жұмыс істеуге, сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру;
- 2) білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған тұлға қалыптастыру;
- 3) туындаған мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу;
- 4) білім алушыларды сөйлесім әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдана білуге үйрету;
- 5) білім алушылардың тілдік дағдысы мен ойлау қабілетін дамыту;
- 6) білім алушыны қазақ халқының мәдениетімен, әдебиетімен, ұлттық салт-дәстүрімен таныстырып, мәдени ортада пайдалануға баулу, қазақ еліне, мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін тәрбиелеу. [2]

Қазіргі кезеңде білім алушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Бұл тәсілдеме пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде білім алушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

«Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерінің оқу бағдарламасы білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін және шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу мәселесін жүзеге асыруға маңызды үлес қосады.

Пән мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу үдерісінде білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтсақ: қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты қолдану дағдыларын дамыту үшін алғышарттар/жағдайлар жасау керек.

Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары білім алушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды. Оқу бағдарламалары білім беру құндылықтарының өзара байланысы мен өзара шарттылығына негізделген тәрбиелеу мен оқытудың біртұтастығы қағидатын және нақты пәнді оқыту мақсаттарының жүйесі мектепті бітіргеннен кейінгінәтижелерін іске асыруға мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламаларының тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталғаны оның ерекше өзгешелігі болып табылады. Оқыту мақсаттарының құрастырылу жүйесі: білімді функционалдық және шығармашылық тұрғыда қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар білім алушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады.

Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер білім алушылардың күрделі міндеттерді шешу үшін немесе оларды шешудің жаңа тәсілдерін табу үшін жағдаятқа, идеялар мен ақпараттарға талдау жасау және бағалауға, алған білімі мен тәжірибесін жаңа идея мен ақпаратты жинақтау үшін шығармашылық тұрғыдан қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгеру қажеттілігіне себепші болады. Жігерлілік, алғырлық, өзгерістерге дайындығы, байланысқа бейімділігі сияқты тұлғалық қасиеттер өзекті болып отыр.

Нақты пән бойынша күнделікті білім беру үдерісінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу үдерісінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен қолдануға дайындығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады.

Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы: *«қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік»*, *«құрмет»*, *«ынтымақтастық»*, *«еңбек пен шығармашылық»*, *«ашықтық»*, *«өмір бойы білім алу»* сияқты білім берудің басты құндылықтарына білім алушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болуы тиіс.

Қазақ тілін сапалы меңгерген әрбір білім алушы оны сауаттылықпен өзінің айналасындағы адамдармен күнделікті қарым-қатынас жасау құралы ретінде және қазақ тілін теориялық тұрғыдан терең тани отырып, сол арқылы басқа пәндерді де сапалы меңгерудің оқу-таным құралы ретінде пайдаланудың жоғары деңгейлерін игеруге ұмтылып отырады.

Қазақ тілін функционалды-коммуникативтік және қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқыту тілдің қоғамдағы маңызды қызметі мен рөлін саналы түрде түсінуге, тілдің табиғатын ғылыми таным тұрғысынан түсініп меңгеруге, коммуникативтік-тілдесім әрекетіндегі тіл бірліктерінің функционалды қасиеттерін саналылықпен қолдануға, әрбір тіл бірлігінің ішкі мағыналық иірімдерін түсініп қолдануға дағдыландырады.

Қазақ тілі мен әдебиетін пән ретінде оқытуда білім алушылардың ұлттық дүниетанымын кеңейтетін, шығармашылық ойлауға төселдіретін, айналадағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауды үйрететін, оны тұлға ретінде әлеуметтендіруге мүмкіндік беретін қазақ тілінің танымдық, қатысымдық және кумулятивтік қызметтерін меңгерту, білім алушылардың шығармашылықпен жұмыс істеу және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту басты нысана болып табылады.

«Қазақ тілі» пәнін оқу арқылы білім алушылар:

✓ Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретіндегі мәртебесіне лайықты қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметін танып-біледі;

✓ қазақ тілінде тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым коммуникативтік дағдыларын жағдаятқа сай дұрыс қолдана білуді үйренеді;

✓ өзінің ойын ауызша және жазбаша формада сауатты құрауға, ойын сыртқа ауызша және жазбаша шығаруға әдеби тілдің нормаларын саналылықпен қолдана отырып, сөйлеу барысында тіл табысу тәсілдерін меңгеруге ұмтылады;

✓ қазақ әдеби тілінің фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, лексикалық, морфологиялық, грамматикалық, стильдік, пунктуациялық нормаларын меңгереді;

✓ тіл мен мәдениет арасындағы байланысты түсінеді;

✓ қазақ тілін ана тілі ретінде меңгеру арқылы білім алушылар алған білімін әлемдік мәдениетпен ұштастыра алады;

✓ адамгершілік құндылықтарды таңдау, оған анализ жасау және бағалау дағдыларын қалыптастыра отырып, кез келген жағдайдан шыға білу дағдыларына ие болады;

✓ әңгіме, поэзия, драма, сондай-ақ ғылыми және бұқаралық ақпарат құралдары материалдарын (газет-журналдар т.б.) сын тұрғысынан оқи отырып, өз түсініктерін дамытады;

✓ оқу арқылы танымдық дағдыларын арттыра отырып, білім әлеміне жол ашады;

✓ қазақ тілі пәнін меңгеру арқылы қоғамдық өмірге араласуға қажетті жазылым, айтылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын жағдаяттар жүйесі негізінде дамытады;

✓ қазақ тілінде түрлі өмірлік жағдаяттарда еркін қарым-қатынас жасайды, өзара пікір алмасады, көзқарастарын білдіреді, өз ойын жүйелі де нақты жеткізе алады;

✓ қазақ тілінде берілген кез келген ақпаратты тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады;

✓ түрлі мәтіндерді өздігінен түсініп оқиды, оқығаны бойынша өзіндік қорытынды жасап, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдылары арқылы тың идеяларын өзгелермен еркін бөліседі.

Қазақ тілін оқытудың классикалық тәсілі, негізінен, тілді академиялық тұрғыдан оқытуды көздейді. Ол тәсіл қазақ тілінің грамматикалық құрылымын тереңдете түсінуіне, жазба тілді дамытудың тұрақты дағдыларын қалыптастыруға, сөйтіп, аса жоғары сауаттылықты дамытуға бағытталды. Ал коммуникативтік әдіс болса, қолданбалы бағытты ұстанады. Бұл бағыт бойынша білім алушылардың ауызекі сөйлеу дағдыларын, ойын айшықты етіп беру шеберліктерін қалыптастыру көзделеді. Мұның өзі білім алушыларда қазақ тілін жан-жақты танып-білудің жаңа мотивациясын туғызады.

Пән мазмұны білім алушыларға қазіргі қазақ тілін дамыған жүйе ретінде танытып, оның құрылымын жай ереже түрінде емес, өмірдің түрлі саласындағы атқаратын қызметімен тығыз байланыста меңгертеді.

Бағдарламада білім алушылардың қазақ тіліне деген құндылық көзқарасын қалыптастырып, қазақ тілін қазақ халқының болмысын танытушы ерекше феномендік құбылыс ретінде түйсінуге жетелейтін әдіс-тәсілдер жүйесі жүйеленіп берілген. Қазақша сауатты сөйлеу мен жазу, пікір алысу, мәтін талдау, тыңдай білу мәдениеті негіздерін үйрену, сұхбаттасу әдептерін коммуникативтік дағдылармен тығыз бірлікте қалыптастыру – бағдарламаның өзіндік ерекшелігін танытады.

Бағдарламада қамтылған дидактикалық бірліктер – көркем мәтін мен көркем емес мәтін негізінде сөйлеу, оқу, жазу, тыңдау дағдыларын тілдік бірліктермен тығыз байланыста дамытатын оқу материалдарын қамтиды. Олар оқу және әдістемелік міндеттерге сай болуы тиіс. Атап айтқанда, *ана тілінде сөйлеу мен жазу арқылы өз ойын білдіру, монолог құру мен диалогке қатысу, өзінің ойын, пікірін жеткілікті дәрежеде айта алу мен дәлелдеу, басқа пәндерді оқып-меңгеруі барысында қазақ тілінен үйренген дағдыларын мол етіп қолдану мен қазақша сөйлеу және жазба тілін барлық пәндер бойынша дамыту* деген дидактикалық талаптарға сай сұрыпталынып, нәтижесінде оқу материалының құрылымдық-мазмұндық болмысы осы бағытты ұстанды.

«Қазақ әдебиеті» пәні оқу бағдарламасының мақсаты – білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру, білім алушыларға жанрларды меңгерту.

Аталмыш мақсатқа жету үшін білім алушылар:

1) қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды;

2) қазақ әдебиетінің мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін, қазақ халқының қалыптасқан тарихын, алға қойған міндеттерін, жеңістерін, мәселелерін, қарама-қайшылық пен қиындықтарын анықтайды және түсінеді;

3) түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;

4) заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамытады.

5) тіл мен мәдениет арасындағы байланысты түсінеді; қазақ тілін ана тілі ретінде меңгеру арқылы білім алушылар алған білімін әлемдік мәдениетпен ұштастыра алады, адамгершілік құндылықтарды айқындайды, оған анализ жасау және бағалау дағдыларын қалыптастыра отырып, кез келген жағдайдан шыға білу дағдыларына ие болады;

б) поэзиялық, прозалық, драмалық шығармаларды, сондай-ақ ғылыми және бұқаралық ақпарат құралдары материалдарын (газет-журналдар т.б.) сын тұрғысынан оқи отырып, өз түсініктерін дамытады; оқу арқылы танымдық дағдыларын арттыра отырып, білім әлеміне жол ашады;

Қазақ әдебиеті білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, әдеби тіл және әдеби формалар арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін өмірге бейім ұрпақ тәрбиелейді. [17]

Теориялық материалдар білім алушының қазақ әдебиеті туралы ұғымдарын кеңейтуге, әдебиет туралы дүниетанымын қалыптастыруға және адамзатқа ортақ ойларды, дилеммаларды, мінездерді зерттеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде табысты болу үшін білім алушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген пікірді қолдаушылар саны артып келеді. Бұл білім алушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану білім алушыларға «XXI ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді.

Бұл пән әдеби шығармаларды оқытып қана қоймай, танымдық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға да негізделген. Оқу бағдарламасында білім алушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес пәннің мазмұны мен білім, білік, дағдыларының көлемі анықталған. Әр сыныпта оқытылатын шығармаларды таңдау кезінде қазіргі замандағы баланың жас ерекшелігімен қатар танымдық ерекшеліктері де ескерілген.

білім алушы толық түсінбейтін ұзын сонар туындыларды шала-шарпы оқып шығудан гөрі бір шығарма болса да оны саналы түрде түсініп, талдап, зерттеп, кейіпкерлерді салыстырып, олардың әрекетіне баға беріп, сол шығармалар арқылы оқырмандық сауаттылығын қалыптастыру көзделуі тиіс.

Кең ауқымды дағдылар білім алушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады. Нақты пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу процесінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады.

Шетел тілі

Әрбір білім алушының IQ деңгейі әртүрлі. Мұғалімнің барлық маңызды міндеттерінің ішінде білім алушының үлгеріміне әсер ететін маңызды факторлардың бірі – жеке білім алушыларға қолдау көрсету. Кейбір білім алушылар тез/жақсы оқиды және ұзақ уақыт есте сақтайды, ал басқалары

баяу/нашар оқиды, жақсы оқиды немесе түсіну қабілеті төмен. Мектептерде екі санаттағы білім алушылар да бір сыныпта болғандықтан, мұғалімдер барлығына қамқорлық жасауы керек. Бұл қиын міндет, өйткені оқуда қиындықтары бар білім алушыларды басқару қосымша уақытты, күш пен ресурстарды қажет етеді. Интервенция бағдарламалары қолдауды қажет ететін білім алушыларға көмектесу үшін жасалған.

Білім беру мекемелерінде білім алушыларға шет тілін үйренуге қолдау көрсету үшін мақсатты оқыту сессиясын сипаттау үшін интервенциялар жиі қолданылады. Мектептердегі интервенциялық іс-шаралар жеке немесе топтық түрде жүргізілуі мүмкін. Интервенциялық бағдарламаның мақсаттарын мұғалім білім алушылардың қажеттіліктерінің негізгі бағыты негізінде мұқият әзірлейді. Интервенция әрекеттері негізгі сабақтармен қатар жүргізілуі керек. Көбінесе мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау үшін араласу бағдарламалары қолданылады.

Пандемия кезінде барлық пәндер бойынша оқу үлгерімінің сапасы төмендеді. Пандемияға дейінгі, пандемия кезінде және одан кейінгі ағылшын тіліндегі білім сапасын салыстырмалы талдау төмендеу тенденциясын анықтады. Мысалы, Қазақстанда 2019-2020 оқу жылында ағылшын тілі бойынша білім сапасы 82% болса, 2020-2021 оқу жылында 78% болса, 2021-2022 оқу жылының пандемиядан кейінгі кезеңінде сапа деңгейі төмендеді. 72%. Осылайша, білім сапасы алдымен 4 пайызға, кейін тағы 6 пайызға төмендеп, жалпы 10 пайызды құрады. Қорыта айтқанда, екі жылдық пандемия және постпандемия кезеңі білім алушылардың оқу сапасына кері әсерін тигізді. Осылайша, пандемиядан кейінгі кезеңде мұғалімдер білім алушылардың білімін толықтыру үшін араласу бағдарламаларын мұқият жоспарлауы керек. [7]

Балалар оқу процесінде кездесетін көптеген мәселелер өзара байланысты. Баланың мазасыз мінез-құлық танытып, соның салдарынан мектептен артта қалуы мүмкін. Сондықтан әрбір араласу әр білім алушының нақты қажеттіліктеріне бағытталуы керек. Нәтижесінде кейбір іс-шаралар мақсатты және нақты академиялық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жүзеге асырылады.

Жалпы білім алушылар қауымы сияқты, ағылшын тілін үйренушілердің аз бөлігінің де ерекше қажеттіліктері бар. Бұл білім алушылардың олардың сауаттылығына және барған сайын күрделі материалды қабылдауға кедергі келтіретін тілдік, академиялық, мінез-құлық немесе физикалық проблемалар бар. Үлгерімі төмен білім алушыларға қолдау көрсету үшін мектептерде әртүрлі араласу түрлері бар. Ең жиі қолданылатын араласу стратегияларын қарастырайық:

Ортақ жұмыс. Топтық сабақтар топтық талқылау және топтық жұмыс арқылы шет тілін үйрену кезінде білім алушыларға жаңа немесе күрделі тақырыптарды түсінуге мүмкіндік береді. Осылайша білім алушылар күрделі тақырыптарды жақсы түсіну үшін ынтымақтастық ортасында тыңдап, жауап беріп, әріптестерінің әртүрлі пікірлерін ескере алады.

Жеке интервенция. Жеке сабақтар әдетте оқу үлгерімі төмендеген білім алушыларға немесе күрделірек оқу қажеттіліктері бар балаларға арналған. Бұл

сабақтар мақсатты және жеке мақсатты қою арқылы прогресті жеделдету үшін кең мүмкіндіктер береді. Жеке сабақтар аптасына әдетте жоспарланған екі немесе үш қысқа сыныптан тыс іс-шараларды қамтиды.

Әлеуметтік және эмоционалдық интервенция. Барлық іс-шаралар оқу үлгеріміне бағытталған емес. білім алушылар жарақат алған немесе жоғалтқан кезде, бұл көбінесе оқу процесіне әсер етеді. Егер білім алушылардың психикалық денсаулығы немесе жалпы әл-ауқаты үшін қолдау қажет болса, әлеуметтік және эмоционалдық араласулар білім алушыларға өз ойлары мен сезімдерін зерттеуге қауіпсіз кеңістік ұсынады.

Құрдастарды оқыту. Құрбы-құрдастармен оқыту тәжірибелі білім алушыға оқуда қиындықтары бар немесе қосымша қолдауды қажет ететін сыныптасымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Екі тарап бұл тәжірибелерден жиі әлеуметтік және жеке пайда көреді және егер олар жақсы ұйымдастырылса, олар прогреске айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Метатану және өзін-өзі реттеу. Мұндай араласулар білім алушыларға біз қалай үйренетініміз туралы ақпарат береді және олардың өздерінің оқуы туралы нақтырақ ойлауына көмектеседі. Бұл сабақтар сонымен қатар білім алушылар мақсат қою, олардың үлгерімін бақылау және оқуды қорытындылау үшін пайдалана алатын стратегияларды қамтиды.

Үй жұмысы. Үй тапсырмасы сол күні оқылған материалды қамтитын болса, ең пайдалы болып саналады. Орта мектептегі үй тапсырмасы, әдетте, әлдеқайда аз әсер ететін бастауыш сыныптағы үй тапсырмасынан тиімдірек деп саналады.

Нәтижелі және тиімді араласуды жоспарлау үшін мұғалім ең алдымен нақты неге қол жеткізгісі келетінін анықтауы керек. Сіз таңдаған нәтиже араласу бағдарламасының қаншалықты тиімді екенін көрсету үшін ең дұрысы бақылануы керек. Бұл кезеңде олардың табысын анықтау үшін пайдаланған кез келген алдыңғы араласуларды талқылау қажет болуы мүмкін.

Мұғалімдер үшін келесі мәселелерді талқылау үшін әріптестерін тарту маңызды:

- Білім алушыларды қолдау үшін не істейміз?
- Неліктен мұны істеу маңызды?
- Біз бұл араласуды қалай жүзеге асырамыз?
- Біз бұл процесті басқара аламыз ба, егер солай болса, қалай?
- Және қандай мақсатта

Мұғалім араласу үшін баланы немесе балаларды таңдағаннан кейін мұғалім қашан, қайда және қалай араласу керектігін түсіну үшін мектеп ресурстарын және олардың күнделікті тәртібін тексеруі керек.

Мұғалім кез келген логистикалық кедергілерді жойғаннан кейін, мұғалім кез келген проблемаларды шешу үшін стратегиялық жоспарлар жасау маңызды. Мысалы, кез келген нақты интеграциядан бұрын мұғалімге білімі мен түсінігін кеңейту қажет болуы мүмкін. Сондай-ақ, әлеуетті мәселе балалардың мектеп ішінде немесе одан тыс жерде тым көп іс-шараларға қатысуы болуы мүмкін, бұл жай ғана білім алушыларды шамадан тыс сезінуге, прогресстің кез келген түрін жоққа шығаруға әкелуі мүмкін.

Интервенциялар барысында барлық қатысқан балалардың үлгерім және мақсат қою туралы кері байланыс қалай алатынын қарастырыңыз. Сондай-ақ, интеграция табысының нәтижелерін бағалауға келгенде, нақты дәлелдер жинағаныңызға көз жеткізіңіз. Бұл алдыңғыларға қарағанда қиынырақ деңгейде мәтіндерді оқу немесе баланың оқуда ілгерілеу үшін қолдана алатын стратегияларды тереңірек түсінуін көрсететін күнделік болуы мүмкін.

Егер интеграция сәтті немесе тіпті сәтсіз болса, әріптестеріңізбен бөлісіңіз және бұл бағдарламаны қалай жақсартуға немесе басқа балалар тобына қолдануға болатынын талқылаңыз.

Бастауыш мектепте шет тілін меңгеруде академиялық және жеке табысқа жиі кедергі болатын нәрсе – түсініп оқу. Оқудағы табысты білім алушылар ағылшын алфавитінің жазу жүйесі туралы функционалдық білімдерін дамытады және оны баспа сөздерді оқи бастағанда қолданады, олар жаңа сөздік қормен және барған сайын күрделі мәтінмен кездескен кезде қиындығы азырақ тапсырмалардан қиынырақ тапсырмаларға ауысады. Ағылшын тілінде сөйлемейтіндер үшін оқуды үйрену оқу мен сөйлеу дағдыларының арасындағы байланысты қиындатады. Ағылшын сөздеріндегі дыбыстарды білмеу ағылшын тілін үйренушілерге баспадағы дыбыстар мен әріптер арасындағы байланысты түсінуге кедергі келтіруі мүмкін.

Бастапқы ағылшын тілін үйренушілермен жүргізілген зерттеулер фонологиялық өңдеу сынақтары сөздік және грамматикалық сезімталдық сияқты ауызекі сөйлеу тілін меңгеру сынақтарына қарағанда сөзді оқу дағдыларының жақсы көрсеткіші екенін көрсетеді. Басқаша айтқанда, ауызша тілді меңгеру тестілері ерте оқуда қиындықтар туындау қаупі бар ағылшын тілін үйренушілерге – «кодты бұзу» қиынға соғатындарға жеткілікті ақпарат бермейді. Демек, көптеген ағылшын тілін үйренушілер ағылшын тілін шектеулі меңгергендіктен ерте оқуға мән бермейді; педагогтар ауызекі сөйлеу дағдыларын жетілдіре отырып, оқу дағдылары жақсарады деп күтеді. Шынында да, бастауыш сыныптарда білім алушылардың оқу дағдысын арттыруда ауызша сөйлеуді дамытуға мән беруден гөрі дыбыс таңбаларын тану және сөзді тану жұмыстарының берері мол.

Орыс тілі мен әдебиеті оқу пәні

Статус русского языка в Республике Казахстан законодательно закреплён. В статье 7 Конституции РК, а также в статье 5 Закона РК «О языках в Республике Казахстан» отмечается следующее: «В государственных организациях и органах местного самоуправления наравне с казахским официально употребляется русский язык» [8].

Успешно реализуемый в настоящее время проект «Триединство языков» (казахский, русский, английский) включает русский язык в качестве необходимого «участника» образовательного процесса [9].

В казахстанском информационно-культурном пространстве русский язык обладает высокой степенью престижности, обеспечивая всестороннюю коммуникацию во всех важных сферах жизни общества, успешно выполняя


«неофициальную» функцию языка межнационального общения. По данным последней переписи

Высокая социальная значимость владения русским языком и гибкая языковая политика определяют интерес и, в целом, позитивное отношение к его изучению в республике.

Анализ качества знаний

Сравнительный анализ качества знаний по русскому языку и литературе в казахских классах до пандемии, во время пандемии и после пандемии выявил убывающую тенденцию. Например, качество знаний по русскому языку и литературе по Казахстану за 2019-2020 год составил 80 %, в 2020-2021 учебном году составил 77% процентов, в то время как в постпандемийный период 2021-2022 учебный год качество составило 73% (Сурет-1)

Сурет 1. Качество знаний по русскому языку и литературе



Качество знаний учащихся по русскому языку в казахских классах за последние три года снижается на 3-4%. Разница между предпандемийным и постпандемийным годом составляет 7%. Это значительный разрыв, который обусловлен объективными причинами.

Таким образом, результаты качества знаний по всем регионам снизились в период пандемии и после пандемии, что показывает на негативное последствие пандемии, вызванное коронавирусом. Также ухудшение результатов качества показывают, что дистанционное обучение не смогло обеспечить потребности каждого ученика, повлияв на общее качество обучения русскому языку и литературе.

Как упоминалось ранее, спад качества обучения в постковидный период имеет ряд объективных причин и носит глобальный характер. Закрытие школ из-за пандемии привело к значительным пробелам в обучении во всем мире. В странах с низким и средним уровнем дохода 70 процентов 10-летних детей не способны прочитать простой текст – по сравнению с 57 процентами в 2019 году.


Без дополнительных мер поддержки со стороны школы и родителей школьники столкнутся со значительными трудностями в продолжении обучения.

В центре процесса нынешнего обучения находится самостоятельная познавательная деятельность обучаемого (учение, а не обучение). Важно, чтобы ученик научился самостоятельно приобретать знания, пользуясь разнообразными источниками информации; умел с этой информацией работать, используя различные способы познавательной деятельности и имел при этом возможность работать в удобное для него время. Самостоятельное приобретение знаний не должно носить пассивный характер, напротив, обучающийся с самого начала должен быть вовлечен в активную познавательную деятельность, не ограничивающуюся овладением знаниями, но непременно предусматривающую их применение для решения разнообразных проблем окружающей действительности. Организация самостоятельной (индивидуальной или групповой) деятельности предполагает использование новейших педагогических технологий, адекватных специфике данной формы обучения, стимулирующих раскрытие внутренних резервов каждого ученика и одновременно способствующих формированию социальных качеств личности.

Орыс тілі оқу пәні

Сравнительный анализ качества знаний по русскому языку в классах с русским языком обучения до пандемии, во время пандемии и после пандемии выявил убывающую тенденцию. Например, качество знаний по русскому языку по Казахстану за 2019-2020 год составил 77,7%, в 2020-2021 учебном году составил 76,7% процентов, в то время как в постпандемийный период 2021-2022 учебный год качество составило 72,3% (Сурет-2)

Сурет-2. Качество знаний по русскому языку




Качество знаний учащихся по русскому языку между 2020 и 2021 годами снизилось на 1%. Разница между пандемийным и постпандемийным годом составляет 5%, между предпандемийным и постпандемийным – 6%. Это значительный разрыв, который обусловлен объективными причинами.

Орыс әдебиеті

Сравнительный анализ качества знаний по русской литературе до пандемии, во время пандемии и после пандемии выявил убывающую тенденцию. Например, качество знаний по русской литературе по Казахстану за 2019-2020 год составил 79,5%, в 2020-2021 учебном году составил 75,3% процентов, в то время как в постпандемийный период 2021-2022 учебный год качество составило 73,2% (Сурет-3)

Сурет-3. *Качество знаний по русской литературе*



Качество знаний учащихся по русской литературе между 2020 и 2021 годами понизилось на 5%. Разница между пандемийным и постпандемийным годом составляет 2%, между предпандемийным и постпандемийным – 7%. Анализ показал, что по русской литературе, в отличие от предметов «русский язык и литература» и «русский язык», прослеживается тенденция понижения качества знаний за последние три года. Это связано со спецификой предмета и особенностями дистанционного обучения.

В целом, обобщая основные тенденции, следует отметить, что по предметам «Русский язык и литература», «Русский язык» и «Русская литература» наблюдается снижение качества знаний в постпандемийный период. Подчеркнем, что данная тенденция общемировая.

Говоря об учителях, важно отметить, что пандемия COVID-19 принесла в их жизнь много новых вызовов. Одной из этих проблем является проблема доступа и использования правильных технологий для проведения увлекательных, эффективных и совместных занятий. Это не такая большая

проблема для молодого поколения учащихся, которые, по сути, являются цифровыми аборигенами и являются технически подкованными людьми, которые знают, как посещать онлайн-занятия и участвовать в занятиях.

Однако для учителей старшего возраста это может стать большой проблемой, поэтому особое внимание следует уделить тому, чтобы сделать технологии доступными для старшего поколения. Если учителя хотят обеспечить качество для своих учеников в цифровой сфере, им необходимо научиться правильно использовать различные технологии и даже некоторые передовые технологии, чтобы создать более привлекательный класс для всех.

Несмотря на то, что онлайн-обучение никуда не денется, это не означает, что оно станет преобладающей формой обучения. Преобладать будет смешанная форма обучения, при которой учителя будут проводить занятия как онлайн, так и офлайн. В ближайшие годы мы увидим, как онлайн- и офлайн-обучение будут использоваться вместе, чтобы свести к минимуму риск заражения и сделать образование доступным для групп высокого риска.

«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

«Жаратылыстану» білім беру саласы бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер.

Негізгі орта білім беру аяқталғанда білім алушы:

1) бастапқы географиялық, биологиялық, физикалық және химиялық ұғымдарды; заманауи өмірдегі жаратылыстану ғылымының рөлін; негізгі биологиялық, физикалық және химиялық теориялар мен заңдардың мәнін; атақты ғалымдардың жаратылыстану ғылымдарының қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесін; энергия көздерін, оның түрлерін және қолданылу салаларын; практикалық және эксперименттік жұмыстарды орындау барысында қауіпсіздік техникасының ережелерін; физикалық және химиялық шамалардың өлшем бірліктерін; механика (кинематика, динамика, статика, сақталу заңдары), жылу физикасы (молекулалық физика және термодинамика), электр және магнетизм (электростатика, тұрақты және айнымалы электр тогы, магниттік өріс, электромагнитті индукция), оптика (геометриялық және толқындық), кванттық физика элементтері, атом физикасы, астрономия бөлімдеріндегі ұғымдарды, формулаларды, заңдарды және физикалық тұрақты шамаларды; атом-молекулалық ілімді, атомның құрылысы және элементтер қасиетін; химиялық таңбаларды; заттардың жіктелуін; химиялық және физикалық, биологиялық құбылыстарды; химиялық байланыс түрлерін және заттардың құрылысын; химиялық реакциялардың типін, жүру белгілерін және заңдылықтарын; бейорганикалық және органикалық қосылыстардың маңызды кластарын және олардың қасиеттерін; электролиттік диссоциация теориясын; химиялық элементтердің периодтық заңын және периодтық жүйесінің құрылымын; Қазақстанның химия және металлургия өнеркәсіптерінің маңызды салаларын; микробиология, молекулалық, жасушалық биология негіздерін; өсімдіктер және жануарлар ағзаларының ішкі ортасы мен мүшелер жүйесінің компоненттерін; өсімдіктердің және жануарлардың негізгі топтарын; тірі ағзалардың адам және

табиғи кешен үшін маңызын; эволюциялық дамудың негізі мен заңдылықтарын; сұрыптау әдістерін; биогеоценоздар мен агроценоздардың құрылымын; тірі ағзаларға қоршаған орта факторларының әсерін, адам іс-әрекетінің қоршаған ортаға әсерін; географиялық зерттеулер әдістерін; аумақтық кешендерді; географиялық объектілердің, процестер мен құбылыстардың мәнін, жіктелуін, таралу және орналасу ерекшеліктерін; заманауи геоақпараттық жүйелердің жұмыс істеу ерекшеліктері мен қолдану аясын; географиялық қабық пен географиялық ортаның, геосфералардың құрамын, құрылымын, заңдылықтарын, дамуының басты кезеңдерін; карталардың түрлерін, жіктелуін және элементтерін; материктер мен мұхиттардың, жекелеген аумақтардың, елдердің және Қазақстан Республикасының табиғаты ерекшеліктерін; әлем, жекелеген өңірлер, елдер және Қазақстан Республикасы шаруашылығының аумақтық және салалық құрылымын, даму жағдайлары мен факторларын; халықаралық экономикалық қатынастардың мақсаттары мен нысандарын; елді мекендердің түрлерін, құрылымын, функцияларын, орналасу факторлары мен даму серпінін; ғаламдық және өңірлік демографиялық проблемаларды; жекелеген аймақтардың, елдердің және Қазақстан Республикасының демографиялық саясаты ерекшеліктерін; Қазақстан Республикасының экономикалық және саяси географиялық жағдайын, аумақтық-әкімшілік бөлінуін; Қазақстан аймақтарының табиғи-ресурстық әлеуетін; елдердің типологиясын; экономикалық жүйелердің модельдерін; халықаралық байланыстардың түрлерін; табиғатты қорғау және тұрақты даму шараларын біледі;

2) шамалардың физикалық мағынасын, механика, электр және магнетизм, оптика, атом физикасы, астрономияның негізгі терминдері мен заңдарын; биологиялық, физикалық және химиялық құбылыстардың адам өміріндегі маңыздылығын; химиялық реакциялардың жүру жағдайларын; тотығу және қалпына келу процесін; органикалық және бейорганикалық заттар кластарының арасындағы айырмашылықтарды; ИЮПАК Теориялық және қолданбалы химияның халықаралық одағы халықаралық номенклатурасын; химиялық өндірістің технологияларын және ғылыми қағидаттарын; микробиологияның медицинадағы, ауыл шаруашылығындағы және өнеркәсіптегі маңызын; жасушалардағы молекулалар және органоидтар деңгейінде жүретін процестерді; өсімдік және жануарлар ағзаларының ішкі ортасы мен мүшелер жүйесінің функцияларын, өсімдік пен жануарлардың негізгі топтарының жіктелу қағидаттарын; метаболизм процестерін; жаһандық және жергілікті экологиялық проблемаларды; жердегі биокөптүрлілікті сақтаудағы Қызыл кітаптың рөлін; табиғи және әлеуметтік-экономикалық заңдылықтардың, процестердің, құбылыстардың мәнін; заманауи географиялық кеңістіктің, аумақтық кешендердің ерекшеліктерін; географиялық объектілердің, процестер мен құбылыстардың өзара байланыстарын; географиялық қабық пен географиялық ортадағы процестердің себептерін, кезеңдерін, салдарын, мәнін; геосаяси процестерді; геосаясат субъектілерінің рөлі мен ықпал өрісін, өзара әрекеттестігін; «Байқоңыр» ғарыш айлағының өңірлік және халықаралық маңыздылығын түсінеді; [2]

3) тірі және өлі табиғаттағы объектілерді, процестер мен құбылыстарды сипаттау үшін негізгі физикалық, химиялық, биологиялық, географиялық ұғымдар мен терминдерді; тәжірибелік-эксперименттік және зерттеу жұмыстарын қауіпсіз жүргізу әдістерін; қолданбалы және оқу тапсырмаларын шешу, практикалық және зертханалық жұмыстарды орындау барысында физика, химия, биология, географияның заңдары мен формулаларын; нәтижелерді ұсынуда графикалық тәсілдерді, өлшем бірліктердің Халықаралық жүйесін; алынған білімдерін биологиялық, физикалық және химиялық құбылыстардың жүру жағдайларын және процестерді түсіндіруге; ағзалардың әртүрлі топтарын сипаттаған кезде бинарлық номенклатураны; географиялық қабық пен географиялық орта компоненттерінің сандық және сапалық сипаттамаларын анықтау әдістерін; картометрия тәсілдерін, кеңістікте бағдарлау және навигациялық дағдыларды қолданады;

4) ғылыми-жаратылыстану эксперименті нәтижесінде алынған деректерді; графиктік және кестелік нысанда берілген ақпаратты; заттардың қасиетінің сапалық және сандық құрамына және оның құрылымына тәуелділігін; заттардың қасиеті мен қолданылуы арасындағы себеп-салдарлық байланысты; адам ағзасының химиялық құрамын және оның дұрыс жұмыс істеуі үшін микроэлементтер мен макроэлементтердің маңызын; биологиялық процестер мен құбылыстардың заңдылықтарын; тірі ағзалардың мүшелер жүйесінің құрылысы мен функциясын; трансгендік технологияларды қолдануға байланысты проблемаларды; биогеоценоздағы заттар айналымының процестерін; географиялық қабық пен географиялық ортадағы процестер мен құбылыстардың себеп-салдарлық байланыстарын; жаратылыстану ғылымдары саласындағы жетістіктер мен ғылыми жаңалықтарды қолдану аясын; географиялық объектілердің орналасу факторларын; қоғамдық өндірістің ғылыми-жаратылыстану, әлеуметтік-экономикалық негіздерін; Қазақстанның географиялық және геосаяси жағдайын, саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуының ерекшеліктері мен факторларын, оның дүниежүзіндегі рөлі мен орнын талдайды;

5) кесте, сызбанұсқа, хабарлама, баяндама, таныстырылым түрінде көрсету үшін жинақталған және өңделген деректерді, ақпараттарды; гипотеза, дәлел және түсініктеме жасауға арналған ғылыми модельдерді және дәлелдемелерді; эксперимент және зерттеулер жүргізу жоспарын; эмпирикалық қағидаларды, қағидаттар мен заңдылықтарды жүйелеу, жіктеу және анықтау үшін тірі және өлі табиғатта болатын процестер туралы білімдерді жинақтайды;

6) жасалған эксперименттің нәтижелерін, зертханалық жұмыстарды жүргізу кезіндегі тәуекелдерді, түрлі биологиялық, физикалық және химиялық процестердің адамның тыныс-тіршілігі мен қоршаған ортаға әсерін; табиғи биогеоценоздар мен агроценоздардың жағдайын; өнеркәсіптің технологиялық қағидаттарының тірі табиғат компоненттері арасындағы тепе-теңдікті сақтауға әсерін; пайдалы қазбалар мен табиғи ресурстарды дұрыс пайдаланудың маңыздылығын; әртүрлі мақсаттар мен қызмет түрлері үшін географиялық объектілердің, процестер мен құбылыстардың жарамдылық және пайдалану дәрежесін бағалайды.[2]

«Физика» оқу пәні

Қазіргі кезде білім беру жүйесінде білім алушының дамуындағы оның үлгерімінің үлкен мәні бар. Баланың жеке басын жан-жақты дамытуға бүгінгі таңда білім беру саласындағы оқу процесіндегі оның үлгерімі негізгі роль атқарады. Мектепте білім алушыларға ұсынылатын оқу бағдарламалары бәріне бірдей болғанмен, білімді барлығы бірдей меңгермейді. Білім беру мекемелерінде білім алушылардың үлгермеушіліктерін уақытылы жою міндеттері тұр.

Үлгермеуші – оқу үрдісінде бір мезгіл аралықта кешенді, қорытынды дайындығы байқалмайтын білім алушы.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыстың түрі көп. Олар таным компоненттерінің қалыптасуының әр түрлі деңгейіне байланысты, яғни бұл артта қалудың әр түрлі себептері бар екенін көрсетеді. білім алушылардың негізінен білімді меңгеру үрдісі мына компоненттерден тұрады: қабылдау, түсіну, есте сақтау, қорыту және жүйелеу. Оқу үрдісінде бұл компоненттер өте тығыз байланысты. білім алушы меңгеретін материалдың қиындығына соқтыққанда ғана өз бетінше шешім қабылдап, қорытынды жасай алады. Осыдан кейін ол материалды толық игереді. Қабылдауы баяу білім алушылар әрбір сабақ кезінде қажетті көрнекі құралдармен, дидактикалық материалдармен, тарататын және көрсететін көрнекіліктермен қамтамасыз етілуі қажет.

Психолог ғалым А.М. Гельмонт оқудағы үлгермеушілік себептерді оның категорияларына байланысты бөлуді міндет етіп қойған. Ол оқу пәндерінің саны мен үлгермеушілік тұрақтылығына байланысты үлгермеушіліктің 3 түрін бөліп көрсеткен. [39]

Жалпы және тұрақты үлгермеушілік - ұзақ уақыт бойы барлық немесе көптеген пәннен үлгермеу.

Жекелеген, бірақ салыстырмалы тұрақты үлгермеушілік – бұл бір немесе екі үш қиын пәндерден үлгермеу.

Эпизодтық тұрғыдағы үлгермеушілік – бірде жеңіл пәннен бірде екінші пәннен үлгермей қалу.

I категория себептері ретінде: білім алушының алдыңғы дайындығының төменгі деңгейі әр түрлі себептерге байланысты қолайсыз жағдайлар (дене кемістіктері, ауру, тұрмыс жағдайының нашарлығы, ата-ананың қамқорлығының жоқтығы); білім алушы тәрбиесінің жетіспеушілігі (жалқаулық, тәртіпсіздік); ақыл – ойының дамуының әлсіздігі.

II категория алдыңғы сыныптардағы кемшіліктер, оқылатын пәнге деген білім алушының қызығушылығының жетіспеушілігі, оқудағы қиындықтарды жеңуде ерік әлсіздігі;

III категория дұрыс оқытпау, оқудағы бақылаусыздық, сабаққа дұрыс қатыспау, сабақтағы зейінсіздік, үй тапсырмаларын жүйелі орындамау.

Физика сабағында үлгерімі төмен білім алушыларды болдырмау үшін үлгерімі төмен білім алушыларды педагогикалық, оқу-әдістемелік сүйемелдеу қажет.

Үлгерімі төмен білім алушыларды педагогикалық, оқу-әдістемелік сүйемелдеудің мақсаты үлгерімі төмен білім алушылармен жыл бойы жұмыс жүргізе отырып, қабілеті төмен білім алушылардың жеке тұлғалық мүмкіндіктерін ашуға көмектесу, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру, мемлекеттік білім стандартын меңгерту.

Ол үшін физика сабағында сыныптағы үлгерімі төмен білім алушыларды анықтау қажет.

Атқарылатын жұмыстың түрлері:

1 деңгей.

Күнделікті сабаққа қатысымдағы үнемі даярлықсыз келетін білім алушылар тобын анықтау. Тест жұмысын беріп, сараптау.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жылдық жұмыс жоспарын құрып, бекіттіру.

Таңдап алынған білім алушылардың ата-анасын хабардар ету. Олармен үнемі байланыста болу.

Жеке жұмыс дәптері; оқулық; карточкалар; сызғыштар; трек схемалар. Бағалау парақтарын әзірлеу.

2 деңгей.

Формулаларды жаттату, оларды түрлендіріп үйрету

Формулаларды қолданып есептің шығаруын үйрету

Сауатты есептеуге үйрету жұмыстары: ауызша есептеу дағдысын дамыту.

Өз бетімен ізденуге тапсырма беру.

Мәнжазба жазуға баулу, тест жұмыстарын тиімді есептеу әдістерімен таныстыру. Физикалық диктантты орындау мәдениетімен таныстыру.

Сынама алу.

Тест жұмысы. Өтілген материалдар бойынша сынама. . Кеспе қағаздар мен өз бетінше жұмыс беру.

Шапшаң есептеу дағдысын қалыптастыру қайталау.

3 деңгей.

Үлгерімі төмен білім алушымен жылдық жұмыс қорытындысы. Анализ жасау.

Мониторинг нәтижесін сараптау.

Жаңа оқу жылына жұмыстарды жоспарлау.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс барынша тиімді болу үшін білім алушының әлсіз және күшті жақтарын, кемшілігі мен қол жеткізген табыстарын жақсы білу қажет.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс Физика сабағында білім алушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту оқу материалының мазмұны арқылы, білім алушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру құралы мен тәсілдері арқылы жүзеге асырылады. Физика сабағында үлгерімі төмен білім алушылармен есептерді шығара алмайды. [30]

Мектеп практикасында физикалық есептермен жұмыс істеу процесінде негізінен оны шешу жолдары көзделеді, шешуді іздестіру білім алушылардың тиісті есеп шығару іскерліктерін қалыптастыру мәселесіне жеткіліксіз көңіл бөлінеді.

Есептің шығарылу жолдарын жан - жақты талдау, оны басқа есептер шығаруға қолдану жақтары да аз қарастырылады. білім алушы белгілі бір есепті шығару нәтижесінде алынған жаңа белгілі бір есепті қарастыру мақсаты аяғына дейін жеткізілмейді. Яғни фактілер пайдалануда шығарылған есеп білім алушылардың білімдері мен іскерліктерінің арасындағы байланысты жеткілікті мөлшерде анықтай алмайды. Мұндай жағдайда есеп шығару процессінде білім алушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту жөнінде айту қиынырақ болады. Мектеп практикасында мазмұнды есептерді практикалық, графиктік, арифметикалық және алгебралық тәсілдермен шығарады. Негізінен кеңінен қолданылатын – арифметикалық және алгебралық тәсілдерге көп назар аударылады.

Мазмұнды есептерді шығарудың арифметикалық және алгебралық тәсілдері өзара байланысты, өйткені мазмұнды есептерді алгебралық тәсілмен шығару арифметикалық тәсілге негізделген. Бұл мазмұнды есеппен жұмыс істелудің жалпы тәсілдерін қалыптастыру есепті шығарудың арифметикалық тәсілінен алгебралық тәсіліне көшу арқылы жүргізіледі деген сөз.

Физикалық мазмұнды есептер шығару кезінде білім алушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту мақсатында есептерді талдаудың жалпы тәсілдерін қалыптастыру жұмыстарын жүргізу орынды. Ол үшін есепті талдаудың мынадай кезеңдерімен таныстырған жөн:

1. Есептің мәнін оқып талдау. Бұл кезеңнің мақсаты – есепте баяндалған жағдаймен танысу және оны терең ұғыну, оның нысанды жақтары мен объектілер арасындағы байланыстарды анықтау.

2. Есептің мәтінін физикалық тілге көшіру. Бұл кезеңде есептің объектілері үшін шартты белгілер алынып, олардың арасындағы байланыстарға математикалық, графикалық интерпретация беру – шешу моделін құру.

3. Модельмен жұмыс істеу. Физиканың есептерін шығару кезінде білім алушылардың есептерді талдай білу іскерліктерін қалыптастыру білім алушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Білім алушылармен жұмысты оқу тәрбие процесіне қойылған жаңа талаптарға сай құрайды. Сабақтың барлық кезеңдерін ойластырып, білім алушылардың жас ерекшеліктерін және қабылдауларын ескере отырып құрастырылу қажет. Оқытуды жекелеу жұмысын жүргізуде әр түрлі әдістерді қолдануға болады. Деңгейлік дифференциацияны қолдану жағымды нәтиже береді. Бақылау жұмысын өткізуде түрлі формаларды қолдануға болады.

Физика сабағында үлгерімі төмен білім алушыларды педагогикалық, оқу-әдістемелік сүйемелдеу кезінде әр өтілген сабаққа ерекше назар аудару қажет.

Құрылым элементтері бойынша сабақты талдау төмендегілерді айқындайды:

1) сабақтың өзектілік сапасы, өздігінен орындайтын жұмыс қаншалықты табысты орындалды, білім алушылар қандай физикалық ұғымдарды тереңдетті, қандай жаңа ұғымдарды меңгерді, қандай дағдыларды игерді, бұрынғы білімнің қаншалықты көлемін қайталады, білім алушылардың жауаптарының толықтығы қандай, білім алушылардың сабақты айтып беруі, материалдың көлемі білім алушылардың мұғалімге қоятын сабақтарының

мазмұндылығы және қайталана беретін қателерді талдау үшін жағдай жасалды ма, білім алушылардың ойлау жұмыс белсенді болды ма, т.б;

2) білім алушылардың өздігінен орындайтын жұмысына арналған уақыт жеткілікті ме, мұғалім түсіндіргенде ұғымдар толық ашылды ма, жаңа материалдың бұрын оқып үйренген материалмен байланысы болды ма, білім алушылардың ішінен кім және қаншалықты ілгері басты, кім материалды әлсіз меңгерді және келесі сабақта кім көмекті қажет етеді;

3) білік пен дағдыларды қалыптастыру – білім алушылардың өздігінен орындайтын жұмысының сапасы, кімде қандай табыстар, сәтсіздіктер болды, білім алушылар үй тапсырмасын орындауға әзір ме, т.б;

4) сабақтың қандай элементтері білім алушыларға неғұрлым көп тәрбиелік ықпал жасады, келесі сабақта нені күшейтіп, қосымша қандай нақты материалдар келтіру керек, тағы басқалар.[31]

География, Жаратылыстану оқу пәндері

Қазіргі кездегі білім беру негізінде оқу әрекетін ұйымдастыруда жеке тұлғаның өзін-өзі таныту тетіктерін, ғылыми ойлау әдістерін, зерттеу мәдениетінің негіздерін игеруді, кәсіби мақсаттарын қалыптастыруды қамтамасыз ету қажеттілігі бірінші орында. Бүгінгі таңда педагогтің міндеті білім алушыларды білім мөлшерімен жабдықтау емес, білімді өз бетімен алу үшін жағдай жасау және үлгермеудегі олқылықтарды жою болып табылады.

Осыған орай, география пәнінің оқытылу сапасын жақсарту, оқыту әдістемесін ғылыми зерттеу нысанына ала отырып, соны ізденістер жасау, оны тікелей іс-тәжірибе арқылы дәлелдеуге қол жеткізу кезек күттірмейтін маңызды мәселеге айналуға.

«География» пәнін негізгі орта білім деңгейінде (7-9-сыныптар) оқытудың мақсаты дүниенің географиялық бейнесін тұтас қабылдай білетін, географиялық ойлау қабілеті дамыған, географияның әдістері мен тілін білетін және қолданатын, географиялық мәдениеті бар тұлға тәрбиелеу үшін білім алушылардың білік пен дағдыларын қалыптастыру және дамыту болып табылады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі міндеттерді шешу қажет болады:

- географияның ғылыми пән ретіндегі рөлі мен оның қазіргі заманғы адамзат мәселелерін, сондай-ақ ғаламдық мәселелерді шешудегі әлеуетін түсінуге мүмкіндік беру;

- білім алушылардың бойында табиғат пен қоғам арасындағы өзара байланыстарға, осы байланыстардың кеңістіктік ерекшеліктеріне ғылыми көзқарастарды қалыптастыру;

- қоғамдық өндірістің, табиғатты қорғау мен табиғатты тиімді пайдаланудың ғылыми жаратылыстану, әлеуметтік-экономикалық негіздерін ашу;

- білім алушылардың географиялық зерттеу әдістері мен зерттеу дағдыларын игеруіне ықпал жасау;

- білім алушылардың география ғылымының түсініктері мен терминдерін меңгеруіне ықпал жасау;

- білім алушылардың кеңістіктік ойлауы мен картографиялық дағдыларын қалыптастыру;

- географиялық білімді күнделікті өмірде, өз іс-тәжірибесінде пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

Осы аталғандарды игермеу үлгермеушілікке алып келеді

Үлгермеушілік – бұл оқудағы артта қалушылық, бұл ретте бөлінген уақыт ішінде білім алушы оқу бағдарламасында көзделген білімді қанағаттанарлық деңгейде меңгерме алмауы. Оқытуға байланысты топта да, жеке де білім алушы оқу бағдарламасын толық игермеуі көптеген жағдайларға байланысты

Оқуды меңгермеген білім алушының не себепті игере алмауын анықтау күрделі нәрсе емес. Біз оның тудыратын себептерді білуіміз керек. Бұл психикалық белсенділіктің төмен сапасы, бала, оның оқуға деген ынтасының болмауы, оқу процесін ұйымдастырудың жетілмегендігі және т.б. себептер болуы мүмкін.

Мұғалімнің мақсаты:

- білім алушылардың географиялық білімді алуда оқу бағдарламаларын мақсатқа сай түсіне білуін қамтамасыз ету, жағдай жасау;

- оқу үдерісін ұйымдастыру барысында педагогикалық технологияларды іріктеу, карталармен жұмыс жүргізу арқылы үлгерімі нашар білім алушылардың оқуға деген қызығушылығын, ынтасын арттыру;

- көп деңгейлі оқытуды жүзеге асыру;

- үлгерімі нашар білім алушылардың ерекшеліктерін, олардың оқуда қалып қою себептерін және әлсіз уәждемесін зерделеу.

- білім алушылардың оқу еңбегіне жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру

- білім алушы әртүрлі себептер бойынша оқудан артта қалуы мүмкін:

- науқастануы бойынша сабақтарды өткізіп жіберу;

- әлсіз жалпы физикалық даму, созылмалы аурулардың болуы;

- қолайсыз отбасы;

- «көше» мәселесі.

Пән мұғалімі ретінде білім алушының оқу бағдарламасын неге үйренбейтінін, оған бұл мәселеде қалай көмектесуге болатындығын түсінуге тырысу қажет. Сәтсіздіктің нақты себептерін анықтап алып барып жоспар жасау керек.

Пәнді оқу мәселесі бойынша сынып жетекшісімен, әлеуметтік педагогпен, педагог-психологпен, білім алушының ата-анасымен бірлесіп жұмыс істей білу шеберлікті талап етеді.

Кез келген мұғалім алдымен үлгерімі нашар білім алушыларға көңіл бөліп сабақта жағымды атмосфера жасайды, дер кезінде көмек көрсете отырып, еркін таңдау мен сәттілік жағдайын жасау ғана нәтиже бермек.

Оқуда қиындықтары бар білім алушыны психологиялық - педагогикалық қолдау шеңберінде жұмыс кезең-кезеңмен жүзеге асырылады:

1. Бастапқыда жасөспіріммен психологиялық байланыс орнатылады;

2. Әрі қарай үлгермеу себептерін анықтау бойынша диагностикалық жұмыстар жүргізіледі;

3. Келесі кезеңдерде психологиялық көмек көрсету бойынша одан әрі іс-қимыл бағдарламасы жасалады және атқарылған жұмыстың тиімділігі анықталады

Пән мұғалімі ретінде білім алушының оқу бағдарламасын неге түсінбейтінін, оған осы мәселеде қалай көмектесуге болатындығын түсінуге тырысу керек. Сәтсіздіктердің нақты себептерін анықтап, іс-қимыл жоспарын жасау керек. Пәнді оқу мәселесі бойынша сынып жетекшісімен, әлеуметтік педагогпен, педагог-психологпен, білім алушының ата-анасымен ынтымақтастықта жұмыс істеу қажет.

Кез-келген мұғалім алдымен үлгерімі нашар білім алушыларға назар аударады сабақта жағымды атмосфера жасайды - уақтылы көмек көрсетеді; тек еркін таңдау және сәттілік жағдайын жасау нәтиже береді.

Көптеген авторлар үлгермеген мектеп білім алушыларының типологиясына өздері зерттеген сәтсіздіктің себептерін қояды. Бұл, атап айтқанда, Л.С. Славина: сәтсіздердің түрлері басым себептермен ерекшеленеді.

Үлгермегендердің бір тобы – тиімді оқу мотивтері жоқ білім алушылар, екіншісі – оқу қабілеті нашар балалар, үшіншісі-оқу жұмысының дұрыс қалыптаспаған дағдылары бар және жұмыс істей алмайтын білім алушылар. Дәл осындай әдісті А. А. Бударный, Ю. К. Бабанский және басқа да авторлар қолданады.

Білім алушылардың ішінде берілген тапсырмаларды ұқыпсыз қабылдайды, көбінесе оларды түсінбейді, бірақ мұғалімге сұрақтар қоймайды, түсіндірулер сұрамайтындары кездеседі.

Пассивті жұмыс істейтіндерге жұмыс түрлерін әр түрлендіріп үнемі ынталандыруды қажет етеді. Кейбір білім алушылар өзінің сәтсіздіктері мен қиындықтарын байқамайды өз жұмысын жоспарламайды және ұйымдастырмайды, жұмыс нәтижелеріне немқұрайлы қарайды.

Үлгерімі төмен білім алушының көрсетілген белгілері, өйткені олар оның Оқу процесіндегі қызметін сипаттайды, үлгермеушілікті анықтауда қолданылуы мүмкін. Тағы бір ерекше түрі патологиялық деп аталады-бұл эмоционалды, көбінесе оқуда сәтсіздікке ұшыраған, басқалардың өзіне деген ерекше қарым-қатынасына тап болған білім алушылар. Олар жұмысты бастамас бұрын «мүмкін емес» деп мәлімдейді, басқалардың мақұлдауын қажет етеді, қиындықтар мен сәтсіздіктерге төтеп беру қиын. Бұл жағдайда ерекше белгілер дидактикалық емес, психологиялық сипатқа ие.

Оқу үлгерімі төмен білім алушыларды түрлерге бөлуді білім алушылардың жеке қасиеттерінің екі негізгі тобының арақатынасының сипатына байланысты жүзеге асыруға болады:

Оқумен байланысты ақыл-ой белсенділігінің ерекшеліктері.

Білім алушының жеке басының бағыты, оның оқуға деген көзқарасын анықтайды.

Осы негізде оқу үлгерімі төмен білім алушылардың үш түрі анықталды:

1. Оқуға оң көзқараспен және білім алушының позициясын сақтай отырып, ақыл-ой белсенділігінің төмен сапасымен сипатталатын сәтсіз білім алушылар.

2. Оқуға теріс көзқараспен және білім алушының позициясын ішінара немесе толық жоғалтумен психикалық белсенділіктің салыстырмалы түрде жоғары деңгейі бар білім алушылар.

3. Оқуға теріс көзқараспен және білім алушының позициясын толық жоғалтуымен, мектепті тастап кетуге деген ұмтылысымен көрінетін ақыл-ой белсенділігінің төмен сапасымен сипатталатын нашар білім алушылар.

Әр білім алушының білім беру бағдарламасын сапалы меңгеруін қамтамасыз ету қажеттілігі көбінесе мұғалімдер үшін қиын міндет болып табылады. Педагогикалық қызметтің нәтижелерін талдай отырып, біз бұл мәселенің шешілмейтінін, бірақ кейбір тиімді тетіктерді қалыптастыра алатынымызға назар аударамыз

Оқу мақсатын белгілей отырып, ұжымдық талқылау барысында мынадай жетіспеушіліктер анықталды.

Мектепте білім беру процесін дараландыру мәселесі нормативтік және әдістемелік деңгейде жеткілікті пысықталмаған;

Педагогтер түрлі сатыдағы қиындықтары бар балаларды оқытуға мүмкіндік беретін құзыреттерді жеткілікті дәрежеде меңгермейді;

Қиындыққа тап болған білім алушылардың ата-аналары тарапынан көмектің аздығы анықталды.

Әр білім алушының білім беру бағдарламасын сапалы меңгеруін қамтамасыз ету қажеттілігі көбінесе мұғалімдер үшін қиын міндет болып табылады. Педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелерін талдай отырып, біз бұл мәселенің шешілмегеніне назар аударамыз.

Оқыту мақсатын белгілей отырып, ұжымдық талқылау барысында мынадай кемшіліктер анықталды.

Мектепте білім беру процесін дараландыру проблемасы нормативтік және әдістемелік деңгейде жеткілікті пысықталмаған;

Мұғалімдер әртүрлі кезеңдерде қиындықтары бар балаларды оқытуға мүмкіндік беретін құзыреттіліктерді жеткіліксіз меңгерген;

Қиын жағдайға тап болған білім алушылардың ата-аналары тарапынан көмек жеткіліксіз екені анықталды.

География пәні бойынша үлгерімі төмен білім алушыларды анықтауда ең бастысы географиялық терминдер, номенклатура бойынша картамен жұмыс жүргізу арқылы анықтай аламыз. Педагогикалық, оқу-әдістемелік сүйемелдеу мақсатында мұғалім білім алушылармен жеке және топтық жұмыстар жүргізу барысында нәтижеге қол жеткізбек. Мысалы қазір сирек қолданып жүрген ескін картамен жұмыстар жүргізу нәтиже бермек. Логикалық сыни ойлау арқылы нәтиже ала аламыз. Егер білім алушы 4 жарты шар туралы ,ендіктер мен бойлықтарды, экватор сызығы деген түсініктерді бастауыш сыныптағы Жаратылыстану пәнінен толықтай білім қалыптастырмаса 7 сыныпта олқылықтарды толықтыру жұмыстары жүргізілуге тиісті

«Адам және қоғам» білім беру саласы бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер.

Негізгі орта білім беру аяқталғанда білім алушы:

1) отан және дүниежүзі тарихы кезеңдерін; Қазақстан және дүниежүзі тарихының ежелден бастап қазіргі күнге дейінгі негізгі оқиғаларын, құбылыстарын, процестерін; отан және әлем тарихында маңызды рөл атқарған тарихи қайраткерлерді; тарихи даму барысында қалыптасқан ұлттық және әлемдік мәдениеттің маңызды жетістіктерін; тарих ғылымының базалық ұғымдарын; тарихи деректердің түрлерін; құқық пәні мен ұғымын; заманауи құқық жүйелерін; іргелі құқықтық және әлеуметтік құндылықтарды: адам құқығы, демократия, азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет, заңдылық және құқық тәртібі; қазақстандық құқық саласының базалық мазмұны мен негізгі ұғымдарын; құқық дереккөздерін; гуманизмге, адалдыққа, отан алдындағы борыш пен толеранттылыққа негізделген құндылықтар мен нормалар мәнін; адамның өзіне, қоршаған әлемге, жалпы адамзатқа деген қарым-қатынасын ескеретін адамгершілік мінез-құлық негіздерін, әлеуметтік маңызды бағдарды; адамның жағымды және жағымсыз қасиеттері, эмоциялары мен сезімдері туралы ұғымдарды біледі;

2) тарихтың барлық кезеңдері бойы отан және дүниежүзі тарихының дамуының тұтастығы мен үздіксіздігін сипаттайтын негізгі оқиғалардың, құбылыстар мен процестердің мәнін; Қазақстан мен түрлі әлем елдерінің қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуының сипатты белгілерін; заманауи қоғамдық процестердің тарихи шарттылығын, адамзаттың мәдени әртүрлілігін; Қазақстанның тарихи жолының ерекшеліктерін, әлем тарихындағы оның рөлі мен орнын; отан және әлем тарихындағы көрнекті тұлғалардың рөлі мен орнын; өзін Қазақстан Республикасы азаматы ретінде сезінуі нысанында азаматтық және ұлттық біртектілігін; отан және әлем тарихына, мәдениетіне, дәстүрлеріне, адам құқығы мен бостандығына, қоғам өмірінің демократиялық қағидаларына құрметпен қарау қажеттігін; мемлекет және құқықтың пайда болуы, олардың өзара байланысы; қазақстандық құқық салаларының негізгі ұғымдары мен базалық санаттарын; құқық мазмұнын, нақты құқықтық қарым-қатынастардың қатысушысы ретінде азаматтың міндеттері мен жауапкершілігін; әлеуметтік өмірдің негізгі салаларындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу қажеттілігін; тұлғаның құқығын құрметтеу қажеттілігін; адамның ұдайы өзін-өзі дамыту мен тану қажеттілігін; жалпы адамзаттық, этномәдени және ұлттық құндылықтардың өзара байланысын; сөзі мен әрекеті үшін жауапкершілікті; отбасындағы, ұжымдағы және қоғамдағы өзінің рөлін; болашақ мамандығын саналы таңдау маңыздылығын; өмірде өзара көмектің маңыздылығын; практикада салауатты өмір салты туралы білімді қолдана отырып, өз өмірі мен денсаулығын құндылық ретінде түсінеді;

3) тарихи ойлау дағдыларын: өмірлік міндеттер мен мәселелерді шешу үшін; тарихи картадағы өзгерістерді, түрлі объектілердің орналасқан жерін анықтау кезінде; тарихи тұлғаларды, оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді салыстыру кезінде; Қазақстанның және әлемнің басқа да елдерінің саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын сипаттау кезінде; тарихи негізіне

сүйене отырып, заманауи өмірдің құбылыстарына қатынасы бойынша өз ұстанымын анықтау кезінде; тарихи материалдармен жұмыс кезінде; күнделікті өмірде және практикалық әрекетінде құқықтық ақпаратты; құқықпен реттелген, күнделікті өмірде заңға сәйкес іс-қимыл мен мінез-құлық тәртібін таңдау кезінде; құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыру тәсілдерін айқындау кезінде, сондай-ақ бұзылған құқықтарды қорғау кезінде; тиісті органдар мен ұйымдарға білікті заң көмегіне жүгіну кезінде; өзекті қоғамдық және құқықтық мәселелер бойынша пікірталастарға қатысу кезінде; қоғамға қызмет етуге бағытталған, проблемаларды шешуде шығармашылық тәсілді; адамгершілік нормаларына сәйкес түрлі мәселелерді сындарлы шешуде; басқа адамдармен және қоршаған ортамен тілектестік қарым-қатынас орнату кезінде алынған білімді, білікті және дағдыны қолданады;

4) себеп-салдарлық байланыстарын анықтау мақсатында тарихи оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді; жалпы сипатты белгілері мен ерекшеліктерін анықтай отырып, Қазақстанның және басқа да елдердің тарихи дамуын; тарихи тұлғалар қызметінің нәтижесі мен уәждерін; тарихи параллель өткізу жолымен Қазақстан мен әлемнің жекелеген мемлекеттерінің даму үрдістерін, қоғамдық, экономикалық, саяси және мәдени процестерін; проблемалық сұрақтарға жауап беру үшін түрлі тарихи дереккөздерді; бір тарихи оқиғаларға, құбылыстар мен процестерге түрлі көзқарастарды; түрлі таңбалы жүйеде (мәтін, карта, кесте, схема, дыбыс-бейне қатары) ұсынылған ақпараттарды; қоғамдағы құқықтық қатынастарды реттейтін нормалар мен тетіктерді; құқықтық қатынастар субъектілерінің негізгі құқықтары мен міндеттерін; қоғамдағы құқықтық қатынастарға байланысты, күрделі емес практикалық жағдаяттарды; жасөспірімдердің заң алдындағы жауапкершілігін және құқықтық ережелерінің ерекшеліктерін; түрлі деректерден алынған құқықтық сипаттағы ақпараттарды; адамдарда тұлғалық өзін-өзі анықтау, өзін-өзі таныту, өзін-өзі бақылау қабілетін қалыптастыру нысандары мен әдістерін; материалдық және материалдық емес жоспардың қажеттіліктері және олардың қалау мен мүмкіндіктерге сәйкес келуін талдайды;

5) жалпы заңдылықтарды анықтай отырып, тарихи құбылыстардың, процестердің сипатты белгілерін жіктеу, жүйелеу, жалпылау және саралау үшін түрлі дереккөздердегі ақпараттарды; қоғамда болып жатқан қазіргі заманғы саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерге бағдарлану үшін тарихи мәліметтерді; қоғамда әлеуметтік бейімделу үшін құқықтық және адамгершілік нормаларын ескере отырып, түрлі практикалық жағдаяттардағы мінез-құлық моделін жинақтайды;

б) тарихи оқиғаларды, процестерді, құбылыстарды, тұлғаларды отандық және әлемдік тарихқа ықпалы тұрғысынан бағалайды, оларды әртүрлі түсіндіруді; әртүрлі тарихи дереккөздердің анықтығын; заманауи өркениеттің перспективасын, оның дамуындағы қиындықтар мен проблемаларды; қазіргі қазақстандық қоғамның әлемдік экономикадағы, саясаттағы және мәдениеттегі рөлін; қоғамдағы мемлекеттік-құқықтық институттардың қызметі, олардың дамуына өз үлесін қосу мүмкіндігін; қоғам өміріндегі оң және келеңсіз құбылыстарды; құқық қорғау мен заңдылық мәнін; нақты мәселелерді шешуде

саналы белсенділік таныту қабілетін көрсету; адамгершілік нормаларына сәйкес белгіленген міндеттерді сындарлы шешу үшін өзінің ұжымда және топта ынтымақтасу қабілетін бағалайды.

«Қазақстан тарихы» оқу пәні

Білім алушылардың оқу үлгермеуінің төмендеуінің негізгі белгілері:

1. Білім алушы тапсырманың қиындығы неде екенін айта алмайды, оны шешу жоспарын белгілей алмайды, мәселені өз бетінше шеше алмайды, жаңа оқу материалы негізінде жаңадан не оқығанын түсініп айта алмайды. Білім алушы мәтін бойынша сұрақтарға жауап бере алмайды, одан жаңа нәрсе білдім деп айта алмайды. Бұл белгілерді тапсырмаларды шешу, мәтінді оқу және мұғалімнің түсіндірмесін тыңдау кезінде анықтауға болады.

2. Білім алушы оқып жатқан материалдан тарихи оқиғалардың мәні бойынша сұрақтар қоймайды, оқулыққа қосымша дереккөздерді табуға тырыспайды және оқымайды. Бұл белгілер проблемаларды шешуде, мәтіндерді қабылдауда, мұғалім оқу әдебиеті мен тарихи деректерді ұсынған кезде көрінеді.

3. Білім алушы белсенді емес және іздеу кезінде сабақ барысында алаңдайды. Бұл белгілерді проблемаларды шешу кезінде, мұғалімнің түсіндірмесін қабылдау кезінде, өзіндік жұмыс үшін тапсырманы таңдау жағдайында байқауға болады.

4. Білім алушы жетістіктер мен сәтсіздіктерге эмоционалды түрде жауап бермейді (мимика мен ым-ишарат), жұмысына баға бере алмайды, өзін басқара алмайды.

5. Білім алушы өзі орындайтын жаттығудың мақсатын түсіндіре алмайды, ол қандай ережеге берілгенін айта алмайды, Ереженің ұйғарымдарын орындамайды, іс-әрекеттерді өткізіп жібереді, олардың тәртібін шатастырады, алынған нәтиже мен жұмыс барысын тексере алмайды, бұл белгілер жаттығуларды орындау кезінде, сондай-ақ неғұрлым күрделі іс-әрекеттің құрамында іс-әрекеттерді орындау кезінде көрінеді.

6. Білім алушы тарихи контент, терминдердің тарихи оқиғалар мен құбылыстардың негізгі ойы мен анықтамаларын жаңғырта алмайды, ұғымдар жүйесін баяндай алмайды, дайын мәтіннен алыстай алмайды; зерделенген ұғымдар жүйесіне құрылған мәтінді түсінбейді. Бұл белгілер білім алушыларға тиісті сұрақтар қою кезінде көрінеді. Бұл жағдайда дамып келе жатқан сәтсіздіктің алдын алу үшін білім алушының қандай екенін және оның оқу барысында қандай әрекеттерге назар аудару керектігін көрсететін белгілер көрсетілген.

Үлгерімді арттыруға бағытталған жұмыс алгоритмі:

- ✓ үлгермеудің себептерін анықтау;
- ✓ білімдегі олқылықтарды жою бойынша жеке жұмыс жоспары.

Сынып жетекшісі:

- ✓ сынып журналы бойынша білім алушылардың үлгерімін уақтылы бақылау ;
- ✓ ата-аналарды уақтылы хабардар ету;

- ✓ сабаққа қатысуды бақылау;
- ✓ оқыту үшін қажетті жағдайларды жасау бойынша ата-аналармен жұмыс.

Мұғалім:

- ✓ психологтың ұсыныстарына сәйкес сабақта жеке жұмыс жасау;
- ✓ білім алушыларға көмек көрсету бойынша ата-аналарға ұсыныстар;
- ✓ жеке қосымша сабақтар □ пән бойынша кеңесшілердің жұмысын ұйымдастыру; жеке кеңес беру.

Мектеп әкімшілігі:

сабақтан тыс уақытта сабақта олқылықтарды жою жұмыстарын бақылау;

мұғалімдердің, сынып жетекшілерінің күнделіктермен жұмысы; білім алушымен жеке жұмыс дәптерлерін бақылау;

әлеуметтік-психологиялық қызметтің жұмысын бақылау.

- Сабақта жеке жұмыс істеу тәсілдері:
- Жеке тапсырмалар
- Жұмысты орындау уақытын көбейту
- Уақытша топтардағы жұмыс
- Жауап жоспарын құру
- Жауап беру кезінде көрнекі құралдарды пайдалану
- Қателерді талдау және жүйелеу, қателермен жұмыс жасау
- Білім алушылар тарапынан сұрақтарды ынталандыру □
- Тапсырмаларды кішігірім уақыттарға бөлу
- Ұтымды жаттығу жүйесі /тарихи терминдер/
- Сөйлеу, түсініктеме беру, жүйелі қайталау
- Кеңес беру карточкаларын, алгоритмдерді, схемаларды, тіректерді және т. б. пайдалану.

Оқытудың сараланған тәсілі тиісті дидактикалық материалдарды қолдануды қамтиды:

- өзін-өзі бақылауға арналған арнайы оқыту кестелері, плакаттар мен схемалар;
- ұсынылған тапсырманың жағдайын анықтайтын тапсырма карточкаларын,
- қажетті түсіндірмелермен, сызбалармен қоса алынған ақпарат мәтіндері бар карточкаларды көрсету;
- шешімдерді қалай жүргізу керектігі көрсетілген карталар;
- карточкалар-тапсырманы орындау үшін нұсқаулар берілген нұсқаулар.

Тарих пән мұғалімдеріне ұсыныстар:

Бір сатыдан екінші сатыға өту кезіндегі бейімделу кезеңінің қиындықтарын, Материалды ұсыну тәсілін, терминологияны таңдаудағы білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескеруге міндетті.

Жоғары қарқын - білім алушылардың материалды игеруіне кедергі келтіретін себептердің бірі.

Білім алушыларға үй тапсырмасын орындаудың ұтымды тәсілдерін ұсыну, ата-аналарды осы әдістермен таныстыру, сабақта үй тапсырмасын түсіндіруге уақыт бөлу

Тек мұғалім мен білім алушының бірлескен іс-әрекеті тәжірибе мен білімді берудің ең тиімді әдісі екенін ұмытпаңыз.

Барлық сыныптағы балаларды көтермелеуге үйрету, әсіресе 5-6 сынып білім алушыларын. Әр білім алушының жауаптарынан ерекше нәрсе таба білу. Табысқа жету үшін жағдай жасау.

Сабақты аяқтай отырып, сабақ алдында өзіне сенімді емес және белсенді емес адамдарды жігерлендіру.

Білім алушының отбасымен байланыста жұмыс істеуге.

Сыныппен эмоционалды байланыс орнату.

2. ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ӘДІСТЕРІ МЕН НЫСАНДАРЫ

Білім берудің гуманистік парадигмасының негізгі идеяларының бірі – педагогтың басты тәрбиелік ұстанымы – білім алушыға педагогикалық қолдау көрсету ұстанымы. Педагогикалық қолдау – бұл баланың ішкі күштері мен қабілеттеріне және оның іс-әрекетте көрінетін өзіндік процесіне жүгінуге негізделген білім беруді ұйымдастыру.

Қазіргі дидактикада оқудағы үлгермеушілікті жеңудің негізгі әдістері ретінде мыналарды ұсынады:

Педагогикалық профилактика – оқытудың белсенді әдістері мен формаларын, жаңа педагогикалық технологияларды, проблемалық және бағдарламаланған оқытуды, педагогикалық іс-әрекетті ақпараттандыруды қамтитын оңтайлы педагогикалық жүйелерді іздеу.

Педагогикалық диагностика – оқу нәтижелерін жүйелі бақылау және бағалау, олқылықтарды дер кезінде анықтау. Ол үшін педагогтың білім алушылармен, ата-аналармен әңгімелесуі, педагог күнделігіне мәліметтерді бекіту арқылы қиын білім алушыны бақылау, бақылау жұмыстарын жүргізу, нәтижелерін талдау, жіберілген қателік түрлеріне қарай кесте түрінде қорытындылау қолданылады.

Педагогикалық терапия – оқудағы артта қалуды жою шаралары. Отандық мектепте бұл қосымша сабақтар, теңестіру топтары. Соңғысының артықшылығы - сабақтар топтық және жеке оқу құралдарын таңдау арқылы байыпты диагностика нәтижелері бойынша жүргізіледі. Оларға арнайы педагогтар сабақ береді, сабаққа қатысу міндетті.[45]

Тәрбиелік әсері. Оқудағы сәтсіздіктер көбінесе нашар біліммен байланысты болғандықтан, үлгермеген білім алушылармен жеке жоспарлы тәрбие жұмысы жүргізілуі керек, оған білім алушының отбасымен жұмыс кіреді.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыста тәрбиелік және дамытушы педагогикалық ықпалдар бірінші орынға шығады. Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасау мақсаты олардың оқу дайындығындағы олқылықтардың орнын толтыру ғана емес, сонымен бірге олардың танымдық дербестігін дамыту болып табылады. Бұл маңызды, өйткені білім алушы жолдастарын қуып жетіп, болашақта олардан қалып қоймауы керек. Үлгерімі төмен білім алушыларға қойылатын талаптарды уақытша қысқартуға рұқсат етіледі, бұл олардың біртіндеп қуып жетуіне мүмкіндік береді.

Үлгермеушіліктің себептері бейтараптандырылады (теріс жағдайларды жою және оң аспектілерді күшейту). Оқу-тәрбие процесін жетілдіру жолдарын әзірлеген кезде, әдетте, үлгерімі төмен білім алушыларға ерекше қолайлы жағдай жасауды ескереміз. Сондай-ақ барлық білім алушылар үшін жеке шаралар әзірленуде; олар мектептегі білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудің жалпы жағдайын жақсартуға қызмет етеді. Оның ішінде есеп пен бақылауды жетілдіру бойынша ұсыныстар, білім алушылардың танымдық іс-әрекетін және олардың дербестігін белсендіру, ондағы шығармашылық элементтерді нығайту,

қызығушылықты дамытуды ынталандыру бойынша ұсыныстар бар. Қарым-қатынастарды қайта тәрбиелеу жолдары кейбір педагогикалық және психологиялық жұмыстар: білім алушының алдына оның табысқа жетуі үшін қол жетімді тапсырмаларды қою.

Әдістемелік ұсынымда оқу пәндері бойынша үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс бойынша әдістемедегі білім алушылардың білім көтеруге байланысты тиімді педагогикалық әдіс-тәсілдер ұсыныс ретінде берілген.

Үлгерімі нашар білім алушылармен жеке-бағдарлық жұмыс бойынша әдістер мен тәсілдер

1 Білім алушылармен сабақта жеке жұмыс атқару	
Тәсілдің жақсы жақтары	Тәсіл кемшіліктері
Білім алушының жеке дайындығын толығымен ескеруге және бар мәселелерді шешуге болады	Ұйымдастырушылық: жеке жұмыс кезінде кіші балалармен қиыншылық тууы мүмкін. Психологиялық: толымсыздық комплексін қалыптасады.
2. Жеке тапсырмалар(кеспе қағаздар)	
Жеке дайындығының деңгейін ескере отыра білім алушыны жұмысқа жұмылдыру керек, білім алушы өз күшіне сенуі керек.	Мұғалімнің сабаққа дайындалуына көп уақыт кетеді.
3. Шағын топтарды ұйымдастыру жұмысы	
Әр білім алушыны жұмысқа тарту арқылы сыныпта жұмыс жағдай туындайды	Белсенді білім алушы белсенділігі төмен білім алушыны басып тастайды, өз пікірін міндеттейді
4. Жұптық жұмыс	
Психологиялық кедергілерді жеңу, әр білім алушының сөзі тыңдалады, оны түсінуге жағдай туады	Білім алушылардың белсенділіктерінің төменділігі – оқу мотивациясының төменділігі
5. Әдістер мен ойын түрлерін қолдану	
Психологиялық кедергілерді жеңу, әр білім алушы тыңдалады, оны түсінуге жағдай туады	Танымдық әрекеттерге кедергі болып білім алушы сабақты «ойынға» айналдыру қаупі бар
6. Бұрынғы алынған тапсырмалармен байланысы жоқ шығармашылық жұмыстарды қолдану	
Психологиялық кедергілерді жеңу, танымдық әрекеттердің белсенділігі байқалады	Алған білімінің таяз, жеткіліксіз болуы
7. Сыныптан тыс кезеңде білім алушылармен жеке жұмыс	

Білім алушының жеке дайындық деңгейін ескеруге жағдай туады, білім алушы өз күшіне сенуі керек.	Уақытты талап етеді: көп жұмыс жүктеледі, мазасыздық туындап, өзін-өзі ыңғайсыз сезінеді.
8. Білім алушыларды үйірме және факультативтерге тарту	
Білім алушының танымдық әрекеті, оқуға ынтасы жоғарылайды	Мектептің қаржылық базасының шектеулі болуы үлгерімі төмен білім алушыларды тартуға қиындық туғызады
9. Білім алушыларды қоғамдық жұмыстарға тарту	
Кедергілерді жеңе білу	Қоғамдық жұмыспен және білім алушы арасындағы тікелей байланыстың болмауы білім алушыны танымдық және қоғамдық жұмыстарға тартуға қиындық туғызады
10. Ата – аналардың педагогикалық деңгейін көтеру жұмыстары	
Мектеппен ата – аналар арасындағы байланысты нығайту, балаларды тәрбиелеу ісінде бірігіп жұмыс істеу	Ата – аналар балаларды тәрбиелеуде өздерін алшақ ұстауы және мектептің ата – аналардың мінез – құлқын жөндеу мүмкіншілігінің болмауы

«Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» оқу пәндері

Білім алушылардың білімді қалыпты игеруде, психологтар мен педагогтардың зерттеулері бойынша баланың оқуына үш фактор себепші болады деп зерттеген:

- 1) балаға қоғамдық жағдай мен өмірдегі тұрмыс жағдайы себепші болады;
- 2) балалардың мінез-құлқындағы жағымсыз ерекшеліктері мен психикасының өзгеше қалыптасуынан немесе қалыпты нормадан ауытқуы және ақыл-ой даму деңгейінің тежелуінен;

3) педагогикалық тәрбиенің дұрыс болмауынан деп зерттеген.

Дегенмен мектепте оқу мен тәрбие беру бағдарламалары бірдей болғанымен, білім алушылардың білімді игеруде барлығы бірдей емес. білім алушылардың үлгерім көрсеткіштері, оқу міндеттеріне қатынасы, тәрбиесі, даму деңгейлері әртүрлі болып келеді. Білім беру ұйымдарында білім алушыларды тәрбиелеу мен оқытуда қоғам мен мемлекеттің алдында олардың үлгермеушіліктерін уақытылы жою міндеттері тұр.

Үлгерімі төмен білім алушының сөз қоры аз болады, шығарма, мазмұндама жазу қиынға соғады. Есте сақтау қабілеті өз жасынан төмен, сондықтан мақал-мәтел, өлең, тақпақтарды тез арада жаттай алмайды. Зейіні тұрақсыз. Сабаққа енжар қарайды. Бұл балалардың танымдық қабілеттері төмен болып келеді. Білімді қабылдауына әртүрлі себептер әсер етуі мүмкін, денсаулығына

байланысты, ата-анасының қарауынсыз қалуына байланысты немесе психикалық дамуында ауытқу болуы мүмкін.

Жас ерекшеліктеріне сай дүниетанымы, қабылдауы мен зейіні тұрақталмаған, үлгерімі төмен білім алушыға оқу қызметінің жетістігін қамтамасыз ету үшін алдымен жұмыс жүйесін ойластыра келіп, келесі ережеге сүйенген дұрыс:

1) Үлгерімі төмен білім алушыларға бірден жағдаятты сұрақ қойып, бірден тез жауабын талап етуге болмайды.

2) Ойлануы мен дайындалуына жеткілікті уақыт беру.

3) Жауабын жазбаша сұрау. Үлгерімі төмен білім алушының сөздік қоры аз болғандықтан оның ауызекі сөйлеуі дамуында қиындықтар туындайды.

4) Аз уақыт ішінде үлкен материалды меңгеріп алулары мүмкін емес, сондықтан қиын материалды шама-шарқынша бөлімдерге бөліп беру керек.

5) Өздік жұмысты орындауда қиын болған сұрақтар бойынша мұғалім нұсқау беріп, көмек көрсетуі тиіс.

Мұндай білім алушыларға өзіне, біліміне, күшіне деген сенімділігін қалыптастыру керек. Сабақ барысында, сыныптан тыс уақытта білім алушыларға жеке дифференциалды тапсырма түрлерін ұсынған кезде қарапайым түсініктен бастау керек.

Оқу бағдарламасының тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталғаны оның ерекше өзгешелігі болып табылады. Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі: білімін функционалды және шығармашылықта қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларды дамытуға негіз болады.

Білім алушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру және оның нәтижелерін бақылауды жүзеге асыру үшін педагог әртүрлі әдістер мен құралдарды пайдаланады.

Оқытудың барлық аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі» әдістерімен салыстырғанда, оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сындарлы оқыту тәсілдері білім алушылардың алдыңғы білімдерімен ұштастырыла отырып, жаңа білім алуы туралы тұжырымдамаға негізделген. Бұл жерде ең маңыздысы: білім алушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды меңгеруге ықпалын тигізеді, ал егер ол ескерілмесе, онда білім тереңге бармай, үстірт меңгерілген таяз білім болады. Мұндай үстірт білім – білім алушыға қазіргі әлемде жетістікке жету үшін қажетті жоғарыда аталған сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да дағдыларды, алған білімін өмірде қолдануына кері әсерін тигізеді. Білім алушылар білімді толықтай меңгеру үшін ақпаратты енжар қабылдамай, сабаққа белсенді қатысуы керек. Білім алушылардың алған білімдерімен жұмыс істеуіне, оны әрі қарай өңдеп, өз дағдыларын арттыруға мүмкіндік беретін тапсырмалар орындауға жағдай жасау маңызды. [7]

Қазақ тілі мұғалімдері білім алушыларды өздігінен білім алуға, шешім

қабылдауға қабілетті ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі жоғары, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады.

Мұғалімдер білім алушылардың бойында бұл қасиеттерді әртүрлі оқыту тәсілдерін қолдану арқылы тәрбиелейді және дамытады:

- сенімді қатынас пен ынтымақтастық ахуалын қалыптастыру үшін жағдай жасау;

- әрбір білім алушының жеке пікірін тыңдау және алынған білімдер мен түсініктерді қолдану, оларды дамыту маңыздылығына мән беру;

- іс-әрекеттердің белсенді түрлерін ұйымдастыру және тиянақты сараланған тапсырмалар мен жаттығулар арқылы ынталандыру және дамыта оқыту;

- білім алушылардың сабақта зерттеу жұмыстарын жүргізуін қажет ететін проблемалық жағдаяттар туындату және проблемаларды шешу стратегияларын модельдеу және көрсету;

- «оқу үшін бағалауды» қолдану арқылы білім алушылардың оқуына қолдау көрсету;

- белсенді оқуға және зерттеу жобаларын орындауға негізделген білім алушылардың зерттеу іс-әрекеттерін қолдау;

- білім алушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;

- өз ойын жеткізе білу және дәлелдер келтіре алу, мәселелерді анықтау үшін өз пікірлерін жеткізу, болжам құру және ұсыныс жасау қабілетін дамытуға ынталандыратын жағдайлар жасау;

- білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, сараланған тапсырмалар әзірлеу;

- жеке, жұптық, топтық және ұжымдық оқыту әдістері белсенді қолданылатын жалпы сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

Тұлғалық-бағдарлық білім беруді осындай сипатта жақсарту білім беру процесіне барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интерактивті әдістерін қолдану кезінде мүмкін. Диалогтік және рефлексивті технологияларды қолдану білім алушылардың жоба және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруымен сабақтасады.

Үлгерімі төмен білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмыстарында:

- 1) пәнді оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін (*саралап оқыту, кейс-стади, тақырыптық талқылау, іскерлік ойын, жобалық және зерттеу жұмыстары, модульдік оқыту және т.б.*) қолдану;

- 2) білім алушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізу кестесін әзірлеу және талдау жұмысын жоспарлау;

- 3) БЖБ, ТЖБ нәтижелері негізінде білім алушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізу және талдау;

- 4) білім алушылардың білім сапасына жүргізілген мониторинг жұмысының нәтижесін әдістемелік бірлестікте, әдістемелік кеңесте, педагогикалық кеңесте талқылау ұсынылады. [7]

Мұғалімнің сабаққа әзірлейтін тапсырмалары келесі критерийлерге сәйкес болуы қажет:

- тапсырманың, оның мақсаты мен орындалуының қолжетімділігі;
- сараланған тапсырмаларды ұсыну;
- сын тұрғысынан ойлауды дамытуға мүмкіндік беру;
- проблемалық оқытуға негізделуі;
- бағалау мүмкіндіктерінің бар болуы.

Әссе, шығарма жазу, презентация жасау және т.б. тапсырмалар беру барысында мұғалімге білім алушыларды тапсырманың критерийлерімен таныстыру ұсынылады.

Оқу мақсаттарымен жұмыс

5-сыныпта білім алушылар «Түсіну және жауап беру» дағдысы бойынша әдеби шығарманың жанрын, тақырыбы мен идеялық мазмұнын анықтайды. Көркем шығармадағы кейіпкердің портреті мен іс-әрекеті арқылы танылатын образын ашады. Көлемі шағын үзінділерді жаттау арқылы есте сақтау қабілеті дамиды. Көркем мәтіндерді оқу арқылы білім алушыда мәтіннің мәнін түсіну, мәнерлеп оқу дағдылары қалыптасады. Көркем мәтінді оқу білім алушылардың тұлғасы дамып-жетілуін, оның интеллектісі, сөйлеу әрекетінің төрт негізгі түрі (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу) қалыптасуын, оқырмандық әрекеті мен қызығушылығы дамуын, осылар арқылы оқу әрекеттері компоненттері мен жан-жақты машық-дағдылар қалыптасуын қамтамасыз етеді. білім алушының көркем мәтінді ажырата тани алуы үшін, әрқайсысының маңыздылығын түсінуі, оны өмірлік жағдаяттарда саналылықпен қолдана алуы үшін оқудың саналы оқу, дұрыс оқу, жүгіртіп оқу, мәнерлеп оқу т.б. түрлері қолданылады.

білім алушылар әдеби шығарманың құрылысын, композициялық жасалу тәсілдерін, екі нәрсені, құбылысты (оқиғалар желісін, кейіпкерлерді т.б.) салыстыра суреттеу мен қарама-қарсы суреттеу тәсілдерін меңгере отырып, талдау жасау және интерпретациялау дағдыларын қалыптастырады. Эпикалық шығармадағы жазушының авторлық тұлғасының көріну қалпын, суреткерлік шеберлігін анықтайды. Көркем шығармаға түрлі деңгейдегі талдау жұмыстарын жүргізу арқылы білім алушылардың ойлау қабілеттері (шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлау т.б.) дамиды. Мәтінмен жан-жақты жұмыс жасау үдерісінде қаламгердің тілдік көркемдегіш құралдарды қолдану зертханасына талдау жасайды. Шығармадан алған әсерін сипаттайды, авторға арналған хат, өлең жазады.

6-сыныпта білім алушылар түсіну және жауап беру дағдысы бойынша әдеби шығарманың жанрын, тақырыбы мен идеялық мазмұнын анықтайды. Көркем шығармадағы кейіпкердің портреті мен іс-әрекеті арқылы танылатын образын ашады. Көлемі шағын үзінділерді жаттау арқылы есте сақтау қабілеті дамиды. Көркем мәтіндерді оқу арқылы мәнерлеп оқу дағдылары дамиды. білім алушылар әдеби шығарманың құрылысын, композиция жасалу тәсілдерін, екі нәрсені (оқиғалар желісін, кейіпкерлерді т.б.) салыстыра суреттеу мен қарама-қарсы суреттеу тәсілдерін меңгеру арқылы анализ және интерпретация дағдыларын қалыптастырады.

7-сыныпта білім алушылар «Түсіну және жауап беру» дағдысы бойынша әдеби шығарманың жанрын, тақырыбы мен идеялық мазмұнын анықтайды. Көркем шығармадағы кейіпкердің портреті мен іс-әрекеті арқылы танылатын образын ашады. Көлемі орташа үзінділерді жаттау арқылы есте сақтау қабілеті дамиды. Көркем мәтіндерді оқу арқылы білім алушыда мәтіннің мәнін түсіну, мәнерлеп оқу дағдылары дамиды. Көркем мәтінді оқу білім алушылардың тұлғасы дамып-жетілуін, оның интеллектісі, сөйлеу әрекетінің төрт негізгі түрі (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу) қалыптасуын, оқырмандық әрекеті мен қызығушылығы дамуын, осылар арқылы оқу әрекеттері компоненттері мен жан-жақты машық-дағдылар қалыптасуын қамтамасыз етеді. білім алушының көркем мәтінді ажырата тани алуы үшін, әрқайсысының маңыздылығын түсінуі, оны өмірлік жағдаяттарда саналылықпен қолдана алуы үшін оқудың саналы оқу, дұрыс оқу, жүгіртіп оқу, мәнерлеп оқу т.б. түрлері қолданылады.

8-9-сыныптарда білім алушылар «Түсіну және жауап беру» дағдысы бойынша әдеби шығарманың жанрын, тақырыбы мен идеялық мазмұнын, фабуласын, сюжетін анықтайды. Көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктейді, көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтайды. Көркем мәтіндерді оқу арқылы білім алушы мәтіннің мәнін түсініп, көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолданады, көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолданады. Көркем мәтінді оқу білім алушылардың тұлғасы дамып-жетілуін, оның интеллектісі, сөйлеу әрекетінің төрт негізгі түрі (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу) қалыптасуын, оқырмандық әрекеті мен қызығушылығы дамуын, осылар арқылы оқу әрекеттері компоненттері мен жан-жақты машық-дағдылар қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Пәнаралық байланыс – оқытудың ерекше категориясы болғандықтан, білім алушылардың әдебиеттен жүйелі білім алуын күшейтіп, оқу әдістерін белсендіреді. Әдебиет сабағындағы пәнаралық байланыс білім алушылардың эстетикалық талғамын және сурет, музыка, кино өнерлеріне ұмтылысын қалыптастырады.

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері білім алушыларды өздігінен білім алуға, шешім қабылдауға қабілетті ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі жоғары, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады.

Тиімді мұғалімдер өз шәкірттерін біледі. Интервенция басталғанға дейін де тиімді мұғалімдер жекелеген білім алушылардың когнитивті, әлеуметтік және эмоционалдық бастапқы нүктелерін біледі және түсінеді. Олар тереңірек білім алуға не ынталандыратынын және ынталандыратынын біледі. Уильям Пауэлл және Очан Кусума-Пауэлл (2011) мұғалімдер белгілі бір нәтижелерге қол жеткізу үшін әрбір білім алушының қажеттіліктері мен ерекшеліктерін білуі керек екенін түсінеді. Сонымен қатар, ең тиімді мұғалімдер студентті «көпшіліктің басқа бет-бейнесі» ретінде емес, әртүрлі қажеттіліктері, күшті жақтары және жақсарту мүмкіндіктері бар жеке және бірегей тұлғалар ретінде көреді.

Сол сияқты, жеке білім алушылар өз мұғалімінің оларға қамқорлық жасайтынын және жақсы көретінін білгенде, олар мұғалімге студентке көрсетілетін қолдаудың дұрыс деңгейі туралы нақты түсінік беретін шынайы күш салуға бейім. Бұл қолдау, сайып келгенде, білім алушылар топтың ортақ мақсаттарына қарай өзара тәуелді жұмыс істей алатын өз бетінше сенімді, сыни тұрғыдан ойлайтын тұлға болуға ынталандырады.

Білім алушылардың қызығушылығы үшін оқу материалының барлық мүмкіндіктерін пайдалану қажет:

- проблемалық жағдайларды тудыру;
- өз бетінше ойлауды белсендіру;
- сабақта білім алушылардың ынтымақтастығын ұйымдастыру;
- топқа деген оң көзқарасты қалыптастыру;
- Балалардың жетістігіне шынайы қызығушылық таныту.

Сондықтан мектептегі және сыныптағы білім алушылардың оқу-тәрбие үрдісі мен өмірін білім алушылардың оқу әрекетіне ішкі мотивациясын, оқуға тұрақты танымдық қызығушылықты және алға ұмтылу сезімін оятып, дамытатындай етіп ұйымдастыру қажет. . Сәттілігі төмен білім алушыларға қолдау көрсету үшін саралау әдісі қолайлы.

Дифференциациямен оқыту

Дифференциациямен оқыту – бұл барлық білім алушылардың оқу қажеттіліктеріне бейімделетін оқыту тәсілі. Барлық білім алушылардың оқу мақсаты бірдей. Бірақ оқыту білім алушылардың қызығушылықтарына, қалауларына, күшті және қиындықтарына байланысты өзгереді. Бұл тәсіл арқылы мұғалімдер білім алушыларға нені оқу керек екенін, оны қалай зерттейтінін және оларға материалды қалай жеткізу керектігін анықтап, соған байланысты өзінің педагогикалық әдістері мен формаларын бейімдейді. Студент белгілі бір салада қиналған кезде, мұғалім қосымша жаттығуларды, қадамдық нұсқауларды және нақты үй тапсырмаларын қамтитын жоспар жасайды. Мұғалім бүкіл топты бір әдіспен оқытудың орнына көптеген түрлі әдістерді қолданады. Бұл білім алушыларды шағын топтарда немесе жеке сабақтарда оқытуды қамтуы мүмкін.

білім алушылардың ақпаратты қабылдауға, идеяларды түсінуге және үйренгендерін білдіруге көптеген нұсқалары бар. Мұғалімдер оқытуды ажырата алатын төрт сала бар:

Әлеуметтік медиа арқылы білім алу – бұл білім саласындағы заманауи әдіс, ортақ тақырыппен біріктірілген қатысушылар бірін-бірі қолдай, кеңесе отыра, интернетте ақпарат және материал іздейді. Сонымен қатар қатысушылар түрлі топта бола алады: білім алушы- білім алушы, білім алушы-мұғалім, мұғалім-ата-ана және т.б.

Әлеуметтік медиа дегеніміз блог, микроблог, әлеуметтік желілер, YouTube, Facebook, Twitter, LinkedIn және тағы басқалары. Басқа әлеуметтік медиа топтарына лекцияларды, кітаптар, презентациялар, музыка, ток-шоу көріп, оқып, тыңдай алатын онлайн аудио-сайттар жатады.

Адаптивті білім берудің негізгі ойы оқыту тәсілдер мен әдістерді нақты білім алушыға бейімдеу жолымен компьютерлердің оқу үдерісі нәтижесін жақсарту алуында.

Адаптивті жүйе әрбір білім алушыға оның табиғи қабілетіне сәйкес оның зияткерлі дамуы оңтайлы деңгейіне жетуге көмектеседі.

Соңғы кезде аса үрейлі ахуал белгіленді: көптеген жастар ертеңгі сәтті өмірге деген сенімсіздікпен және кепілсіз мектептен өмірге аяқ басады. Бұл сенімсіздік жеке өмірлеріне, солай кәсіби салаларына да таралады. Тез өзгеретін цифрлық технологиялар әлемінде мектепте алынған білімдер мен дағдылар ұзақ қолдануға жетпейді.

Мектеп нақты әлеммен қатар жүруге тиіс – бүгінгі білім алушылар олармен алынған білімдер қаншалықты дүниежүзілік стандарттарға сәйкес келеді және бұл білімдер мен дағдылар олардың келешек өмірінде қажетке жарай ма, білгілері келеді. білім алушылардың пікірі бойынша білім: біріншіден, олардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес болуға, екіншіден, еңбек нарығында талап етілуге, үшіншіден, нақты өмірде қолданыс табуға тиіс.

Релеванттық (қолданылатын) оқыту жаңа білімдер мен дағдыларды хабарлауды ғана емес, оқу нәтижелерін өмірде практикалық қолдану деңгейін, сондай-ақ олардың әлеуметтік жарамдылығы деңгейін білдіреді.

Оқыту, егер акцент:

- ✓ төрт негізгі пәндерді (табиғаттану, технология, инжиниринг, математика) оқытуға;
- ✓ каникул немесе демалыс кезінде оқытуға және тренингке;
- ✓ бүкіл өмір бойы оқытуға;
- ✓ бейресми оқытуға;
- ✓ практикаға бейімделген оқытуға;
- ✓ біліктілік әдіске жасалса, релеванттық болып табылады.

Мұғалімге барлық балаларды міндетті түрде оқумен қамту, мақтау, ең белсенді және тапқыр балаларды атап өту, әр балаға өз шешімін қорғауға мүмкіндік беру, оған оңтайлы жағдайларын табуы керек. Бұл өте маңызды сәт – өз пікірінде тұру немесе ең жақсы дәлелдермен келісу дағдылары қалыптасады.

Балалардың ситуацияға енуі, олардың біреуді құтқару, біреуге көмектесу, біреуге кеңес беру керек кезі өте жақсы белсенділік ынта болып табылады.

Мысал, физика сабағындағы есеп: қайнаған сумен стақанды тез (!) салқындату керек. Не істейміз? Шешім табуды талап етеді.

Нақтылаңыз:

- Есептің шартында не бар? Стақан, қайнаған су, сіз, асүй және асүйде бардың бәрі, - бұл есепті шығару үшін ресурс. Әдістерді қолданамыз: делдал + физикалық әсер (жылудың ыстық денеден суық денеге ауысуы).

Білім алушылардың мүмкін жауаптары:

1. Суық су, бұқтырылған шай немесе сүт қосу.
2. табақшаға, сорпа тәрелкесіне, үлкен ыдысқа құю.
3. Көп рет стақаннан стақанға оларды бір бірінен алыс ұстап құю.
4. Көп тосап немесе қант қосу.
5. Құйғыш арқылы құю.
6. Суық қасықтар салу.
7. Тоңазытқышқа, суық су құйылған ыдысқа, қарға қою, т.б.

Балалар өз идеяларын ұсынбай, бұрын айтылған идеяларды бірге қайталауы мүмкін. Ахуалды ушықтырмаңыз: «Ал өзіңнің қандай идеяңды ұсынасың?» – деп сұраңыз. Сұрақты баланың өзіне қайталаңыз. Балалар үндемеуі мүмкін. Бірде біреуінде идея жоқ па? Жетелеуші сұрақтар қойыңыз, ең зерек және ең өткір балаға жүгініңіз. Оларды сергітіңіз. Егер генерациялау процесін орнату қолдан келмесе, демек ұсынылған тақырып балаларды шабыттандырмады, оларға қызықсыз немесе олар талқылауда қатысуға қорқады.

Ақылдылар сарабының әдісі кез келген білім саласында қолданылуы мүмкін. Бұл ретте жастық шектеулер жоқ. Мұғалім белгілі пәннің шегінде, солай сыныптан тыс бағдарлама үшін, оқуға іс-жүзінде кез келген тақырыпты таңдап алуы мүмкін.

Қазіргі кезде, бала балалық шағынан смартфонмен немесе планшетпен таныс, ойын арқылы оқыту жаңа, өлшемсіз үлкен импульс алды. Компьютерлік ойындар, фильмдер, мультфильмдер, телесериалдар балалар үшін негізгі мәдениет элементі болды. Бұдан басқа, YouTube қызықты ғылыми-көпшілік бағдарламалар мен ойын-сауық шоулар (жиі тәуелсіз авторлардың) баланың өмірінде маңызды роль ойнайды. Бағдарламалардың мазмұны әрқашан қажетті

талаптарға сәйкес келмейді, бірақ, осыған қарамастан, барлық бұл бағдарламалар бір мақсатты көздейді: бұл ретте бір кезде оқып, ойыннан максимум қанағат алу.

Оқу процессінде білім алушылар өздері байқап көре алатын көрсеткіштер, эксперименттер, қарапайым зерттеулер кеңінен пайдалануы тиіс.

«Физика» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың оқу үрдісінде қалай білім алуды үйренуді білетін, дербес, ынталы, қызығушылығы жоғары, сенімді, жауапты, анализ жасай алатын білім алушыны тәрбиелеу қағидасын ұстанады.

Мұғалімдер білім алушылардың бойында осы қасиеттерді әртүрлі оқыту стратегиялары арқылы қалыптастырады және дамытады деп күтілуде. Олардың ішіне мыналар кіреді:

- білім алушылардың жеке пікірін тыңдай білу, олардың алдында меңгерген білімдері мен түсініктерін дамыту үшін оны қолданудың маңыздылығын мойындау;

- жүйелі түрде іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы білім алушыларды ынталандыру және ауқымды оқыту;

- міндеттерді шешу әдіс - тәсілдерін білім алушыларға түсінікті жолмен құру және көрсету;

- білім алушылардың білім алуын бағалау арқылы қолдау;

- білім алушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізуіне және зерттеу әдіс-тәсілдеріне негізделген белсенді оқытуды марапаттау;

- білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту;

- сынып жұмысының жеке, топтық және жалпы сыныптық үйлесімді барлық жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

SMART технологиясына негізделген сабақтардың оқыту мақсаттары оның анық, нақты (Specific) күтілетін нәтижелері түрінде сипатталған, әрі мақсат қоюдың неғұрлым кеңінен танылған дәстүрлі жолы - мақсатты зерделенетін мазмұн арқылы анықтау қолданылған.

Жаңартылған білім беру бағдарламалары жағдайында SMART техникасының өлшемді (Measurable) деп аталатын критерийіне қол жеткізу үшін қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар орындалады. Қалыптастырушы бағалауды өткізу кезінде білім алушыларға оқу мақсатын бағалайтын жетістік критерийлері ұсынылады.

Жаңа оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттарының жүйесі дерлік қол жетерлік мақсаттар. SMART мақсаттың қол жетімділік (Attainable) критерийінің жүзеге асуын педагогикалық әдіс-тәсілдер мен әр пәнге қажетті құрал-жабдықтар мен материалдар қамтамасыз етеді. «Мақсатыңыз қолжетімсіз екеніне көзіңіз жеткен кезде мақсатыңызды емес, әдісіңізді ауыстырыңыз» - деген екен белгілі шығыс ойшылы Конфуций.

Оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттарының жүйесі білім алушылардан шынайы (Realistic) проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Оқу мақсатында мен әр оқу мақсатына арнап таңдалған табыс критерийлерінің тізімі ұсынылған.

SMART технологиясы мақсаттың белгілі бір уақыттық межемен (Timed) шектелуі білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелердің ұзақ мерзімді

және қысқа мерзімді сипаттағы оқу мақсаттарының жүйесін құрауымен сипатталады.

Ұзақ мерзімді жоспар ортақ тақырып бойынша оқу мақсаттарын бөлімдер бойынша топтайды; орта мерзімді жоспар тілдік дағдыларды (айтылым және тыңдалым, оқылым, жазылым) жақсарту бойынша талаптарды анықтайды; қысқа мерзімді жоспар білім алушымен оқу мақсатына жету туралы кері байланысты береді.

Жаңартылған білім беру мазмұны мен оқу мақсаттары жүйесі:

- сыни тұрғыдан ойлау және туындаған мәселелерді шеше білу;
- ұжымдық жұмыс және көшбасшылық қасиеттері;
- икемділік және жаңа шарттарға бейімделу қабілеті;
- бастамашылық және кәсіпкерлік дағдылар;
- өз ойын ауызша да, жазбаша да сауатты және анық білдіру қабілеті;
- ақпарат іздеу және табу қабілеті;
- білімге құмарлық және қиял атты дағдылардың дамуын толық қамтамасыз ететіні анық.

Қысқы мерзімді жоспар жасалған кезде мұғалімдерден кейс сабақтың мақсаттарын тұжырымдау барысында SMART технологиясын қолдануды ұсынамыз.

Мысалы, «Радиоактивтілік» тақырыбында келесі оқу мақсаттарына білім алушының зерттеу тақырыбы тұрғысынан қайта оралу идеясын кейске салуға болады.

11-сынып

Тақырып: «Радиоактивтілік»

Оқу мақсаттары

11.8.2.1 - радиоактивті ыдырау заңы негізінде ядролық қалдықтармен аймақтың зақымдануының ұзаққа созылу себептерін түсіндіру;

11.8.2.5 - ядролық синтездің және табиғи радиоактивтіліктің табиғатын түсіну

11. 8.2.7 - α , β және γ сәулелерінің табиғатын, қасиеттерін және биологиялық әсерін түсіндіру

Орта мерзімді жоспар үлгілерін тірек жоспары ретінде қолдану ұсынылады, педагог жоспарларды әрқашан қажетті кейстермен толықтырып, қажеттілігіне қарай бейімдей алады.

Білім мазмұны кеңейе түседі, жаңа ақпараттармен толығады, басқа параметрлермен байланысы және оларға тәуелділігі анықталады, радиоактивтілік туралы түсініктері мен білімдері тереңдейді.

1 мысал:

Сабақта өтілген материалға білім алушының зерттеу тақырыбы тұрғысынан қайта оралу идеясы. Тақырыпқа қатысты «Білгім келеді» сұрақтарын өз-өзіне қойып, әрбір білім алушы сұрақтар қалыптастырады және жазып қояды. Кейс осы сұрақтардың негізінде туындаған проблемалық жағдаятқа құрылады.

Интерактивті ақпарат алмасу (білім алушылардың жобалық жұмыстарынан ақпарат алу) және талқылау. Зерттеу жұмыстарының тақырыптары (үлгі ретінде):

1. Мұхтар және Ержан - «Табиғи радиациялық фонның өзгеруін зерттеу».
2. Айгерім – «Топырақтың радиоактивтілігін зерттеу».
3. Мейірхан – «Радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері».
4. Ақмарал – «Ауыз су сапасын жақсартудың физикалық тәсілдері».
5. Раушан – «Баспана (киіз үй) қасиеттерін физикалық тұрғыдан зерттеу».
6. Мақсат – «Жергілікті жердегі өсімдік жапырақтарының оптикалық

жүйесін зерттеу».

7. Айна - «Іштен жану двигателдерін жетілдіру жолдары».

2 мысал.

Тақырыпты толықтыру барысында білім алушылардың пікірлері қамтылады.

Сабаққа қатысқан білім алушылардың ой-өрісінің кеңдігіне, қызығатын тақырыбына байланысты айтатын ойлары мен пікірлері де өзгеше болады. Бұл сабақтың нәтижелілігі негізінен білім алушылардың белсенділігіне байланысты. Себебі, сабақтың барысында әр білім алушы өзін танытатын басты кейіпкер.

Кейс мәтіні:

«Кестеде бір біріне жақын орналасқан 4 ауданның бақша өнімдерінің құрамындағы радионуклидтердің мөлшері көрсетілген. Талдау облыстық радиологиялық зертханада жасалған. Алынған бақша өнімі халықтың тұтынуына жарамды ма? Оны қалай білуге болады. Құрамында радиоактивті изотоптар бар өнімді тұтыну қаншалықты қауіпті?»

5-кесте. Радионуклидтердің рұқсат етілетін нормасы (қосымша дерек).

Жыл	2015		2016		2017		2018	
	Cs-137	Sr-90	Cs-137	Sr-90	Cs-137	Sr-90	Cs-137	Sr-90
<i>Аудан атауы</i>	<i>Бк/кг</i>		<i>Бк/кг</i>		<i>Бк/кг</i>		<i>Бк/кг</i>	
1-аудан	0,45	0,81	0,58	0,89	0,61	0,95	0,75	0,98
2-аудан	0,39	0,75	0,42	0,88	0,54	0,94	0,66	0,99
3-аудан	0,31	0,29	0,42	0,33	0,55	0,44	0,62	0,56
4-аудан	0,23	0,25	0,31	0,38	0,42	0,45	0,53	0,57

Көмекші ресурс ретінде радионуклидтердің рұқсат етілетін нормасы бекітілген кестені пайдалану ұсынылады. Салыстырмалы талдау жүргізу үшін кестеден Cs-137 мен Sr-90 рұқсат етілген мөлшерін алуға болады. [7]

Сонымен бірге, 9-сыныптың және 11-сыныптың «Физика» оқулығын, қосымша интернет ресурстарының ақпараттарын қолдануға болады.

Физика пәнінде SMART технологиясын жаратылыстану саласы пәндерінің мазмұнында тығыз пәнаралық байланыста қолдану білім алушылардың шығармашылығын арттырады. SMART технологиясын білім алушылардың STEM дағдыларын дамытуда қолдана аламыз.

STEM білім беру жаратылыстану ғылымдары, технологиялар, инженерлік шығармашылық және математиканы кіріктіруге негізделген пәнаралық және жобалық тәсілдемелерді қамтиды. Жаратылыстану саласын пәндерінің жалпы заңдары мен заңдылықтарын бірнеше пән тұрғысынан қарастырылып берілсе, терең академиялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастырады.

STEM технологиясы NIS-Programme бағдарламасында білім алушылардың **зерттеу дағдыларын** дамытуға мүмкіндік беретін кіріктірілген жобалар, зертханалық және практикалық жұмыстар жүргізу арқылы жүзеге асыруға болады. білім алушылар әртүрлі пәндерде меңгерген ғылыми-техникалық білімдерін пайдаланып, әртүрлі өнімдерді модельдеп, олардың түпнұсқаларын жасауды үйренеді.

Аймақтық компонентті немесе ғылым мен техниканың заманауи бағыттарын ескере отырып, білім алушыларға **STEM-жобаларды STEM технологиясы арқылы** жүзеге асыратын әртүрлі идеялар, мысалы, көпірлер салу, су тазартатын сүзгілер жасау, экологиялық «ақылды» үйлер жасау, техникалық міндеттерді орындайтын роботтар шығару, балалар ойнайтын алаңда электр қуатын шығаратын кәпарналы генератордың моделін әзірлеуді ұсынуға болады.

«Smart-жылыжай» STEM-жобасы. білім алушылар топтарға бөлініп, жылыжайда өсіргісі келетін өсімдіктерді таңдайды.

Биология сабақтарында білім алушылар таңдаған өсімдікті өсіру, жарық түсіру және суару режимі, өсу, өнімділік ерекшеліктерін зерттейді. білім алушылар топырақтың ылғалдығын көрсететін датчиктің көмегімен суару жүйесін ойластырады, суару аралығын анықтайды.

Физика сабақтарында білім алушылар жылуды сақтау, жасанды жарықты пайдалану әдістерін қарастырады, өсімдіктердің қажеттіліктеріне қарай үнемдеп жылытатын жүйені әзірлейді және ылғалдық датчигін қолдануды үйренеді.

Химия сабақтарында білім алушылар топырақтың құрамы мен қасиеттерін зерттеп, тиісті минералдық тыңайтқыштарды таңдайды.

Бастапқы деректердің барлығын жинап, өңдегеннен кейін білім алушылар **информатика** сабақтарында датчиктің жұмысын программалап, жылыжайдың ұсақ бөлшектерін 3D-принтерде басып шығарады.

Математика сабақтарында білім алушылар жылыжайдың макетін жобалайды, оның көлемдерін, шығын материалдарының құнын есептеп, жобаның өтелуін болжайды.

Осындай «Smart-жылыжай» әзірлеу болашақта осы бағытта зерттеулер, климаттық жағдайы ызғарлы аймақтарда жобалар жүргізу үшін пайдалы болады.

«Smart - Автоматты ауа райын болжау станциясы» STEM жобасы. Жоба мақсаты – мектеп маңындағы аумақта ауа ылғалдығы мен температурасын, көмірқышқыл газ мөлшері мен атмосфералық қысымды анықтайтын ауа райын болжау станциясын салу.

Жобамен жұмыс істеуді білім алушылар ауа райын болжау станциясының міндеттері мен қызметін талқылайтын **география** сабағында бастауына болады.

Математика сабағында білім алушылар станция корпусының пішіні мен көлемін есептеп шығарады.

Физика және **химия** сабақтарында білім алушылар тиісті датчиктердің көмегімен ауа ылғалдығының деңгейін, температурасын, көмірқышқыл газ мөлшерін өлшеумен айналысады. Өлшемдер жүргізген кезде датчиктердің калибрлеуіне, алынатын деректердің нақтылығына, графиктер мен диаграммаларды құруға, алынған деректерді әндеуге назар аудару қажет.

Информатика сабақтарында білім алушылар цифрлық оқыту құралдарындағы (Pasco, Phywe) көрсеткіштерді сақтау және деректерді қашықтықтан жіберу үшін ауа райын болжау станциясы мен программалық жасақтамамен қамтамасыз ету жұмысымен айналысады.

Осындай ауа райын болжау станциясының көмегімен білім алушылар ауа райының құбылыстарын қадағалап, өзі тұратын елді мекендердегі өзгеріс динамикасын байқай алады. Алынған деректер білім алушыларға ауа райы болжамын құрастыруды үйренуге, көмірқышқыл газы деңгейі жоғары болған жағдайда, проблемаларды шешу жолдарын ойластырып, ұсынуға көмектеседі. Сондай-ақ ауа райын болжау станциясының деректерін мектеп жанындағы жер телімдерде өсімдіктерді уақытылы егіп, оларды өсіруге қолайлы жағдай жасау үшін пайдалануға болады.

«Smart - Ақылды үй» STEM-жобасы. білім алушылар жаңартылмалы энергия көздерінен берілетін электр қуатын пайдаланатын болашақ үйлердің модельдерін жасайды. Бұл технологияның негізгі ерекшелігі – жеке және қосалқы жүйелер мен құрылғыларды автоматты түрде басқарылатын бір кешенге біріктіру. Ол үшін білім алушылар әртүрлі датчиктерді, қозғалыс, ауа ылғалдығы мен температурасы, көмірқышқыл газ деңгейі, есіктер мен терезелерді автоматты ашу және жабу, жарық және дабыл датчиктерінің көмегімен үйді техникалық жабдықтау жүйесін ойластырады.

Физика және **химия** сабақтарында әр топ өз бетінше өздері тұратын үйдің жобасын әзірлейді, оның дизайнын, қабатын, қосымша ғимараттар санын жоспарлайды; үйді дұрыс жобалау үшін материалдар тандап, датчиктермен түрлі тәжірибелер жүргізеді.

Математика сабақтарында білім алушылар техникалық есептеулердің дәлдігін тексереді. **Информатика** сабақтарында білім алушылар «Ақылды үй» программалық жасақтамасымен жұмыс істеп, 3D моделін құрастырады.

«Ақылды үйді» жобалау білім алушыларға әрбір адамға жайлы әрі экономикалық тұрғыдан тиімді өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін қолдағы ресурстарды ұтымды пайдаланудың жолдарын ойластыру мүмкіндігін береді.

SMART технологиясын «Физика» пәнінде қолдану ерекшеліктерінің бірі қауіпсіз зертханалық тәжірибелерді, практикалық жұмыстарды, көрсетілімдерді ұйымдастыру және өткізу арқылы зерттеу дағдылары мен функционалдық сауаттылықты қалыптастыру.

білім алушылардың материалды толық түсініп, көзбен көруіне мүмкіндік береді. Бұл білім алушылардың меңгеретін материалға деген қызығушылығының артуына, олардағы есте сақтаудың барлық түрлерінің дамуына және білім сапасының артуына ықпал етеді.

Технологияларды пайдаланудағы шектеусіз мүмкіндіктер модельденетін

құбылыстың уақыт бойынша ағымын өзгертуде, оларды нақты өлшемдер шеңберінде түрлендіріп, эксперимент жүргізу ауқымын кеңейтуде маңызды рөл атқарады.

Бұл ретте, жұмыс кешенінде қолданылатын барлық әрекеттер төменде көрсетілгендей бағытталуы тиіс:

– жоспарлауға үйрету (білім алушылар өз мақсаттары мен міндеттерін дәл айқындауды, қойылған мақсаттарға қол жеткізудің негізгі кезеңдерін жазуды, жұмыстың бүкіл уақытында мақсатқа қол жеткізу бойынша өз ойын шоғырландыруды үйренулері тиіс);

– ақпараттарды, материалдарды жинау және іріктеу дағдыларын қалыптастыру (білім алушылар қажетті ақпаратты таңдауды және оны дұрыс пайдалануды үйренуі тиіс);

– осы немесе басқа жұмыстардың нәтижелерін талдау ептілігін дамыту;

– оқу мақсаты бойынша (білім алушы жобаны көпшілікке көрсете білуді, тапсырманың мәтінін құруды, мәтінді техникалық тұрғыда редакциялауды, библиографиялық тізімді сауатты ресімдеуді үйренуі тиіс) өз бетінше жүргізген жұмысы туралы жазбаша есеп жасау ептілігін дамыту;

– жұмысқа позитивті қатынасын қалыптастыру (білім алушы бастамашыл, ынталы болуға үйренуі тиіс, жұмыстың бекітілген жоспары мен кестесіне сәйкес өз ісін мерзімінде орындауға тырысуы қажет).

Үлгерімі төмен білім алушылармен *«Физика» пәнінің оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістерін қолдану үшін төмендегі ұсынымдар беріледі:*

1. Заманауи оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістерді тиімді пайдалану;


2. Жаратылыстану ғылымдары, технологиялар, инженерлік шығармашылық және математиканы кіріктіруге негізделген STEM-жобаларды білім алушыларға ұсыну;

Сонымен қарастырылған «Физика» пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері білім берудің практикалық бағытын күшейтіп, үлгерімі төмен алушылардың ойлау қызметін дамытып және шығармашылық, ізденушілік, зерттеушілік дағдыларын қалыптастырады.

География, Жаратылыстану оқу пәндері

Негізгі мектептегі география-білім алушыларды жер туралы адамдар планетасы ретінде, табиғат дамуының негізгі заңдылықтары туралы, халық пен экономиканың орналасуы туралы, негізгі табиғи, экологиялық және әлеуметтік-экономикалық процестердің ерекшеліктері мен динамикасы туралы, табиғат пен қоғамның өзара әрекеттесу проблемалары, тұрақты дамуға географиялық көзқарастар туралы кешенді әлеуметтік бағытталған білім жүйесін қалыптастыратын пән География курсының мазмұны оқытудың өлкетану тәсілін жүзеге асыру, географиялық заңдылықтарды, теорияларды, заңдар мен гипотезаларды зерделеу, үздіксіз географиялық білім беру жүйесіндегі базалық

буын, кейіннен деңгейлік саралау үшін негіз болып табылады. Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс істеуде жұмыс жүргізудің принциптері, әдістері мен формаларын қарастырамыз.



Сурет Үлгерімі нашар білім алушылармен жұмыс жүйесі

География сабағында үлгерімі нашар білім алушылармен жұмыс істеу принципіне тоқталатын болсақ. Үлгерімі төмен білім алушылардың ерекшеліктері білім деңгейінің төмендігі, соның салдарынан зияткерлік дамудың төмен деңгейі; танымдық қызығушылықтың болмауы; қарапайым ұйымдастырушылық дағдылардың қалыптаспауы; білім алушылар психологиялық және педагогикалық тұрғыдан жеке көзқарасты талап етеді (оқыту тұрғысынан); пән мұғалімінің одақтасы ретінде ата-аналарға қолдау жоқ; білім алушылар тарапынан Өзін-өзі бағалаудың болмауы; сабақты жиі өткізіп жіберу дәлелді себепсіз, бұл білім жүйесінің болмауына әкеледі және соның салдарынан ақыл-ойдың төмен деңгейі байқалады.

Осы кемшіліктерді жоюда оқуға деген ынтаны қалыптастыру тәсілдері болуы шарт. білім алушыға ішінара таңдау еркіндігін беру. Оқу процесінде білім

алушының қызығушылығы мен қуанышы негізгі тәжірибе қалыптастыру. Оқыту кезінде балалардың қажеттіліктерін, қызығушылықтары мен ұмтылыстарын ескеру. Оқудағы ең күшті ынталандырудың болмауы оқудың мағынасының жоқтығын білдіреді. Білім алушыға төменгі сыныптардан бастап оған түсініксіз нәрсені түсінуге үйрету керек. білім алушы оларды өз бетінше жасай алатындай етіп бір орта деңгейлі тапсырманы жеңіл тапсырмаларға бөлуді қарастыру. Егер білім алушы қандай-да бір іс-әрекетте шеберлікке жетсе, онда ішкі мотивация артады. Өзіне деген сенімділік пайда болады, өз күшінің артуы ішкі мотивацияның артуына ықпал етеді. Білім алушының жетістіктерін атап өту, оның жетістіктерін бағалау, мақтау оқуды жалғастыруға көмектеседі. білім алушылар үшін мұғалімнің жеке басы өте. Оқу материалының мазмұнын қызықты ету үшін дұрыс ұсыну. Оқытудың әдістері мен тәсілдерін өзгерту қажет. Мүмкін болса, сабақта әр білім алушыға жиі жүгінуге тырысыңыз, «кері байланыс» жасаңыз – түсініксіз немесе дұрыс емес нәрсені реттеңіз.

Оқу үлгерімін жақсарту кезеңдерінің бірі -диагностикалық кезең. Оның мақсаты-тұрақты сәтсіздіктің себептерін анықтау, сәтсіз білім алушының түрін анықтау, білім алушылардың жұмысындағы қателіктерді талдау.

Әдістемелік – іріктеу. Оның мақсаты-оқу еңбегін, танымдық белсенділікті ынталандыруға және білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жоюға бағытталған әдістерді, тәсілдерді, құралдарды таңдау. Жұмыстың осы кезеңінде тақырыптар бойынша әртүрлі дидактикалық материалдарды қалыптастыру, әртүрлі мәтіндер құрастыру, жадынамалар, ережелер – Алгоритмдер, схемалар, кестелер арқылы сабақ түрін әртүрлілендіру. Сонда кез келген білім алушы қызығушылық танытады.

Технологиялық - жаттығу. Бұл кезеңнің мақсаты-үлгермеген мектеп білім алушыларының сауатты және саналы түрде сөйлеуді үйренуі, жауапта «қауіпті орынды» дәл тауып, өз тұжырымдарын түсіндіре білуі және дәлелдеуі.

Қорытынды бақылау. Оның мақсаты- білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою деңгейін тексеру. Жұмыс тәжірибесінен атлас карталарымен кескін карталар арқылы тапсырмаларды тексеру барысында анықтап түзете аламыз.

1) тапсырманың күрделілігі бойынша шығармашылық немесе проблемалық тапсырмалар репродуктивті тапсырмаларға қарағанда күрделі болып келеді. Мысалы, мықты оқитын білім алушыларға арналған сұрақтарды үлгерімі төмен білім алушылар игеру мақсатында жеңілдетілген нұсқасы болуы қажет. Нақтылы жоспарда пайдаланылған карталардың беттері нақты жазылған жұмысты орындауға бағытталады. білім алушылардың оқу деңгейіне сай қызығушылығын ескере отырып, қосымша әдебиеттер негізінде қысқа озық хабарлама дайындауды тапсыруға болады.

«Қазақстан тарихы»:

1) Орталық Азиядағы ежелгі мәдени ошақтарын және олардың орналасқан жерлерін; көшпенділіктің тарихи түрлерін; еуразиялық дала өркениетінің қалыптасуы мен даму кезеңдерін; түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстан территориясындағы қалалық мәдениеттің даму ошақтарын; әлемдік мәдени-

тарихи прогреске едәуір ықпал еткен Орталық Азия халықтарының жетістіктерін; қазақ халқының этникалық тарихын; дәстүрлі қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымын; Қазақстан полиэтникалық қоғамының қалыптасу тарихын; Қазақстан мемлекеттігі дамуының тарихи кезеңдерін; Қазақстандағы саяси ойдың дамуына едәуір үлес қосқан тарихи қайраткерлерді; түрлі тарихи кезеңдердегі ұлттық мәдениет пен ғылымның маңызды жетістіктерін; Қазақстан тарихы бойынша негізгі тарихи деректер мен ғылыми еңбектерді біледі;

2) Қазақстанның тарихи даму процестері мен құбылыстарын, негізгі оқиғалардың мәнін; ежелгі Орталық Азияның өркениет ошақтарын, көшпенділіктің түрлері мен формасын, Қазақстан территориясындағы қалалық және көшпелі мәдениеттің сипатты белгілерін; әлемдік мәдени-тарихи прогресс үшін Орталық Азия халықтарының жетістіктерінің маңызын; түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстан халқының өмір сүру жүйесінің қалыптасуы мен дамуына географиялық фактордың ықпалын; түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстандағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өзгерістерге ішкі және сыртқы факторлардың ықпалын; дәстүрлі қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымының ерекшеліктерін; Қазақстанда саяси ойдың дамуындағы тарихи аспектілерді; Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына тарихи тұлғалардың қосқан үлесін; ұлттық бірегейлікті сақтаудағы қазақтардың мәдени мұрасының маңызын; қоғамда бейбітшілік пен келісімді сақтау үшін Қазақстан этностарының мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтеу қажеттілігін түсінеді;

3) Қазақстан мен Орталық Азия территориясында өмір сүрген мемлекеттер мен мәдениет ошақтарын уақыт пен кеңістікте анықтау кезінде; Орталық Азия көшпенділері мәдениетінің қалыптасу мен даму ерекшеліктерін анықтауда; түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық мәдени даму ерекшеліктерін анықтау кезінде; Қазақстанның дамуындағы тарихи тұлғалардың рөлін анықтауда; Қазақстанның өткен және қазіргі кездегі оқиғалары мен құбылыстарына қатысты өз позициясын анықтау кезінде тарихи ойлау дағдыларын қолданады;

4) Қазақстанның тарихи дамуын әлемдік тарих контекстінде, ортақ белгілері мен ерекшеліктерін анықтай отырып; түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстан территориясындағы өркениеттер мен мемлекеттердің қалыптасуы мен дамуына түрлі факторлардың (географиялық, демографиялық, миграциялық, саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени) ықпалын; себеп-салдар байланыстарын анықтау мақсатында Қазақстан тарихындағы тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды; тарихи тұлғалар қызметінің себептері мен нәтижелерін; Қазақстан тарихы бойынша ғалымдардың еңбектері мен деректерді; Қазақстан аумағындағы этногенез, саяси және мәдени процестерге қатысты негізгі ғылыми теорияларды; бүгінгі Қазақстанның даму үрдістері мен перспективаларын талдайды;

5) тарихи талдау әдістерін қолдана отырып шығармашылық, танымдық, зерттеушілік, жобалық сипаттағы жұмыстарды; Қазақстан мен әлемнің басқа аймақтарындағы тарихи дамудың жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктерін анықтау мақсатында салыстырмалы тарихи сипаттамаларды; Қазақстан тарихы

туралы тұтас түсініктері мен тарихи санасын қалыптастыру үшін тұжырымдар мен гипотезаларды жинақтайды;

б) түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның дамуына (географиялық, демографиялық, көші-қон, саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени) түрлі факторлардың ықпал ету дәрежесін; отан тарихына ықпалы контекстінде тарихи тұлғалардың қызметін; Орталық Азия халықтары мәдениетінің әлемдік өркениет дамуына қосқан үлесін; тарихи мәліметтердің шынайылығын; Қазақстан тарихының этникалық, саяси, мәдени, әлеуметтік-экономикалық мәселелері бойынша түрлі ғылыми теориялардың дәлелдік дәрежесін бағалайды.[24]

2) «Дүниежүзі тарихы».

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің мазмұны адамзаттық өркениеттің этногенез, политогенез, культурогенез негізгі мәселелері бойынша білімді қалыптастыруға бағытталған.

Осы курс білім алушылардың әлемдік мәдени-тарихи процестің мәнін оның бірлігі мен әртүрлілігін тереңдетіп түсінуге бағдарланған.

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің тереңдетілген курсы әлемдік тарихтағы оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді бағалау және жіктеу, жүйелеу, қорытындылау, талдау үшін қажетті тарихи ойлау дағдысын дамытуды қарастырады.[36]

Аталған оқу пәнінің аксиологиялық мақсаты білім алушыларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға тартумен жасалады;

3) «Құқық негіздері».

«Құқық негіздері» оқу пәнінің мазмұны құқықтық сауаттылықты қалыптастыруға, демократиялық құқықтық қоғам идеалдары мен құндылықтарын түсінуге бағытталған.

Пән мазмұны білім алушыларға түрлі құқық салаларының ерекшеліктері мен мәнін түсіндіруді тереңдетеді.

«Құқық негіздері» құқық нормалары, заңдар мен нормативтік құқықтық актілер арқылы қамтамасыз етілетін процестерді бағалау, жіктеу, жүйелеу, қорытындылау, талдау үшін қажетті құқықтық ойлау дағдысын дамытуды қарастырады. Аталған оқу пәнінің аксиологиялық қызметі құқықтық сауаттылықты, құқықтық сана-сезім құндылықтарын қалыптастыруға негізделген.[27.28]

Тарих пәндерінен үлгерімі төмен білім алушылармен ұйымдастырылатын жұмыс түрі білім алушылардың өзіндік жұмыстары негізінде ұйымдастырылады. Білім алушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда мұғалім мынадай қағидаларды есте сақтау керек.

1. Өздігінен орындайтын жұмыстың мазмұны білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай болу тиіс.

2. Өзіндік жұмыс білім алушылардың ойлау қабілетін дамытуы тиіс.

3. Өзіндік жұмыстың түрі, мазмұны кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттарына сай болуы тиіс.

4. Әрбір өзіндік жұмыс тексеріліп, бағалануы керек. Өз бетінше жұмыстың нәтижелілігі оның балаға түсінікті болуына және алдын-ала дайындалуына байланысты.

Өзіндік жұмыс тәрбиелеу мен оқыту процесінің міндетті құрамдас бөлігі болып табылады. Білім сапасын көтеру, оқу әдісін жандандыру мақсат болып отырған қазіргі кезеңде өздік жұмыс білім алушылардың белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілетін арттыруға, жетілдіруге көмектеседі. Білім алушылардың ой-өрісін, қиялын дамытады. Эмоция туғызуға бұрын алған білімдерін еске түсіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, өздік жұмыс оқушының баспасөз материалдарын өзінше ізденіп оқуға, сол арқылы танымын кеңейтуге мүмкіндік береді. Жауапкершілікке дағдыландырады. Өзіндік жұмыс білім алушының сабақта алған білімін кеңейте түседі.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыруда сабақтың бүкіл уақытын қамтымай, білім алушылардың жұмысына өзім бақылау жасаймын. Бастамасы сыныпта орындалып, қалғанын үйде орындайды. (Сабақтан тыс).

Өз бетінше жұмыс істеуді ұйымдастырудың маңызды шарты, өтілген курстардағы біліміне сүйене отырып жүзеге асыру. Өзіндік жұмысқа тарих курсы оқытыла бастағаннан-ақ дағдыландыра бастау керек. Курсты жаңа бастаған оқушылар пәнді оқып мазмұндауға алғашқыда дағдылана алмайды. Тарихи материалды меңгеруге дайын болмайды. Себебі, оларда қоғамдық өмірдің құбылыстары туралы ой әлі қалыптаса қоймаған. Оның үстіне сөздік қорларыда аз болады. Тарихи оқиғалардың кейбір мәліметтері ғана таныс. Сондықтан тарих курсы жаңа бастаушы 5-сыныптарда өтілетін алғашқы сабақтарда білім алушылардың өз бетінше жұмыс істеуін дамытуға ынғаландыру керек.

Білім беру процесінде білім алушылардың өзіндік жұмысының қандай түрлері қалай жүзеге асырылып жүр? Күнделікті сабақта оқытудың басқа әдістері тәрізді сабақтың барлық уақытын қамтып алмайтындай етіп, көбінше сабақты бекіту кезеңінде өзіндік тапсырмалар орындалады. 5-ші, 6-сыныптарында оқулық материалдарына сүйеніп мәтіннің тақырыбын оның негізгі сұрақтарын ойлап табудан бастаймыз.[7]

Мысалы: 1. Андронов мәдениетін жасаушылар қай дәуірде өмір сүрген? (Қола).

2. Андронов тайпалары шаруашылықтың қандай түрімен шұғылданған? (Балық аулау)

3. Адамзат дәуірінің басталу кезеңі неліктен тас ғасыры деп аталған? Бұдан соң қарапайым жоспарлар құру білім алушыларға тапсырылады. Бесінші сынып білім алушылары «Көне дүние куәлары» тақырыбы бойынша төмендегідей жоспарлады.

1. Тас құралдар дәуірі.
2. Егіншіліктің басталуы.
3. Тарихи деректер.

Тақырыбы: Қазақ халқының қалыптасуы мен «Қазақ» атауының мән-мағынасы. Сабақтан тыс жұмыстың мақсаты: Қазақ халқының ежелгі қалыптасу кезеңі, халқымыздың танылуы, «Қазақ» атауы, оның мән-мағынасы, деректерде кездесуі мен зерттеуші ғалымдардың еңбектерімен танысу болмақ.

Орындалу түрі: сұрақ жауап алу

Тапсырма: конспектілеу, пікір қалыптастыру, сұрақтарға жауап беру.

1. Қазақ халқының тарихи аренадағы танылуы.

2. «Қазақ» атауының қалыптасуы.

3. Қазақ даласындағы ежелгі этникалық үрдістер.

4. Ежелгі тұрғындардың антропологиялық және лингвистикалық ерекшеліктері.

5. «Қазақ» атауының деректерде кездесуі.

6. «Қазақ» атауына қатысты халық арасындағы аңыздар. Қарастырылатын мәселелер: Қазақ халқының қалыптасуы мен «Қазақ» атауының зерттелуі төңірегінде ғалымдар мен ізденушілердің көптеген ой- пікірлері жинақталған. Халқымыздың халық есебінде танылуы ХҮ ғасыр екені белгілі. Алайда халқымыздың түп тамыры ерте заманда Қазақ жерін мекендеген рулар, тайпалар, тайпалық одақтардың этникалық даму тарихымен тығыз байланысты. Олардың Қазақ жерін жайлауы мен этникалық құрамдары, этникалық-саяси тарихымызға қосқан үлестері жөнінде көршілес жатқан елдердің деректерінде келтірілген. Бүгінде зерттеуші ғалымдар Қытай, Византия, Орыс, Араб-парсы, және т.б елдердің деректерін зерттеу арқылы ежелгі және орта ғасырдағы Қазақ жерінде орын алған этникалық даму үрдісіне қатысты өзіндік ой- пікір қалыптастырған.

Деректерге сүйену арқылы зерттеушілер «Қазақ» сөзінің мән мағынасына да қатысты пікір қалыптастырып келеді. Білім алушы сабақтан тыс уақытта аталмыш тақырыпты қарастыру барысында Қазақ даласындағы этникалық даму үрдісіне тоқталып, халқымыздың халық есебінде танылуына дейінгі кезеңдермен оқып танысуы керек.. Нақты даму кезеңдерін көрсетіп, ерекшеліктерін ұғынуы керек. Қазақ даласында этникалық және саяси жағынан күш алған тайпалардың құрамына назар аударып, антропологиялық ерекшеліктеріне мән беруі керек. Сондай-ақ «Қазақ» сөзінің деректерде айтылу ерекшелігі, мәліметті жеткізіп отырған дерек, оның мезгілі, атауға қатысты этно территориялық сілтеме, орын алған саяси оқиғалар т.б осылардың барлығын ұштастыра отырып, берілген сұрақтарға жауап беру керек.

Тақырып бойынша сұрақтардың көлемі:

1. Қазақ халқының ежелгі тарихы туралы не айта аласыз ?

2. Қазақ даласын ежелгі кезеңдерде қандай тайпалар күш алып, мемлекеттілігін қалыптастырды ?

3. «Қазақ» атауының деректерде кездесуі туралы не айта аласыз?

4. Халқымыздың дамуы туралы қандай авторлар зерттеу жұмыстарын жүргізді, бұл мәселеге қатысты олардың көзқарастары қандай ?

8. Қазақ халқының қалыптасуы жөнінде қандай аңыздар бар ? Қосымша әдебиеттердің тізімі:

1. Қазақ тарихы. Очерк А.,1994. 123-148 беттер.

2. Қазақстан тарихы. 2 том. А., 1997. 291-312 беттер.

3. Ермұханов Б Қазақтың этникалық тарихы. // Ақиқат, 1998,№ 1, 34-46 беттер; 1998,№ 2, 56-62 беттер.

4. Бұланов Е «Қазақ» туралы қанша айтылды? (мәселенің тарихнамасы) // Қазақ тарихы, 2005, № 4, 28-32 беттер.

Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы мен Қазақ хандығының құрылуы тақырыптары бойынша 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда «Ұлы Дала Елі» ұғымын қолдану, 6.3.1.9 Қазақ хандығы құрылуының

тарихи маңызын анықтау кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары бойынша сабақтан тыс жұмысының мазмұны .

Қазақ хандығының құрылуы мен саяси тарихына шолу жасау, қазақ хандығының этникалық құрамын анықтау, қазақ «жүздерінің» этникалық құрамын сипаттау тапсырма:

1. Қазақ хандығының алғашқы хандары Керей мен Жәнібектің саяси портреті (қысқаша баяндама жазып, 3 минуттық хабарлама дайындау).

2. «Портреттер сөйлейді» (Шартты көрсетілген фотосуреттердегі (Қазақ хандарының) тарихи тұлғалардың аты-жөнін атап, ішкі, сыртқы саясаттарындағы ерекшеліктер мен айырмашылықтарға тоқталу).

«Түріктер туралы тарихи деректер» тақырыбында 6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау атты оқу мақсатын меңгерту үшін «Атлах шайқасына қатысты» суретке зерттеу жүргізу тапсырмасын беруге болады. Мұғалімге білім алушылардың деректерді тиімді түрде қолдануына және зерттеу арқылы қойылған сұрақтарға жауап табуына бағыт беруі ұсынылады.

Аталған тапсырмаға сәйкес білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып «Фотосуреттермен жұмыс» тәсілін қолдануға болады.

Фотосуреттер – тарих сабағындағы қызықты дереккөздердің бірі болып табылады. Фотосуреттер ХІХ ғасырдың басынан бері тарихтың әртүрлі аспектілеріне қатысты көптеген шынайы визуалды образдарды бейнелейді, соның ішінде әлеуметтік жағдай, соғыстар, техникалық өнертабыстар, саяси оқиғалар және т.б. Олар ұзақ әрі күрделі жазбаша дереккөздерге қарағанда түсінікті және қызықты болады. Ал, фотосуреттерді қарапайым әрі түсінікті етіп ұсыну қажет. Мұқият талдаусыз ұсынылған ең қызықты деген фотосурет те білім алушыға түсініксіз болуы мүмкін. Ең бастысы, білім алушыларға визуалды дереккөздерді зерттеуге бағыттайтын сұрақтар мен тапсырмалар беру ұсынылады. Білім алушылар фотосуреттерді визуалды дереккөзді-мәтінге және жазбаша деректерге қарағанда оңай қабылдайды. Визуалды дереккөздерді талдау бойынша тапсырма беру үшін, білім алушыларды зерттеуге бағыттайтын сұрақтар мен тапсырмалар мазмұны түсінікті болуы қажет.[24]

Фотосуретпен жұмыс жасаудың алгоритмі:

- фотосуреттерде көргеніңізді сипаттаңыз. Суретте бейнеленген ұсақ бөлектерге да назар аударыңыз;

- суретте қандай нысан басты назарда? Автордың неге көңіл бөлгісі келгенін анықтаңыз;

- фотосуреттегі адамдар қандай іс-әрекетпен айналысуда?

- ойланыңыз, неліктен суретші осы уақытта және осы оқиғаны фотоға түсіргенін анықтаңыз;

- фото мазмұнында мәтіндік ақпарат, плакат, жарнама, қолтаңба көрініс тапқан ба?

- егер фотосуреттің уақыты анық болмаған жағдайда, барлық мүмкіндікті пайдалану арқылы мерзімін анықтауға тырысыңыз;

- әрқашан фотосуреттің т.б деректермен (статистикалық деректер, тарихи оқиғалар, карикатуралар т.б) байланысын анықтаңыз;

• егер тарихи деректер бір-біріне қарама-қайшы келсе, оның себебін анықтаңыз. Қарама-қайшылықтардан тағы да қандай тың деректерді алуға болады? Қайсы дерек неғұрлым шынайы екендігіне көз жеткізіңіз?

1. фото мазмұнында қандай оқиға, ақпарат, мәлімет т.б. жеткіліксіз болып тұр? [Работа с фотографиями. <http://urokiistorii.ru/article/2230>].

Фотосуретпен жұмыс жасаудың алгоритміне сәйкес суретті талдауға арналған талдамалық жұмыс парағын қолдану білім алушының зерттеу жұмысын жүйелі жүргізуіне септігін тигізеді. Суреттің талдамалық жұмыс парағы кестесінде көрсетілген.

Суреттің талдамалық жұмыс парағы.

1-қадам. Бақылау		
А	Суретті 2 минут ішінде зерттеңіз. Суреттен алған жалпы әсерді сипаттаңыз, содан кейін оның жеке элементтерін зерттеңіз. Суретті жеке бөліктерге бөліп, оның әр элементін зерттеңіз.	
В	Суреттегі адамдар, нысандар және іс-әрекеттерді анықтау үшін төмендегі кестені қолданыңыз.	
	Адамдар	Нысандар
2-қадам. Қорытынды		
	Өз бақылауларыңыздың негізінде негізгі үш нысанды көрсете отырып, суреттен қорытынды шығарыңыз	
3-қадам. Сұрақтар		
А	Бұл сурет сізде қандай сұрақтар тудырады?	
В	Оларға жауаптарды қайдан таба аласыздар?	

Нәтижесінде білім алушылар суреттегі оқиғаларға сәйкес түркілердің әскери өнердегі жетістіктері бойынша қорытынды жасай алады. (Білім беру мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасымен «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерін (10-11-сыныптарда) оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар, – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021., 34-356.)

Қазақстан тарихы бойынша үлгерімі төмен білім алушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруда картамен жұмысты ұйымдастыру да нәтиже береді. Картамен жұмыс бойынша ережелер мен ұсыныстар Ұлттық тестілеу орталығы құрастырған Қорытынды аттестаттауға дайындалуға арналған оқу-әдістемелік құралдан алынды. (Қараңыз: Қазақстан тарихы. Қорытынды аттестаттауға дайындалуға арналған оқу-әдістемелік құрал. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Ұлттық тестілеу орталығы, –Астана. 2017.,9-12 б.) Білім алушылар үшін картамен жұмыс бойынша Ережелер

Өздерің тандаған шартты белгілердің көмегімен тапсырманы орындандар, шартты белгілерді картаның түсіндірме сөздеріне бейнелеңдер. Географиялық және тарихи нысандар – қалалар мен кенттердің атауларын дұрыс жазыңдар;

өзендердің атауы ағысы бойына жазылады: бастауынан құйылуына қарай, жазу басқа белгілердің сұлбасын жауып қалмауы керек; жазуды мүмкіндігінше ұсақ, бірақ анық етіп жазыңдар.

Картаны артық жүктеп жібермес үшін ұсақ нысандар сандармен белгіленіп, артынан карта нобайының сыртында оларға түсінік берілуі тиіс («шартты белгілер» графасында).

Картаға тарихи нысандарды-өзен жүйелері, жаға сызығын және мемлекеттік шекараларды бейнелеуде градустық торды пайдаланыңыз (бұл бағдар және ыңғайлылыққа, сондай-ақ нысандарды дұрыс енгізуге қажет).

Өздеріңізге берілген тапсырмаларды дәл орындау керек («артық ақпарат» енгізуден сақтаныңдар: жұмысқа артық ақпарат еніп кеткенде берілген тапсырманы дұрыс рәсімдегені үшін қойылатын баға бір баллға төмендеуі мүмкін)

Нысандардың географиялық және тарихи атаулары бас әріптен жазылсын. Жұмыс грамматикалық қатесіз ұқыпты орындалуы тиіс (салақ және грамматикалық қателермен орындалған жұмыс бағаны бір баллға төмендетуі мүмкін).

Билеттегі кескін картамен жұмысты бағалау критерийлері

- Карта бойынша тапсырманы дәл және дұрыс орындауы
- Картаға нысандар мен жазбаларды дәл және ұқыпты енгізуі
- Жұмысында шартты белгілердің және олардың түсініктемесінің болуы (карта аңызы)
- Картамен жұмыс жасау ережесін сақтауы (бояуда бәсең түстерді пайдалануы, бояу тек түрлі-түсті қарындаштармен жүргізілуі)
- Сөйлеу және грамматикалық қателердің болмауы.

Тарих картасымен жұмысты бағалау критерийлері

- Картаның оқу алгоритмін сақтай білуі
- Карта бетінде географиялық бағдарларды дәл табуы және оны көрсете білуі
- Картадағы шартты ақпаратты мәтіндік ақпаратқа түрлендіре білуі
- Атауды, мерзімді, шартты белгілерді жауаптың үш бөлімді құрылымын сақтау үшін пайдалана білуі (кіріспе (атауы, бейненің салынған күні) – негізгі бөлім (картадағы ақпараттың сипаты немесе карта бойынша сұрақтарға жауап) – қорытынды)
- Сөйлеу сауаттылығы.

Картамен жұмыс бойынша ұсынымдар

Дегенмен, бастауыш кезеңнің өзінде-ақ, тарих және кескін карта секілді оқытудың дәстүрлі «аспаптарын» пайдалана отырып, білім алушыны ақпарат алу, түсіндіру, түрлендіру және пайдалануға үйрету мүмкін. Бұл «аспапты» дұрыс пайдаланса, мұғалім заманауи білім беру жүйесінің алдында тұрған көптеген проблемаларды шеше алады:

- Оқытудың репродуктивті деңгейінен продуктивті деңгейіне көшіру проблемасы
- Ақпараттың тек бір пәндік сипаты және қалыптастырылатын икемділік пен

дағды проблемасы

- Білім алушыны оқыту мен әлеуметтендіру арасындағы байланыс жоқтығының проблемасы.

Төмендегі таблицада кескін картамен жұмыс үшін берілетін тапсырмалардың мысалдары келтірілген. Сол жақ бағанда Қазақстан тарихы бойынша кескін карталардағы дәстүрлі тапсырмалар көрсетілген. Бұл тапсырмалар білім алушыға атластан кескін картаға механикалық түрде көшіруді ұсынады. Оң жақта, мақсаты талдау, салыстыру, синтез сынды ойлау операциясы арқасында өз бетінше ақпарат алу болып табылатын, кескін карта тапсырмасының түрлендірілген нұсқасы берілген. Жұмыстың қорытындысы ақпараттағы қайшылыққа дербес жетіп, сол қайшылықты түсіндіріп беруге талаптану болып табылады

«Кескін картамен жұмыс үшін берілетін тапсырмалардың мысалдары»

Репродуктивті деңгей (ақпаратты айту)	Продуктивті деңгей (талдау, салыстыру, синтез сынды ойлау операциясы арқасында өз бетінше ақпарат алу)
1. Кейінгі ортағасырлық Қазақстандағы жер өңдеудің негізгі аудандарын көрсетіндер; 2. Қазақ хандығының астаналарын жазыңдар; 3. Қазақстан аумағындағы ортағасырлық сәулет ескерткіштері ауданын белгілендер; 4. Қазақ хандығының XV ғасырдағы және XVI ғасырдың басындағы шекарасын көрсетіндер.	1. Қазақстандағы жер өңдеуге неғұрлым қолайлы аумақтарды бөліп көрсетіндер (табиғи қолайлы аумақтар мен қолдан жасалған жағдайлы аумақтарды түс (баяу) көмегімен <i>бөліп көрсет</i>); 2. Қазақстанның аумағын жер өңдеумен шұғылдануға қолайлы және қолайлы емес аймақтарға <i>бөліп көрсетіндер</i> (бұлай бөлуді көрсету үшін көмектесетін шартты белгілер ойлап тап); 3. Оңтүстік Қазақстан жерінде жер өңдеумен шұғылдануға неғұрлым қолайлы аудандарды көрсетіндер; Өз таңдауларыңды негіздендер; 4. Картада Қазақ хандығы мемлекетінің XV ғасырдағы және XVI ғасырдың басындағы аумағын көрсетіндер. Қазақ хандарының неліктен Сырдария өңіріне биліктерін бекітуге ұмтылғанын анықтандар. Сырдария өңірін билеу құқығы үшін XV ғасырда және XVI ғасырдың басында қандай династиялар әскери қақтығысқа түсті?

Осындай тәсіл қолданғанда білім алушы пән туралы білім алып қана қоймай, оны алу және пайдалануға да үйренеді. Тарих сабақтарын карта, схема, таблицаларды оқу алгоритмін өңдеу көмегімен пән туралы білімдерін тереңдетуде түсіну, талдау және пайдаланумен араластыра отырып жүргізу қажет.

Критерийлер пәндік икемділік пен дағдылардан басқа жалпы білім беру икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыруға да мүмкіндік береді. Критерийлерде 5 балл болады (дәстүрлі мектептік баға шкаласы). Бір критерий бір баллға сәйкес Сондай-ақ мұғалімнің кескін картасындағы жұмысты бағалайтын дәл критерийлер мен картадағы шартты ақпаратты мәтіндік ақпаратқа түрлендіру критерийлеріне назар аудару маңызды.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқу пәні

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнін оқытуды ұйымдастырудың нысандары мен әдістері өзгеруде. Пәнді оқыту процесінің келесі ерекшеліктері: білім алушыға дайын білім берілмейді, ал білімді білім алушы өзі, мұғалім ұйымдастырған бірлескен орта, іздеу қызметі арқылы алады.

Оқытуды ұйымдастыруды түсіну барлық жүйені анықтауға мүмкіншілік береді, дидактикалық аппараттың ұғымдық-категориялық құралғысы өзара байланыста олар: «оқыту» және «білім беру», «ұйымдастыру түрлері» және «оқыту әдістері», «оқыту қағидаттары» және тағы басқалар. Бұл жаңа және дәстүрлі білім беру технологияларын қолданудың болашағы мен мақсатқа лайықтылығы туралы туындаған сұрақтарды анықтау жолдарын көрсетеді, өйткені олар оқыту түрлері мен формаларын дұрыс түсінуге байланысты, оқытудың түрлері мен әдістерінің ғылыми теориясы оқыту процесінің материалдығы мен мәніне тұтастай бағынышты.

Оқыту – бұл бірінші кезекте білімі мен тәжірибесі және оны шыңдайтындар арасындағы ұйымдасқан қарым-қатынас. Оқыту әдісін осылайша сипаттау арқылы оқытудың жеке бір бөлігі емес, тұтас жүйесі құрылады. Оқытуды айқындау және сипаттау келесі жағдаяттардан тұрады: оқытудың мақсаты мен міндеттері, оқыту құралдары, оқытушының жетекшілік етуі, білім алушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру, оқыту процесінде өзгерулері, қол жеткізген нәтиже немесе мақсат. Міне, осылайша оқыту әдісінің мән-мағынасы анықталады және оқыту процесінің ішкі немесе сыртқы жақтарын (сұрау, жаңа материалдарды мазмұндау, бекіту, білім алушылардың өзбетімен жұмыстары, бақылау) қарастырмайды – оқыту процесін тұтас қамтиды [47].

Әрбір сабақты өткізу үшін мектеп директоры бекіткен сабақ жоспары құрылады. Сабақтың жоспарында төмендегілер көрсетіледі: тақырыбы, оқу және тәрбиелік мақсаттары, сабақта қарастырылатын оқу сұрақтары, оқу уақытын бөлу, жалпы білім беретін пәндермен оқу сұрақтарының байланысы, материалдық қамтамасыз ету және сабақ барысы. Қажет болған жағдайда сабақта қарастырылатын оқу сұрақтарына байланысты оқу материалдарының қысқа мерзімді жоспар мазмұнда беріледі.

Оқытушы-ұйымдастырушы білім берудің жалғыз қайнар көзі болып қалмай, білім алушылардың белсенді оқу-танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастырушы ретінде қызмет ету керек.

Білім беру бағдарламасының табысты болуы оқытушы-ұйымдастырушыдан әрбір сабаққа мұқият та, тиянақты дайындалуды және жоспарлауды талап етеді. Сонымен қатар белсенді де, командалық оқыту, сыни тұрғыдан бағалау секілді заманауи педагогикалық технологияларды қолданған дұрыс. Бағдарлама іс жүзінде орындалатын әрекеттерді және зерттеушілік дағдыларды дамытуға бағытталған.

Мектептегі білім беру мазмұнының байланысты «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша үлгерімі төмен білім алушылармен

жұмыс істеу әдістері мен нысандары өзгереді. Пәнді оқыту процесінің мынадай ерекшеліктері бар: білім алушыға дайын күйіндегі білім деңгейі берілмейді, яғни білім алушы мұғалім ұйымдастырған зертханалық орта мен іздену іс-әрекеттері арқылы білім деңгейіне өздігінен қол жеткізеді. Мәтіннің мағынасын түсіну және оқу сауаттылығына (аралас және дискретті (үлеспен берілген) мәтіндерді оқу, ақпаратты үлгі, кесте, алгоритмдер түрінде беру) баса назар аударылады.

Қазіргі заманғы сабақтарды былайша түсіндіруге болады:

1. Шындықты түсіндіру, шындықты іздеу және оның мағынасын ой елегінен өткізу. Бұл дегеніміз, мазмұны ғылыми білімнен құралған рухани қарым-қатынас және соның нәтижесінде әрбір субъект зерделеу қасиеті дамып, рухани байлыққа ие болады. Шындық білім алушының иығына арта салатын жүк емес, жеке тұлға шындықтың шыңына шығуға ұмтылып, оның мән-мағынасын түсінуі керек. Мысалдар: аяқталмаған тезис, мұғалімнің «мен» түсінігін трансляциялау, ынталандыру.

2. Бала өмірінің бір бөлігі және оның өмірі жалпыадамзаттық мәдениеттің жоғары деңгейінде қалыптасуы керек. Сәлемдесу, бір-біріне түсіністікпен қарау, мейірбандылық, этикет секілді оң әрекеттерді қалыптастыру керек. Тәрбиелеу – бұл дегеніміз, баланың мұғаліммен бірге және оның көмегімен қазіргі заманғы мәдениетке қадам басуы.

3. Шынайы өмірді ізгілендіру, адамзат баласын ең басты құндылық деп мойындау, жеке тұлғаның дербес дамуына мүмкіндік беруге бағытталған еркін сабақ. білім алушы әрдайым мақсат-нысана болып табылады, ол ешқашан да тәрбиелеу құралы болмауы керек.

4. Табыстылық жағдайын, адамның жекелеген жетістіктерге қол жеткізуін сезіндіруге қажет жағдай құру. Мысалдар: қолдау көрсету, әрбір әрекетті бағалау, үрейге жол бермеу, мейірбандылық, басқалармен салыстырмау.

5. Жыныстық (гендерлік) тәрбие.

6. Топтасып әрекет етуді ұйымдастыру.

7. Үйлесімін тапқан сабақ, сабақтың мазмұнының байлығы, оның сыртқы келбеті мен шамасы. Сабақтың тиімді (оң райда) өтуі. Мысалдар: педагогикалық жағдайды түзету, ойындар, өздігінен реттеу үлгілері; шындықты анықтау, жақсылық жасау, сұлулықты анықтау секілді құндылықтарды дәріптеу.

Үлгерімі төмен білім алушылармен сабақ өткізудің келесі алгоритмін ұсынамыз:

1. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу бағдарламасы бойынша сабақтың пәндік нәтижелері түріндегі мақсаттар мен міндеттер анықталады.

2. Мақсат пен міндеттерге қол жеткізу үшін сәйкес келетін түрлер таңдалуы керек: оқытудың белсенді және интерактивті түрлері (олардың келбеті және мәтін бойынша сабақ тақырыбына сәйкес келуі).

3. Уақытпен, іс-әрекет түрі және ресурстармен байланысқан сабақ кезеңдері. Әр сабақтың құрылымы келесі құрам-бөліктерден тұрады:

1) білім алушыға түсінікті тілде жеткізілген сабақтың мақсаттары («Нені білетін боламыз, нені үйренеміз»);

2) тапсырма/сабақта жұмыс істеуге қажет білім және біліктілікті өзектілендіру;

3) сабақтың мәтіндік және көрсетуге арналған (иллюстрациялық) материалдарынан құралған жаңа мазмұндағы білім деңгейін игеруге қажет тапсырмалар жүйесі (мәтінмен және көрсету материалдарымен жұмыс жасау, сыныптағы жұмыс);

4) сабақтың мазмұны бойынша қысқаша түйіндеме («Қорытынды жасайық», сыныптағы жұмыс);

5) қорытынды бақылау жұмыстарын ұйымдастыруға арналған сұрақтар мен тапсырмалар (өзіндік бақылау сұрақтары);

6) үй тапсырмаларын және шығармашылық деңгейдегі тапсырмаларды беру.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық теориялық және практикалық сабақтарда іске асырылады:

- теориялық сабақтарды оқытудың дидактикалық материалдарын, техникалық құралдар мен инновациялық әдістерді қолдана отырып, әңгімелеу және сұхбаттасу түрінде өткізіледі;

- практикалық сабақтар оқулық қару және әскери-техникалық мүлікті, құралдарды және өзге де жабдықтарды қолдана отырып, оқу материалын игеруге бағытталады.

Кіріспе сабағын өткізу барысында үш оқу сұрағы қарастырылады.

Бірінші оқу сұрағы – оқу орындарында алғашқы әскери дайындық сабағын заңнамалық негізде ұйымдастыру, бұл оқу сұрағын қарастыра отырып білім алушыларға Қазақстан Республикасы Конституциясының 36-бабының талаптарын жеткізу қажет, алғашқы әскери дайындық сабағы оқу орындарында Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпанындағы «Әскери қызмет және әскери қызметкерлердің мәртебесі туралы» заңының талаптары негізінде жүргізіледі [48].

Алғашқы әскери және технологиялық дайындықты ұйымдастыру және жүргізу тәртібі Мемлекеттік органдардың, мекемелер мен лауазымды адамдардың міндеттері «Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығымен анықталады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15725 болып тіркелген) [47].

Басшылыққа алынатын құжаттардың талаптарын түсіндіре отырып, білім алушылардың санасына АӘТД пәнін оқытудың үлкен мемлекеттік маңызы бар екендігін жеткізу қажет.

Осы оқу сұрағында алғашқы әскери дайындық пәнінің мақсаттары мен міндеттерін түсіндіру керек.

Екінші оқу сұрағын төмендегідей тұжырымдауға болады: алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағын өткізу тәртібі. Осы сұрақты қарастыра отырып: оқу бағдарламасының мазмұны және оны орындау ретін түсіндіру; «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні оқулығының мазмұнын; білім алушылардың білім мен дағдыларына қойылатын талаптарды қысқаша түсіндіру. Бұл бөлімде білім алушылардың міндеттері, сабақтағы және сыныптан

тыс іс-шараларға қатысудағы мінез-құлықтарының тәртібі түсіндіру ұсынылады, АӘТД сабағындағы білім алушыларға тағайындалған киім үлгісі мен оқу сабақтарына қажетті оқу құралдары және оларды дайындау уақытын жеткізу қажет.

Үшінші оқу сұрағы – ұйымдастырушылық. Ол мыналарды қамтиды: взвод және бөлімше командирлерін таңдау және тағайындау, білім алушыларды бөлімшелерге бөлу. Сабақ барысында білім алушыларға сабақ басталуы мен аяқталуы кезіндегі командирлер мен білім алушылардың іс-әрекеттерін түсіндіріп, көрсетіп және оған жаттықтыру керек. Аталған сабақтар әңгімелесу, түсіндіру, көрсету және жаттығулар әдісімен жүргізіледі.

Сабаққа дайындық және өткізу барысында Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының 2012 жылы 16 ақпанындағы «Әскери қызмет және әскери қызметкерлердің мәртебесі туралы» Заңы [45], Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15725 болып тіркелген) [47], «Алғашқы әскери дайындық» оқулығының материалдары, әдістемелік басшылықтың жалпы ұйымдастырушылық нұсқауларының мәтіндері қолданылды.

Үлгерімі төмен білім алушылармен оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері:

Құндылықтарға бағытталған ұстаным:

Оқытудағы құндылықтарға бағытталған ұстаным – ол оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдаланудың тәсілі. Құндылыққа бағытталған ұстаным білім алушы тұлғасының бойында мақсатты түрде құндылықтар жүйесін қалыптастырады.

Тұлғаға бағытталған ұстаным:

Тұлғаға бағытталған ұстанымның мақсаты оқу үдерісін дараландыру, оқу үдерісінде тұлғаны, оның жеке психикалық және физиологиялық ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен жүріс-тұрыс уәждерін, әлеуетті қабілеттіліктерін ескере отырып үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, оның шығармашылық қабілеттерін толық ашу.

Іс-әрекеттік ұстаным:

Іс-әрекеттік ұстанымның негізгі мазмұны – білім алушы білімді дайын күйінде алмай, оны өзі өндіреді, өзінің оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынады, оның ережелер жүйесін түсінеді және қабылдайды, жетілдіруге белсенді қатысады. Ол өз кезегінде білімдердің, біліктердің, оқып-үйрену және кең ауқымды дағдылардың белсенді әрі сәтті қалыптасуын қамтамасыз етеді. Білім алушылардың оқу әрекеттері келесі басты санаттар бойынша топтастырылған: «біледі», «түсінеді», «талдайды», «синтездейді», «бағалайды».

Саралап оқыту ұстанымы:

Саралап оқыту ұстанымы – оқу үдерісін білім алушылардың әртүрлі топтарына мамандандырылуын, білім алушылардың жеке қабілеттіліктерін ескеру мақсатында әртүрлі топтарға түрлі жағдайларды жасауды көздейді.

Саралап оқыту ұстанымы әртүрлі білім алушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін кіріктіреді. Күрделілігімен, оқу-танымдық қызығушылықтарымен, мұғалім тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану – сараланған оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың шарты болып табылады.

Коммуникативтік ұстаным:

Білім берудегі коммуникативтік ұстаным дегеніміз ақпаратты тарату мен жариялауда, білім, білік және дағдылармен алмасуда екіден асатын адамдардың сөйлеу арқылы атқарылатын әрекеттесу үдерісі. Коммуникативтік ұстанымның нәтижесі болып тіл арқылы қатынасу қабілеттілігі, яғни тілдік және сөйлеу нормаларын дұрыс пайдалана және қатынас жағдайына сай тиімді қатынас жүріс-тұрысын тандай отырып, түрлі жағдайларда қатынас әрекетінің басқа қатысушыларымен ой бөлісу және алмасу қабілеттілігі болып табылады. Коммуникативтік ұстанымға сәйкес ұйымдастырылған оқу процесі, қатынасу икемділікті қалыптастыратын тапсырмаларды және шынайы қатынас жағдайларына сай жұмыс режимдерін (жұптық және топтық жұмыстарды) кіріктіру керек.

Ойын іс-әрекеттері арқылы оқыту:

Оқу процесінде білімді меңгертуде оқу әдісі ретінде ойын іс-әрекетін қолдану білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық ойын технологияларың басты элементтері – ойын алдында білім алушыларға нақты оқу мақсаты қойылады; ойын арқылы белгілі педагогикалық нәтижеге қол жеткізу жоспарланады, оқу әрекеті ойын ережелеріне бағынады, оқу материалы ойынның құралы болып табылады. Білім алушылардың сабақтағы ұжымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталған ойын әдісі арқылы, олардың шағын топтың өзге мүшелерінің пікірін сыйлауына, әртүрлі өнімді іс-әрекет негізінде соңғы нәтижені алдын-ала көре білуіне, өзіндік іс-әрекетін жоспарлауына, мақсатқа жету амалдарын таңдауына мүмкіндік беріледі.

Бұл сипатта үлгерімі төмен білім алушылармен жеке тұлғаға бағытталған білім беруді күшейту интерактивті оқыту әдістерін қолдану арқылы мүмкін болады, олар әр түрлі комбинацияларда білім беру процесіне барлық қатысушылардың ынтымақтастығы үшін алғышарттар жасайды, өзара қарым-қатынаста авторитаризмге жол бермейді. Диалогтік және рефлексивті технологияларды қолдану білім алушылардың жобалық және зерттеу қызметін ұйымдастырумен үйлеседі. Білім беру процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдері оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет әдістерімен белсенді алмасуды қамтитын нақты шығармашылық процесте білім алушылардың қарым-қатынас моделіне айналдырады.

3. ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРМЕН ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ

Мектептегі үлгермеушілік проблемасының теориясы мен практикасын талдау білім алушылардың танымдық функцияларының әлсіз дамуы мен педагог тарапынан оларға тиісті сараланған психологиялық-педагогикалық көзқарастың болмауы арасында объективті қалыптасқан қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік береді;

Үлгермеушіліктің алдын алу жөніндегі жұмыс жүйесі нақты мақсатқа - білім алушыларда ЖББМС талаптарына сай келетін білім деңгейін қалыптастыруға нақты бағытталған. Осы мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін жүйенің ерекшелігі үш құрамдас бөліктің синтезі болып табылады: мектепке дейінгі даму, мектепте оқыту және әлеуметтік-тұрмыстық орта. Компоненттер арасында себеп-салдарлық байланыстар байқалады.

Білім алушылардың үлгермеуінің әртүрлі сипатын ескере отырып, алдын алу жолдары таңдалады.

Білім алушылардың үлгермеуінің әртүрлі сипатын ескере отырып, алдын алу жолдары таңдалады.

1. Білім алушылардың үлгермеуінің алдын алудың психологиялық шарттары

- Мұғалімнің кіші жасөспірімдердің жас ерекшеліктерін білуі және есепке алуы,

-білім алушылардың жүйке жүйесінің жеке-типологиялық ерекшеліктерін білу және есепке алу

- әр түрлі жыныстағы білім алушылардың ақыл-ой белсенділігі, білім алушылардың жетекші қызметін есепке алу, жеткіліксіз дамыған психологиялық процестерді түзету.

- оқу тобында игілікті атмосфера құру және білім алушылардың тұлғааралық қарым-қатынастарын қалыпқа келтіру

- 6-9 жас аралығындағы жас балалардың мектептегі алаңдаушылығын төмендетуге ықпал ету.

- білім алушылардың оң оқу мотивациясын және өзін-өзі бағалауды қалыптастыру.

2. Үлгермеушіліктің алдын алудың педагогикалық шарттары:

- педагогтардың өздігінен білім алуы және өзін-өзі дамытуы ; - ата-аналарды ынтымақтастыққа тарту, педагогтің білім алушылардың денсаулық жағдайын білуі және есепке алуы,

-мектеп мамандарының (сынып жетекшісінің, әлеуметтік педагогтың, дәрігердің, психологтың, логопедтің, пән мұғалімдерінің) көмегін тарту,;

- мұғалімнің білім алушылардың білімдеріндегі, біліктері мен дағдыларындағы жеке олқылықтарды білуі және есепке алуы,

- жалпы білім беру біліктері мен дағдыларын қалыптастыру

- оқу пәндерін оқу ерекшеліктеріне байланысты қиындықтарды және үлгермеушілік белгілерін білу және есепке алу,

- оқудағы қиындықтардың туындау себебі негізінде білім алушыларды жіктеу.

Үлгермеушіліктің алдын-алу үшін бұрын анықталған психологиялық-педагогикалық жағдайларды сәтті жүзеге асыру білім алушылардың үлгермеуінің алдын алатын оқу ортасын құруға әкеледі, нәтижесінде олардың үлгерімі қалыпқа келеді.

Осылайша, мектептегі үлгермеушілік-бұл мінез-құлық пен оқу нәтижелері мектептің тәрбиелік және дидактикалық талаптарына сәйкес келмейтін жағдай. Ол сыртқы (оқу талаптарына сәйкес келмеуі, білім алушының мүмкіндіктері мен оқу талаптары арасындағы қайшылықтар) және ішкі (баланың сихофизиологиялық, жеке ерекшеліктері; қоршаған ортаның ерекшеліктері) өлшемдермен анықталады, сондай-ақ білім алушының оқу іс-әрекетінің тиімсіздігін көрсетеді және білімді игерудің төмен деңгейі ретінде түсініледі.

Мектептегі үлгермеушіліктің алдын алу және түзету жолдары сыртқы және ішкі критерийлер бойынша, үлгермеушіліктің табиғатын ескере отырып және басқа мамандармен тығыз ынтымақтастықта құрылады.

Мектеп психологы үлгерімі төмен білім алушылармен коррекциялық жұмыс жасау кезінде келесідей ерекшеліктерді есепке алуы қажет.

1. Аты – жөні _____
2. _ Білім беру мекемесі _____
3. Сыныбы _____
4. Маман ойы _____
5. Оқушының күшті жақтары _____
6. Оқушының әлсіз жақтары _____
7. Коррекциялық жұмыстың өту кезеңі _____
8. Коррекциялық жұмыс кезіндегі өзгерістер _____

Коррекциялық дамытушы сабақтар бағдарламасын төмендегідей жасауға болады.

1. Өзектілігі

2. Нақты сабақтың жоспары

3. Осы тақырыптың мақсат, міндеттері

4. Коррекциялық жұмысты жүргізуші

5. Коррекциялық жұмыста алынған қорытындылар

Коррекциялық бағыт

Міндет: коррекциялық іс-шаралардың көмегімен психикалық үдерістерді қалыптандыру.

Бағдарламалық шаралар	іс-Өткізу мерзімдері	Жауаптылар	Қызмет түрлері	Болжанатын нәтиже
Оқушылармен дербес-коррекциялық жұмыс (психодиагностика)	Жүгінуіне қарай	Мектеп психологы	Коррекциялық сабақ бағдарламасын жасау	Оқушылардың психикалық

және педагогтар сұрауларының нәтижелері бойынша)				денсаулығын қалыптандыру
Оқушылармен топтық коррекциялық жұмыс, ПМПК-да кеңес беру	Жүгінуіне қарай	Мектеп психологы	Коррекциялық сабақ бағдарламасын жасау	Оқушылардың психикалық денсаулығын қалыптандыру
Мінез-құлқында проблемалары бар кіші оқушыларымен тренингтік сабақтарды және мақұлдау	Желтоқсан–қаңтар буын	Мектеп психологы, әлеуметтік педагог	Әдебиеттерді талдау, тренингтік сабақтар бағдарламасын жасау	Әдістемелік база құру
Ойын терапиясы бойынша оқушылармен жекелей сабақтар өткізу	Жүгінуіне қарай	Мектеп психологы	Сабақтар жүргізу үшін материалдық база жасақтау	Оқушылардың психологиялық денсаулығын жақсарту

Психокоррекция – бағыты индивидтің бүтіндік дамуы мен қызметіне психологиялық әсер ету болып табылады. Жеке бас дамуына әсер ету жас және дара психологиялық ерекшеліктеріне (танымдық, эмоционалды-еріктік, қалыпты мінез-құлық және қасиеттеріне) қарай жүретін қалыпты процес. Психокоррекциялық жұмыстың тиімді ерекшеліктері

Тәжірибелі психолог маман психодиагностикалық өңдеу көрсеткішінен алынған нәтижені негізге ала отырып, жеке бас дамуын қалыптастыруға коррекциялық жаттығулар қолданады. Психолог маман жұмысының тиімділігін талдау, балалармен нақты өзара әрекетті ұйымдастыру және оны жүзеге асыру болып табылады.

Психокоррекциялық жұмыста «коррекция» терминінің кең қолданымға енуі ХХ ғасырдың 70 жылдарынан басталды. Тура аудармасы «исправление - түзету» деген мағынаны береді. Психолог жеке тұлғаның мінез-құлқы мен сапаларына, белгілі әсер етуде түзету жұмысына бағдарлама құрады. Бағдарлама құрылымы психологиялық және педагогикалық екі бөлімде қарастырылады.

1. Психологиялық бөлімінде психолог жеке жұмыс жоспарын жасап, оны жүзеге асырады.

2. Ал педагогикалық бөлімінде психолог басқа мамандармен – мұғалім, тәрбиеші және ата-анамен біріге отырып, психологиялық ұсыныстар құрастырады.

Р.С.Немовтың пікірінше, «психокоррекция» ерекшелігі – психикасы сау адамның мінез-құлқын реттеуге әсер ету және оның жетіспейтін тұстарын жетілдіруде психологтың қолданатын психологиялық тәсілдерінің жиынтығы.

- Психокоррекцияның басқа бағыттардан ерекшелігіне сипаттама: психикасы сау адамдарда біріншіден күнделікті өмірде шешілмеген мәселелері болады, психологиялық қиындықты сезетін ашуланып, оған шағым жасайтындар, ал екіншіден өзін жақсы сезінетін, сондай-ақ жеке бас дамуын талпыныста ұстап, өзгеруге дайындық деңгейдегі индивидтерге жүргізіледі;

- мінез-құлқындағы ерекшелікке коррекциялық жұмыстар жүргізерде, психикалық саулығы міндетті түрде ескеріледі;

- психокоррекция жұмыстар жүргізілуі жеке тұлғада нақты шамада бүгін және ертеңге бағытталады;

- орта мерзімде көмек беруге бағытталады (психологиялық көмек индивидті қабылдау 15-реттен аспайды);

- психологтың жұмыс жоспары индивидтің құндылық қорына негізделі кұрылады;

- әсер ету деңгейі индивидтің жеке бас дамуы мен мінез-құлық өзгеруіне бағытталады.

Психокоррекциялық жұмыстың мақсаты – баладағы психикалық даму заңдылықтарын түсіне отырып, үлкендермен серіктестікте жүргізілетін белсенді әрекет түрі.

Психокоррекциялық мақсат 3 бағытқа негізделеді:

1. Әлеуметтік даму жағын ықшамдау;

2. Балада жетекші іс-әрекет түрлерін дамыту;

Жас және психологиялық жаңа білімді қалыптастыру;

Психокоррекцияның негізгі міндеттері:

Жеке бас дамуына қажетті когнитивті (ақыл-ой), эмоционалды және мінез-құлықтық өрістер бірге қарастырылады. Субъектінің мәдени және жас ерекшелігі ескеріле отырып, ішкі ресурстарды белсенділеу болып табылады. Психокоррекциялық жұмыстарды жүргізу жағымды тәжірибе жинақтау мақсатында құрылуы және жүзеге асырылуы қажет.

Психокоррекциялық бағдарлама құрудың түрлері:

- коррекцияның жалпы моделі сабақ жүктемесін құрастыруда баланың жеке бас дамуы жағдайы, қоршаған орта мен адамдар арасындағы жүйелі қатынастары ескеріле отырып, ықшамдап күнге, аптаға және айға бөліп қарастырады.

- коррекцияның типтік моделі тәжірибеге негіз етіп, түрлі жетекші іс-әрекет (ойын, оқу және еңбек) қимылын ұйымдастыру.

- коррекцияның жеке моделі баланың жеке психикалық дамуын, қызығушылығын, білімін және мәселелерінің түрлерін белгілеу.

- стандартты бағдарламада: қажетті құрал-жабдықтар, қатысушыларға қойылатын талаптар мен кезеңдерге бөлінген жоспар.

- еркін бағдарламада: психолог психокоррекциялық мақсат, міндеттерді еркін жоспарлайды және кезеңдерге өз қалауынша бөле алады.

Психокоррекциялық жұмыста әсер ету деңгейі психологтың кәсіби біліктілігі мен құзыреттілігіне байланысты:

Теориялық жағынан (баланың психикалық даму заңдылығы мен жас кезеңдерін, оқыту мен тәрбие мәселесіндегі қатынасты, жеке және шығармашылық қабілетті білуі) дамуы, арнайы әдістерді (бір әдістің немесе ықпалдың мүмкіндіктерін) және жағдайларды білуі және дайындығы жатады.

Тәжірибелік жағынан кәсіби деңгейде психокоррекциялық әдістер мен әдістемелерді қолдануды меңгеруі, қызметіндегі құпияларды сақтай білуі мен сенімділігі.

Жеке тұлғалық дайындығы жағынан психологтың жеке басында алдымен өз мәселесі (өзін-өзі басқару) – бойынша жұмыстың жүргізілуі, өзіндегі жағдайды шеше білуі (жеке мәселесін шеше алмаса, алдына келген индивид мәселесіне тепе-тең көзқараста қарай алмайды) нейтралды ара қашықтықты ұстай білуге мүмкіндік береді. Психолог күнделікті өзімен жұмыс жасап, жеке басын жетілдіріп отыруы қажет, себебі алдымен сыртқы түрімен сенімге еніп, әсер етеміз.

Психокоррекцияның түрлері.

- Сипатына қарай: симптомды (ауру белгісі) және каузалды (себеп) деп бөлініп, дер кезіндегі дамудағы кедергіні анықтайды.

- Ұзақтығына қарай: тым қысқа, қысқа және ұзақ, тым ұзақ болып келеді. Өзекті мәселені шешуге қажетті бір немесе бірнеше сағаттар, айлар сондай-ақ, кейде жылға созылуы мүмкін.

- Міндеттің ауқымына қарай: жалпы, жеке және арнайы болып бөлінеді. Кешенді ұйымдастырылған жұмыстар жеке, жалпы және арнайы топпен жүргізіледі.

- Мазмұнына қарай: танымдық өрісі жеке тұлғалық, аффектілі еріктік, мінез құлық тұрғысынан, тұлғааралық қатынасынан, топ ішілік ата ана мен бала қатынасынан тұрады.

- Жұмыс түріне қарай: жеке топпен, табиғи жабық топпен (ұжым, отбасы, ерлі зайыпты).

- Бағдарламаға байланысты: бағдарламалық және жанынан шығарған еркін тақырыптар.

- Әсер етудегі басқару: Дерективті және дерективті емес болып қарастырылады.

Білім беру мекемелерінде психокоррекциялық жұмыс психологиялық педагогикалық әсер тұтастығы оны түзетуде бала дамуындағы бұзылыс пен жетіспеушілікке ағарту жұмыстарын қолдану. Ол екі байланыста көрінеді: симптомдық жкек ауытқуға және этимологиялық шығу себебіне бағытталған.

Психолог коррекциялық жұмыстармен айналысқанда келесі тізбекпен жұмыс жасайды: а) не бар? б) не болу керек? в) қажетті нәрсе болу үшін не істеу керек? Оған жауап беруде психиканың дамуын үш деңгейде қарастыра, түсінік берумен талдауда тұрады (Г.С. Абрамова).

Нерофизиологиялық деңгейінде (не бар?) психолог құбылысты ми қызметі туралы білім негізінде зерттеп, ми шабуылын басты ұстанымдарға, ми қабығы мен психикалық қызметтерге бағыттайды. Жалпы психологиялық талдауды (не болу керек?). Психика қызметінің механизімі мен заңдылықтары негізінде алынған көрсеткіштер қолданылады. Жеке ерекшелік психологиялық деңгейінде (қажетті нәрсе болу үшін не істеу керек?) жеке тұлғаны жас және дара ерекшелігіне қарай сәйкестендіре нақты талдайды.

Психокоррекциялық мәселеге әдіснамалық негізді батыс елдерінде екі үлкен топқа бөлді; *психодинамикалық және мінез құлық* психология пәні оны бағытына қарай сана және мінез құлықта қарастырады. Бұл ықпал бала мен жеткіншекте жүргізілетін психокоррекциялық жұмыстың мақсаты, стратегиясы және әдістерін ескертеді. Психодинамикалық ықпалда қолданылатын ойын терапиясы, арттерапиясы және бала психоанализі бойынша ерекшеленсе, мінез құлықтық терапияда қарастыратын балада мінез құлық дағды жолдары туралы білімді (жетондық бағдарлама) бейімделуге үйлесімді моделдерді, орындаушы біліктілігін дамытуға (мінез құлық тренингі), өзіндік реттелуге (скилл терапиясы) қалыптастырады. Іс әрекеттік ықпалда отандық психологиялық мектепке арнайы білімді іс әрекетте ұйымдастырады, коррекциялық жұмыста ішкі және сыртқы белсенділікті басқару мен бақылауды және деңгейге көтеру арқылы психологиялық құралдарды меңгереді (Л.С.Выготский, А.Р. Лурия, П.Я.Гальперин.) Психокоррекциядағы психологиялық механизм деп интериоризация (импорт) сыртқы әрекетті (көшірме жасау, нұсқау бойынша орындау, көрсету) ішке қарай «айналдыру» (Л.С.Выготский.) Осы бағыт бойынша іс әрекеттің жоспарлы әдістемесіне балалар мінез құлқына ойын коррекциясы және психогимнастиканы қалыптастыруға болады.

Психокоррекциялық бағдарламаларды құрастырудағы негізгі ұстанымдар.

Психокоррекциялық бағдарлама құруда ескерілетін ұстанымдар: *жас және дара дамудың психологиялық ерекшелігін есепке алу, жүйелілік, бірлік және іс әрекет күрделендіру ұстанымымен қатар В.С.Выготскийдің енгізген «таяудағы даму аймағы» есепке алынып «жоғарыдан төмен» және «төменнен жоғары» ұстанымы негізінде құрастырылады.*

Әртүрлі коррекциялық бағдарламаны құрастыруда осы ұстанымдарды ұстану қажет.

1. Коррекция, алдын алу және дамыту міндеттерінің жүйелік ұстанымы. Онтогенезде психиканың даму сипатымен оның күрделілігін жүйелі есепке алудан тұрады. Кез келген дамыту түзету бағдарламасы осы негізде құрастырылады.

Мақсаты мен міндеттері үш деңгейлі мақсат жүйесінде қалыптасуы қажет:

1. Коррекция арқылы дамудағы ауытқу мен бұзылысты, ескеру қиындықтарды жою.

2. Профилактикалық (ағарту) дамудағы ауытқу мен қиындықтарды ескерту.

3. Дамыту даму маңызын қолайлы ету және жағдай жасау.

Коррекциялық дамыту іс әрекетіне мақсат пен міндеттерді анықтауда бүгінгі күннің өзекті мәселесімен шектелуге болмайды, «таяудағы даму аймағын» ескеру қажет.

2. Диагностика мен коррекция бірлігі ұстанымы.

Тапсырыс берушіге психологиялық көмек көрсету тәжірибелі психолог маман іс әрекетінің негізгі түрі ретінде процестің біртұтастығын көрсетеді. Коррекция жұмысының тиімділігін 90% анықтау қаншалықты терең, мұқият зерттелуіне байланысты коррекциялық жұмыстарды жүзеге асырудың бастамасын диагностикалық зерттеулер алуы тиіс, соның негізінде алғашқы қорытынды жасалып, коррекциялық дамыту жұмысының мақсаты мен міндеттері қарастырылады. Коррекциялық дамыту іс-әрекетін жүзеге асыруда, жеке тұлғадағы өзгеріс динамикасын, мінез-құлқын, іс-әрекетін, эмоционалды жағдайын, оның түзету жұмысы барысындағы сезімдері мен мазасыздықтарын ұдайы бақылауды қажет етеді. Бағдарлама міндеттері тапсырыс берушіге психологиялық әсер ететін әдістер мен тәсілдерге дер кезінде өзгертуге толықтыруға мүмкіндік береді.

3. Каузальды тип түзетудің артық шылық ұстанымы: ең сәтті жүргізілген синтомдық жұмыстың өзі клиенттің бастан өткізген қиындығын соңына дейін шешіп бере алмайды. Түзету іс-шараларын, артықшылығы дамудың қиындық себептері мен ауытқуды анықтау және жою болып табылады.

4. Коррекцияның іс әрекеттік ұстанымы: іс әрекеттің қалыптасу негізі А.Н Леонтев, Д.Б Эльконин еңбектеріндегі баланың психикалық дамуы теориясы болып табылады. Коррекциялық жұмыстың жүргізілуі әдістердің қолданылу жолдары мен қойылған мақсаты анықтайды. Коррекциялық дамыту әсерінің басты тәсілі клиентте белсенді іс әрекетін ұйымдастыру оның жүзеге асыру барысында ауыр, әрі даулы жағдайларды бағдарлау үшін түрлі жағдайлар жасалады, негіз етіп тұлғаның жағымды дамуы қарастырылады.

5. Клиенттің жас кезеңі, психологиялық және дара ерекшеліктерін есепке алу ұстанымы: Клиенттің жеке ерекшелігін нақты есепке алу, әрбір дамудың қолайлы бағдарламасын жасауға мүмкіндік береді.

6. Психологиялық әсер етудің кешенді әдістер ұстанымы: Тәжірибелі психологияның әдістерінің барлық деңгейде, тәсілдері мен техниканы қолдану қажеттілігін білдіреді. Бірде бір техника немесе әдістеме бір ғана теорияның меншігі емес. Бұл әдістер әр түрлі мәселелері бар тапсырыс берушіге тиімді психологиялық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

7. Коррекциялық бағдарламада таяудағы әлеуметтік ортаны белсенді қатыстыру ұстанымы: Бала әлеуметтік ортадан тыс, өзге адамдармен қарым қатынасқа түспей өз алдына бөлек дамуда тежелу байқалады. Ол әлеуметтік қатынаста, тұтас жүйеде, бөлінбейтін бірлікте дамиды.

8. Психикалық процестерді түрлі деңгейде ұйымдастыру тірегі ұстанымы: нақты дамыған психикалық процестерге сүйену, оларды белсенді

ететін әдістерді қолдану. Тапсырыс берушінің ішкі күшін (ресурсын) анықтауға негіз болады.

9. Күрделендіру ұстанымы: әр бір топ ең төменгі қарапайымнан, ең жоғарғы күрделіге келесі кезеңдерден өту керек. Материалды қағаз жүзіндегі күрделілік, оның психоголиялық қиындығына әркез сәйкес келе бермейді. Материалдық эмоционалды күрделілігін есепке алу. Коррекция жұмысына ұсынылатын материал немесе ой жаттығулар жағымды эмоционалды әсер қалдыру қажет. Коррекция жұмысының құрылым бағдарламасы психолологиялық дәлелді болу шарт. Коррекция жұмысының сәттілігі ең алдымен диагностикалық нәтиженің шынайы, дұрыс, объективті кешенді бағалауына байланысты болады.

10. «Жоғарыдан төмен» коррекциялық ұстанымы: Л.С.Выготский ұсынған коррекция жұмысының бағыттылығын ашады. Психолог назарында коррекция іс әрекетінің негізгі мазмұны, клиенттің ертеңгі келешек дамуы, таяудағы даму аумағын құрудан тұрады.

11. «Төменнен жоғарыға» коррекциялық ұстанымы: коррекция жұмысының жаттығу мен дағдының қарастырылуында. Коррекция жұмысының басты міндеті мінез құлықтың қажетті моделін жасап, оны тез арада бекіту. Коррекция жаттығулары жекелік және топтық деңгейде қарастырылады. Алдымен тәжірибелік психолог маман индивидті жеке қабылдаған жөн, себебі жеке және дара ерекшелігімен этностық, әлеуметтік, мәдени көзқарасын анықтау мен ескеру жұмыстары жүргізіледі. Жеке пікірін байқағаннан кейін, қосымша пікірлер қажеттілігін сезінгенде топтық жұмыстарға қосатын болады. Танымдық процестерге психокоррекциялық жаттығулар.

Психокоррекциялық жұмыстың ойын жаттығулары арқылы берілуі: мінез-құлықтың реттелмеуі, бала қобалжуы, қорқуы мен қарым-қатынас бұзылуында қолданылады. Мектепке дейінгі кезеңде ойын еркін әдіс ретінде қолданылады. Ойын жаттығулары бағыттау, қайта құру және бекітуге арналады. Ойын үстінде баланы асықтырудың қажеті жоқ, бірақ белсенділігін байқатқанда мадақтап отыру шарт.

Бала-бақшада аффектілі: шектен тыс өкпелегіш, жағымсыз тұйық, эмоциясы тұрақсыз балалар кездеседі. Олармен ойынның төрт түрі: сюжетті ролді, ереже бойынша ойын, бейнелі-ролдік ойын, және режиссерлік ойындар қарастырылады. Олар мектепке дайындық төңірегінде шоғырланған. Осы тақырып бойынша зор ғылыми тәжірибелік жұмыстар жүргізген (Л.А. Венгер, Л.М. Безруких, А.С. Смирнова, В.В. Холмовская, т.б.). психологтардың назарын таза психологиялық мәселелерге аударған жөн. Психикалық процестерді дамытуды жетілдіре отырып мінез-құлықты басқару, алдын алу, анықтау, сондай-ақ психолог баланың жеке бас дамуына маңызды үлес қосып, мектепте табысты оқуға дайындық жасауға ықпал етеді.

Бала психикасының дамуына орта көп қырлы әсер етеді. Мектепке дейінгі баланың жекелілігінің қалыптасуы топтағы эмоционалды-психологиялық ахуалдың жағымды болу шартында ғана толыққанды болады.

Шынайы өмірде мектепке дейінгі балаларда құрдастарының ортасында *танымал еместері* кездеседі. Олардың қарым-қатынас шеңбері тар,

олар ойын ұйымдастыруда тұрақты мүше бола алмайды, ал олардың жеке қасиеттерін балалар төмен бағалайды. Бұл жағдайда коррекция пәні баланың топтағы құрдастары мен ортада танымал болуына әсер ету, ал психокоррекциялық жұмыстың негізгі бағыты – балалардың оған деген кері қатынасын бағдарлау және жағымды бағалау жүйесін зерттеу.

Балада жеке бас қалыптасуында ауытқуының көрінуінің алғы шарты шет қалуға ұмтылысы, өзге балалармен байланыстың ұзақ болмауы, оның ойын топтарына қатыспауынан көрінуі мүмкін. Бұл жағдайда психокоррекциялық жұмыстың мақсаты қарым-қатынасқа аз түсу симптомы болады. Мұнда психолог баланың ішкі жүйесіне көңіл аударады. Жұмыстың тиімді тәсілдері ретінде ересектердің болып жатқан оқиғаға эмоционалды түсіндірмесін пайдалануға болады, бұл балаға болған жайтты эмоционалды қабылдауға көмектеседі. Мұнда кейін балаға құрдастарының ойынына, таласына, қақтығысына өзінің түсіндіруші болуын ұсынуға болады.

Коррекциялық жұмыстың пәні мектепке дейінгі ойын әрекетінің операциялды жағының ақауы болуы мүмкін: ойын дағдысының дамымауы, әріптестіктің жағымды тәсілдерін игермеуі, ойын әрекеті тәсілдерінің тепе-теңдігі (тым жайбарақаттылық, қозғалыстағы мазасыздану, моторлы импульсивтілік). Мұнда коррекциялық жұмыстың бір бағыты балалардың ойын әрекеті түсінігін жинақтау болып табылады: олардың зейінін сюжетті ойындарға ойын әрекетінің мазмұнына, бірізділігіне, құрдастарының өмірге құштар, көңіл-күйлерінің көтеріңкі болуына аударады. Психологиялық әсер етудің басқа бағыты – ойынның мағынасын түсінуге, ойын әрекетін орындауды дағдыландыру.

Балаларды құрдастарының ойын түсінуге, өз пікірін айта білуге, ортақ ойынды жоспарлауға, әрекет бірізділігін анықтауға дағдыландыру қажет. Қимыл әрекеті баяу дамыған балаларда шапшаң мазмұны ойындарға қызығушылығын оятқан маңызды, олардың ойын операцияларын ең жоғарғы деңгейде жетілдіріп, сәйкесінше мұндай баланың әрекетін мадақтап отырған дұрыс.

Қимыл белсенділігі жоғары балаларға өздерінің қозғалысын мазасыздығын басқара алуға мүмкіндік беретін жағдай туғызған жөн. Мұндай балалардың қозғалысын жасанды шектеу олардың тек ашу мен қозуын күшейтеді.

Мотивациялық аумақты түзетуде баланың мінез-құлқындағы бұйрық өзімшілдік көзқарастың басым болуынан қарастырылады. Мұндай балалардың белсенді, бастамащыл, қарым-қатынасқа бейім болуы мүмкін. Бірақ оларда ойынға деген ұмтылыс ойнау үшін емес, алғашқы ұту деген секілді жекелік мақсаттар болады. Өзімшілдік мотивтері балалар мінез-құлқында ашық көрінуімен бірге жасырын болуы да мүмкін. Мұндай жағдайда негізгі коррекциялық жұмыста жекелік маңыздылық пен іс-әрекеттің қоғамдық құнды мотивтері арасында үйлесімділікті орнатуға бағыттайды. Бұл үшін балаларды мақсатқа сай тәсіл әртүрлі әлеуметтік пайдалы іс-әрекетке жұмылдыру. Онда мотивацияға негізделген тәсілдер қолданылуы мүмкін: досқа көмек, өз тобына көмек көрсету, қақтығыста төрелік ету. Ең бастысы бала әлеуметтік маңыздылық сапасын шынайы көрсете алса және өзінің «басты» болуға қажеттілігін

қанағаттандыра алса болғаны. Психокоррекция бағыты мұндай баланы құрдастарымен бірге ортақ іс-әрекетпен жұмылдыру қажет.

Балада өзі қабылдау бағдары маңызды: өзінің сыртқы келбетіне қызығушылық тудыру (киімі, шаш қойып, жекелік ерекшеліктері). Сондықтан педагогтардың белсенді – жағымды қатынасының маңызы зор, баладағы жағымды қасиеттерді көріп өзіне айтып отыруы керек.

Көшбасшыға қарсы белгі тағы бір коррекциялық іс-әрекеттің мүмкін болатын пәні. Көшбасшыға қарсы – бала құрдастарының беделін жетістіктермен емес, басқа себептермен жаулап алумен келеді. Бұл күш көрсету, қоқан-лоқы жасау, алдау, т.б. болуы мүмкін. Коррекциялық жұмыс мұндай жағдайда мақсатқа сай мінез-құлықтың жағымсыз түрін түсіндіруге бағытталады. Шаршау симптомы түзету жұмысының міндеті болуы мүмкін. Ол барлық балаларда қорғаныс реакциясы ретінде көрінуі мүмкін. Бала болып жатқандарды түсінуге қабілетсіз, өзін қорғансыз, әлсіз сезінеді. Бұл көз жасын көрсету. Балада мұндай міне-құлық түзету – оған тынышталуға көмектеседі. Мектепке дейінгі жастағы балалардың аффектілі мінез-құлыққа коррекция. Бала бақшада аффектілі деп аталатын жиі, өткір, қиратқыш эмоционалдық реакцияға бейім балалар кездеседі. Мұнда мінез-құлықтың жағымсыз түрлері: жоғары өкпешілдік, бірбеткейлік, эмоционалдық, тұрақсыздық. Аффектілі күйден баланы үлкендердің өтініші, жазалауы, сөгісі шығара алмайды.

Мінез-құлықта қиындығы бар балаларға көмектесудің негізгі құралы ойын болып табылады. Қазіргі психологиялық – педагогикалық әдебиеттерде ойынның төрт түрде сипатталуы: сюжеттік рөлдік, ережелермен ойын, бейнелік-рөлдік, режиссерлік.

1-кезең. Сюжеттік-рөлдік ойын.

Алдымен ересек баланы рөлдік бейнені игеруге дағдыландырады. Ересектер ойын сюжетін ұсынады. Ойында бала құдіретті күш болады. Жағдайды басқаруды, әлсіздерді қорғап, жауыздарды жеңуді үйретеді. Бұл үшін балаға мысал үшін балаға келесі жағдаятты ұсынуға болады.: екі кейіпкер кездесіп, қиындыққа жолығады. Олардың бірі сасқалақтап не істерін білмей жылайды. Екіншісі қалай шығар жолды іздейді. Оған көмекке құдіретті күш келеді, сиқырлы таяқша көмегімен қиын жағдайдан шығуға көмектеседі. Құдіретті күш бейнелі рөл балаға жағдаятқа іштей емес, сырттай жол табуға болатынына шынайы көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Егер бала жетекшінің көмегін қажет етсе, бұл жерде ол үлкендердің көмегінсіз, өз мәселесін шешуге, қақтығысты жағдайдан шығуға әрекет жасайды. Бала ойынды өзі ойлап табады., жетекші оған тек қақтығысты жағдайды енгізіп отырады. Баланың алдына міндет қойылады – бейнелік – роль көмегі арқылы мәселелерден шығатын жол іздеу, аффектілі міне-құлықты жеңу негізге алады.

2-кезең. Режиссерлік ойын.

Бұл кезеңде балаларды әртүрлі режиссерлік ойындарға дағдыландыруға бағытталады. Аффектілі мінез-құлықты балалардың жекелік ерекшелігін ескере келе, алдымен режиссерлік ойындағы ойын әрекетіне үйрету маңызды. осы мақсатпен кубиктер жиынтығын қолдануға болады. Жетекші әртүрлі әңгімелейді және шағын заттарды балалар алдында ойнатады. Жағдаяттарды таңдағанда

деректерді емес сәттерді алған дұрыс. Бұл балаларда эмоционалдық лебіз тудырып, көтеріңкі көңіл-күйге әкеледі. Мысалы: жетекші үлкен нейтралды кубикті алып, оны кеңістікте қозғап, айтады: «Біреуі үлкен, түкті алып келе жатады».

Енді баларды өз бетінше сюжет құрастырғанды дасюжет құрастырғанды дағдыландыру қажет. Бұл үшін оларға бірнеше ойыншықтарды ұсынуға болады.

3-кезең. Вербалды ойындар. Бұл кезеңде балада ерекше көзқарас қалыптасады, режиссерлік көзқарас қатынасына қарағанда жалпылама болады. Материалдық құралсыз сөз арқылы көрсетуге болады.

Алдымен оған белгісіз жағдаяттарды аяқтау ұсынылады. Бала мұны материалдық құрал көмегінсіз, эмоционалды жағымды аяқтайтынына көз жеткізу керек.

Егер бала бұл тапсырманы жақсы орындаса, оған ойынның келесі нұсқасын ұсынуға болады. Жетекші мұнда әңгімені қауіпті жерде тоқтатады.

Балалар саңырауқұлақ теруге барды: себет толы саңырауқұлақты жинап олар жалғыз аяқ жолмен келе жатыр. Жалғыз аяқ жол үлкен асфальт жолды кесіп өтетін еді, бала өтіп кетті, ал қыз себетті құлатып алып саңырауқұлақты төгіп алады.

Психокоррекция тиімділігін бағалау ерекшелігі.

Коррекция факторлар	тиімділігін анықтайтын	Тиімділікті бағалаудың талаптары.
1. Тапсырыс беруші не күтеді.		○ әдістерді нақты анықтау.
2. тапсырыс беруші үшін маңыздылық «Бар мәселеден арылу»		○ Мамандардың бірдей біліктілік деңгейі.
3. Тапсырыс беруші мәселесінің сипаттамасы.		○ Жұмыс бағасын тәуелсіз сарапшылар, мамандар беру керке;
4. Тапсырыс берушінің серіктес болуға дайындығы.		○ психолог тұлғасының құрылымын, әсер ету тиімділігін алдын – ала болжау үшін, оның сапаларының көріну деңгейін есепке алу;
5. Коррекцияны жүзеге асырушы психологтың күтетіні.		○ Тікелей және жанама нәтижені салыстыру; кәсіби мақсат міндеттерге әсер ететін теориялық алғы шарттарды ескеру;
6. Психологтың кәсіби және тұлғалық тәжірбесі.		○
7. Психокоррекцияның түрлі әдістерінің ерекше әсері.		○ Топтық түзету жұмыстарында психологтың кәсіби мүмкіндіктерін ескерген жөн.

Психологтың – «тапсырыс берушіге» қатынасы.

Коррекция жұмыс барысында субъектіге психологиялық әсер етуде психолог жетекші роль атқарады. Кәсіби құндылықтың ең бастысы – тұлғаның бірегейлігіне бағыт ала отырып, психолог коррекциялық бағдарламаның мазмұнын анықтауда, оны жүзеге асыру уақытын, әсер ету әдістерін, ең маңыздысы, оның нәтижесіне жауапкершілік алады.

Әсіресе, онтогенезде бастапқы кезеңдегі дамуды коррекциялауда жауапкершілік жоғары. Бұл үш себептермен шартталады.

1. Балалық шақтағы жекелік даму қарқыны және жас ерекшеліктері қалыпты шамамен сипатталады. Қалыпты шама – нақты бір баланың психикалық мүмкіндіктерін бағалау деңгейін көрсетеді, әрі бағыттаушы, коррекциялық жұмысқа негіз етіп алынады.

2. Психологиялық диагноз қоюдың күрделілігі, түсінікті, дәйекті, дәлелді, сенімді, әдістемелер қолданылуынан анықталады. Зерттеуге қатысудан бас тарту, қызығушылықтың жоғалуын немесе зейіннің басқа нәсеге ауып кетуіне байланысты тесттік тапсырманы орындауда баланы психолог өзіне жағымды деңгейде қаратып алуы қажет.

3. Коррекциялық жұмыста үлкендермен қарым – қатынаста баланың өз құқықтарын қорғап, мақсатына берік болу қиынға соғады.

Психокоррекциялық жұмыста психолог пен тапсырыс берушілер арасындағы қарым – қатынастың үш нұсқасы бар. / Г.С.Абрамова бойынша/

1. «Мен сияқты жаса» / психолог өзіне жауапкершілік алып, жұмыстың қатаң жүйесін ұсынады /

2. «кел, бірге жасайық» / психолог тапсырыс берушімен жауапкершілікті бөліседі. /

3. «Мына тәсілдерден өзің таңдау жаса » / тапсырыс берушіге өзіне жауапкершілік алу ұсынылады. /

Жағдайдың қалыптасуына тәжірибелі – психологтың әдіснамалық тәсілі әсер етеді.

Психокоррекциялық әдістердің топтамасы

(А.Л.Гройсман топтамада белгілер сапасы ретінде ми беделі, биологиялық гомеостаз, коррекция объектісі мен заты, бағыты және ұстаным әсерін енгізді).

а) мидың биологиялық беделі бойынша: сергіту- тоқтау- түсіндіру; өзіндік илану; көз жеткізу; ұйқыға кетер алдындағы күйде сендіру (босаңсуда); нұсқаулық реттеу; ұйқыдан оянар алдында сендіру; ақылды реттеу; ұйқы үстінде сендіру (парадоксалды фаза); беделмен сендіру (арбау); әдістерді босаңсу және нашакорлық эмпатиялық тыңдау, сезіну; жағдай деңгейінде қолдану;

б) биологиялық гомеостаз бойынша: қалыпты жағдайда; стрестік жағдайда;

в) әсер етудің бағыты мен сипатына қарай: дамыту; белсенділікті түсіру; икемдеу;

г) психикалық процестерге әсер ету артықшылығы: имаготренинг (қиялды); ментальды тренинг (ойлау); эмоционалды-еріктік жаттығу;

д) қатысушылар санына байланысты: доптық (микро, макро, мега топ): жекелік;

е) ұстанымына қарай әсер ету: гетерогенді (басқаларға); аутогенді(өзіне);

ж) өнер құралдарын қолдану арқылы: изотерапия (сурет, құрастыру, жапсыру, саз балшық); библиотерапия (кітаптар, авторын ұсыну); музыкатерапия (әуен тыңдау, айтқызу); би терапиясы (билету, қимылдарды қайталату); денеге жанасу терапиясы (екі адам бірге жасау).

Жекелік коррекция жұмыстарында қолданылатын әдістер:

Көз жеткізу әдісі – клиенттің сын көз-қарастары арқылы, фактілерді логикалық негізде қорытындыға келтіру арқылы қайта санасына әсер ету.

Сендіре білу әдісі – мәселе сипатына қарай клиентті дауы ырғағының ықпалы арқылы, дене бітімінің күйі, жағдайды есепке ала отырып сендіруді жүзеге асыру.

Сұхбаттасу әдісі – ауызша түрде әлеуметтік-психологиялық ақпарат көмегіне сүйену.

Бақылау әдісі – клиентті мұқият тыңдап (колибровка) сыртқы және ішкі сезімін бақылай отырып талдауға әкелу.

Психологиялық қолдау көрсету – эмпатияны вербалды және вербалды емес деңгейде қарастырады.

Диалог әдісі – жиі қолданылатын екі адам арасындағы ұқсастану (подскойка) деңгейінде қолданылады.

Ену немесе алып кету әдісі – санада (қимыл, ым-ишара, тыныс жолын, дауыс ырғағын біртіндеп қайталау) содан бейсанада қайталау қайталау арқылы сенімге ену, артынан өзіңмен мәселеге байланысты алып кету.

Психокоррекциялық жұмыстың кезеңдері.

1. Психокоррекцияға анамнез (ақпарат) жинақтау;

а) Әңгімелесу;

б) Психодиагностика.

2. Психологиялық диагноз қою (жас мөлшері мен әлеуметтік мәдени ерекшелігін ескерту)

3. Ықтимал немесе шартты-қалыпты болжам қою.

4. Психокоррекциялы іс шараларды жоспарлау (таяудағы даму аймағын ескеру)

5. Психокоррекциялық іс шараларды жүзеге асыру

6. Коррекциялық жұмыстың нәтижесін бағалау

7. Мәселенің қайталанбауын алдын алу.

Психокоррекциялық бағдарламаларды құрастыру алгоритмі

1. Берілген психологиялық анамнез (ақпарат) психологиялық диагнозды негізге алу.

2. Психологиялық анықтау болжамы арқылы, түзету жұмысының мақсатын құру.

3. Коррекция жұмысының мақсатын құрастыру.

4. Психокоррекциялық жұмыс негізіне құрылатын әдістемелік бағыт таңдау.

5. Коррекция жұмысын жүргізетін, стратегия мен әдісті таңдау.

6. Индивидуалды жұмыс түрін анықтау (жекелік, топтық немесе аралас)

7. Барлық түзету жұмысына қажетті жалпы уақытты анықтау.

8. Қажетті кездесулер жиілігін анықтау (күнделікті, аптасына бір рет, аптасына екі рет, екі аптада бір рет, т.б.).

9. Әрбір түзету сабағының ұзақтығын анықтау.

10. Коррекция жұмыстарының әдістері мен техникаларын іріктеу.

11. Жұмысқа бөтен адамдардың қатысуын жоспарлау (отбасымен жұмыста-туыстарына қосу т.б.).

12. Коррекция жұмысының бағдарламасын жасап, түзету сабағының мазмұнын анықтау.

13. Қажетті материал мен құрал жабдықты дайындау.

14. Процесті кезеңдерге бөлу. Міндетті түрде нәтижені тексеріп, қажетті түзету енгізу үшін психодиагностикалық жұмыс қорытындысын қарау.

15. Коррекция жұмысын іске асыру.

16. Жұмыстың нәтижелігін бағалау.

17. Өткізілген түзету бағдарламасын нәтижелігін бағалау туралы психологиялық немесе психологиялық педагогикалық қорытынды жасау.

18. Түзету нәтижесін, жеке ерекшелігін және клиенттің әлеуеттік жағдайын ескере отырып алдын алу шараларын жоспарлау және оны жүзеге асыру. Отбасы психологиясына арналған психокоорекция

Психокоорекциялық жұмыстарға отбасының иерархиялы жүйеде дұрыс ұйымдастырылуы мен қызметінің құрылымы, сондай-ақ тұлғааралық қатыстағы қақтығыстарды жеңуге арналған психологиялық әсер ету жолдары жатады. Басты жұмыс отбасымен ондағы топ мүшелері арасында рөлдердің өзгеруі және иерархиялы жүйеде белгілі даму циклымен жүргізіледі. Отбасы қызметінде бірлік бұзылғандықтан «сену» деңгейі аңызға қарай, «көз-қарас» пікірі өткен ата-баба тәжірибелерінің өмір сүру жолдарын дұрыс деп тауып, сонымен шектелуді жөн көру және «сенгіш отбасы психологиясы» болып, онда қорғану механизмі қолданылады. Отбасында жасырын ұстайтын құпиялары болады соны айтудан қорқады (ертеректе отбасы мүшесінің біреуі қылмыс істеуі, бала тастауы, алдыруы және т.б.) және соны ашып қоймас үшін тепе-теңдік емес, жабық деңгейде өзара қатынаста әсер етеді. Ол келесі өмірлік циклда қайта келіп қалыпты дағдарысқа айналады.

Э. Дювалльдың кезеңдері шектеуде отбасындағы баланың болуы, оның жас ерекшелігі қарай шектеді. Осыған байланысты отбасының өмірлік циклына келесі сипаттар беріледі:

1. Қалыптасқан отбасы (0-5жыл) баланың болмауы.

2. Отбасында баланың болуы, үлкені 3 жасқа келуі.

3. Отбасында бала-бақша жасында баланың болуы, үлкені 3-6 жас.

4. Отбасында жеткіншек жасындағы баланың болуы, үлкені 13-21 жаста.

5. Отбасы балаларын өмірге «аттандырған».

6. Ерлі-зайыптылар жетілген жаста.

7. Кәрілікке жеткен отбасы.

Отбасы дағдарысында өзекті мәселелері шектеліне, сол жағдай әлсіздеу бір отбасы мүшесінде «сақтаушы» болып содан байқалады, ол кішкентай бала немесе зейнеткер адам болуы мүмкін. Сол жағдайда ауру белгісі (симптом) мінез-құлықты ескі көз-қарас пен өзара қатынасты байқатады. Ауру белгісін көрсететін адамды, сақтаушыны «теңестірілегн ауру адам» деп айтады. Отбасы жүйесін теориялық ықпалда зерттеушілер отбасында ауру белгісінің көрінуі, ол отбасы қажеттілігінің метафорасы деп атайды. (Шерман Р., Фредман Н., 1997).

Плзак пікірінде ерлі-зайыптылар қатынасының дамуын екі сынды кезеңге бөлді (Плзак 1973). Бірінші сынды кезең ерлі зайыптылардың бірге өмір сүруінің

3 және 7 жылында кездеседі. Самоукина Н.В. алғашқы дағдарыстың (5-7 жыл) болуы серіктесіне көз-қарасы, яғни алғашқы бейненің өзгеруі, алдымен бір-бірінің алдында психологиялық беделінің төмендеуі болып табылады.

Екінші сынды кезең ерлі-зайыптылардың бірге өмір сүруінің 17-25 жыл аралығында туындауы мүмкін. Ерлі-зайыптылар бір-бірінен психологиялық шаршайды, өмір сүруде жаңа қатынасты, өзгерісті қажет етеді. Бұл еркектер қатты уайымдайды. Отбасы дағдарысының жеңіл өтетін тұстары еркіндік, дербестек деңгейде жаңа қатынасты бірге іздеуге ниет етсе ғана, шешімін таппақ. Отбасы дағдарысы кезінде бұрынғыдай өмір сүре алмайды, ролді тепе-теңдікте бөліп қарастыра алмау себептері: жағдайды шешуде таныс шаблонды қолдану, дағдыланған мінез-құлықты, ескі қалыптасқан модельдің қажеті болмай қалуынан туындайды. Отбасылық психокоорекция-отбасылық қатынасты қалыпты жүйеге сәйкестендіре отырып, әлеуметтік мәдени ерекшілік ескеріле жүргізіледі.

Психологиялық кеңес беру – тұлғааралық қарым-қатынастағы қиындықтармен байланысты әр түрлі психологиялық мәселелерді шешуге бағытталған адамдармен тәуелсіз жұмыс. Онда әсер етудің негізгі құралы ұйымдастырылған әңгіме болып табылады.

Жалпы алғанда «кеңес берудің» анықтамасы негізгі деген бірнеше ережелерден тұрады:

1. Кеңес беру адамға өзінің қалауы бойынша белгілі бір амалды таңдап алуына және сол бойынша әрекет етуіне көмектеседі.
2. Кеңес беру жаңа мінез-құлыққа үйренуге көмектеседі.
3. Кеңес беру тұлғаның тұлғаның дамуына жағдай туғызады.
4. Кеңес беруде клиенттің жауапкершілігіне мән беріледі, яғни тәуелсіз жауапты адам тиісті бір жағдайда өз бетімен шешім қабылдай алатындығы ескеріледі, ал кеңес беруші болса клиенттің еріктілік мінез-құлқына ынта-жігер беріп, жағдай жасайды.
5. Кеңес берудің өзегі философияның «тұтынушы – орталықтану» терапиясына негізделген клиент пен кеңес берушінің арасындағы «кеңес беру өзара әрекеттестігі» болып табылады.

Психологиялық кеңес берудің мазмұны – психолог өзінің кәсіптік-ғылыми білімін қолдана отырып, екінші адамға өзінің жаңа психологиялық тапсырмаларын шешу қабілетін сездіретін жағдай жасайды. Бұл мына шкала бойынша тексеріледі:

1. Психолог өте байқампаз болуы керек. (Клиентті тоқтатып, маңызды ақпаратты сараптайды).
2. Психологтың іс-әрекеті құрастырмалы (құрастырмалы емес); ол басқа адамға ақылмен әсер етуге тырысады. (Оған «қысым көрсетеді»).
3. Клиенттің даусы естіледі (өте ақырын естіледі).
4. Клиенттің жауабы психологтың айтқандарымен сәйкес (сәйкес емес).

5. Клиенттің тапсырмасының мазмұны психологқа әсер ету арқылы дұрыс (дұрыс емес) түсінілген. Психолог клиент тапсырмасын шеше отырып, оның жағдайына жеңілдету енгізеді.

6. Психологтың бойында түсіну мен жағымдылық арқылы әсер ету дағдысы бар (жоқ).

7. Психолог клиентке өзінің жеке даралығын жоғалтпай қосылады (тұлғалық құрбандығымен бағасымен).

«Адам–адам» кәсібіндегі психологиялық әсер ету (дәрігер, заңгер, тілші, мұғалім, әлеуметтанушы, әлеуметтік қызметкер) сұхбат ретінде жүзеге асырылатын болғандықтан кеңес беру процедураларын жиі еске түсіреді. Бірақ бұл сұхбаттар өзара іс-әрекет құралы сияқты адамға әсер ету мөлшерімен және оған деген жауапкершілікпен ерекшеленеді. Психолог клиенттің психологиялық өмірінің қасиеттерін көрсеткені үшін жауапты болады. Әр бағыттауға спецификалық әдістемелік тәсілдер, кеңес берудің мақсаты мен тапсырмалары, психикалық шындықтың аймағы, клиент пен кеңес берушінің бағыттары тән.

Білім беру бағдарламасын игеруде қиындықтарға тап болған және үлгерімі нашар білім алушылармен жұмыс жасай отырып, олардың оқудағы үлгермеушіліктерінің себептерін талдай отырып, мұғалім оның жұмысындағы кемшіліктер білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтарды тудыратыны, оқуға деген қызығушылықтың төмендеуіне, оқуға құлықсыздыққа әкелетіні туралы ойлануы керек.

Мұғалімнің өз қызметін үнемі талдауға, түсінуге, санасы мен жұмысын қайта құруға деген ұмтылысы педагогикалық мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Рефлексияда мұғалім іс-әрекеттің шеңберінен шығады (мысалы, сабақ) және осы ұстанымнан оны және осы іс-әрекеттегі өзін сыни тұрғыдан талдайды.

Үлгермеушіліктің қалыптасуының бастапқы кезеңі ретінде артта қалу белгілерін сабақта да, сабақтан тыс уақытта да білім беру қызметі барысында анықтауға болады. Оларды жеңудің тиімділігі оларды уақтылы анықтауға және алдын алуға байланысты болады.

Болашақ сабақты жобалап, жоспарлай отырып, алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы білім беру бағдарламасын меңгеруде қиындық көріп жүрген және үлгерімі нашар білім алушылармен қай кезеңде және қандай жұмыс жүргізілетінін, оларға қандай көмек көрсетілетінін және оны аяқтағаннан кейін (сабақтың интроспекциясы кезінде) өз іс-әрекеттерін талдау тұрғысынан нақты білуі керек. олардың үлгерімі нашар білім алушыларды ілгерілетуге қандай дәрежеде ықпал еткені туралы көзқарас. Оның қалыптасу кезеңіне байланысты сабақтағы мұғалімнің жұмысын екі деңгейге бөлуге болады:

- білім алушылардың үлгермеуінің алдын алуға бағытталған жұмыс (1-кесте);

- білім беру бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға тап болған адамдарға көмек көрсету бойынша жұмыс (7-кесте).

Сабақтың әртүрлі кезендерінде үлгермеушіліктің алдын алу бойынша мұғалімдердің жұмыс тәсілдері

Сабақтың кезеңдері	Жұмыс тәсілдері
Жаңа материалды ұсыну кезеңі	<p>Сабақ барысында білім алушылардың ұсынылған материалды түсіну дәрежесін міндетті түрде тексеріңіз.</p> <p>Оқу материалын меңгерудегі қиындықтар кезінде білім алушылар тарапынан сұрақтарды ынталандыру.</p> <p>Білімді игеруге қызығушылықты сақтау құралдарын қолданыңыз.</p> <p>Барлық білім алушыларға материалды белсенді игеруге мүмкіндік беретін оқыту әдістерінің алуан түрлілігін қамтамасыз ету.</p> <p>Мұғалімнің әңгімесінің жоспарын жасауды сұраңыз.</p>
Жаңадан зерттелген материалды бекіту кезеңі	<p>Танымдық мүмкіндіктерге сәйкес келетін тапсырмаларды ұсыну (өзіне деген сенімділікті қалыптастыру және нығайту мақсатында).</p> <p>Тапсырманы орындау тәртібін егжей-тегжейлі түсіндіріп, жұмыстағы мүмкін қиындықтардың алдын алыңыз.</p> <p>Тапсырманы әртүрлі тәсілдермен орындауды ұсыныңыз.</p>
Білім алушылардың дайындығын бақылау процесінде	<p>Әдетте білім алушылар үлкен қиындық тудыратын мәселелердің ассимиляциясын арнайы бақылау.</p> <p>Ауызша жауаптарда, жазбаша жұмыстарда жіберілген қателерді мұқият талдап, жүйеленіз, сыныпқа тән қателіктерді анықтаңыз және оларды жоюға назар аударыңыз.</p> <p>Алдыңғы сабақтарды өткізіп жіберген материалды игеруді бақылау.</p> <p>Тақырыпты немесе бөлімді бөлу аяқталғаннан кейін білім алушылардың негізгі түсініктерін, заңдарын, ережелерін, дағдылары мен дағдыларын игеру нәтижелерін қорытындылау.</p> <p>Артта қалудың себептерін анықтаңыз.</p>
Сабақта білім алушылардың өзіндік жұмысы барысында	<p>Өздік жұмыста қиындықтар туындаған кезде мұғалімге сұрақтар қоюды ынталандыру.</p> <p>Жұмыста шебер көмек көрсету, олардың тәуелсіздігін жан-жақты дамыту.</p> <p>Жұмысты жоспарлау, оны тиісті қарқынмен орындау және бақылау қабілеттерін үйрету.</p>
Сыныптан тыс өзіндік жұмысты ұйымдастыру кезінде	<p>Әдетте қиындық тудыратын бағдарламаның маңызды элементтеріне назар аудара отырып, жұмыс барысында өткенді қайталауды қамтамасыз етіңіз.</p> <p>Типтік қателіктермен жұмыс істеу үшін жүйелі түрде тапсырма беріңіз.</p> <p>білім алушыларға үй жұмыстарын орындау тәртібі туралы нақты нұсқау беру, білім алушылардың осы нұсқауларды түсіну дәрежесін тексеру.</p> <p>Үй тапсырмасының көлемін басқа сынып мұғалімдерімен үйлестіру, шамадан тыс жүктемені қоспағанда, әсіресе білім беру бағдарламасын игеруде қиындықтар туғызады.</p>

Үй тапсырмасы туралы ақпараттандыру кезеңі	Үй тапсырмасының көлемі мен күрделілігін білім алушылардың танымдық мүмкіндіктеріне қарай саралау қажет екенін есте сақтаңыз.
Үй тапсырмасын тексеру кезеңі	Оқу қиындықтары бар білім алушылар жауабын жиі сұраңыз және шыдамдылықпен тыңдаңыз. Жауап сәтсіз болған жағдайда, оның атына теріс бағалау пікірлерінен аулақ болыңыз. білім алушылардың жауаптарын жиі көтермелеу (бағалау пікірлері). Меңгеруде қиындық көретін білім алушылардан жауап беретін білім алушыға сұрақтар дайындау және қоюын сұрау.

Оқу мотивациясын қалыптастыру мәселесі қазіргі мектеп үшін басты мәселелердің бірі болып табылады және сәтсіздіктің алдын алу тұрғысынан оған жетекші рөл беріледі. Оқу мотивациясын қалыптастыру бойынша жұмысты жоспарлау кезінде оның негізінде оқу іс-әрекетіне, оқу материалының мазмұнына, білім алушының өзіне және оның күштеріне қатынасы қалыптасатынын есте ұстаған жөн.

Оқу іс-әрекетіне жағымды қатынасты қалыптастыру бойынша мұғалімнің жұмыс жүйесін шартты түрде бірнеше кезеңге бөлуге болады, олардың дәйектілігі өте маңызды.

Білім беру бағдарламасын меңгерудегі қиындықтардың және білім алушылардың үлгермеушілігінің алдын алу бойынша жеке жұмыс жоспарының үлгі схемасы

Білім алушының аты-жөні _____

Сынып _____

Пән _____

Бастапқы кезең	Үлгермеудің себептері	Жұмыс жүйесі
(Пән бойынша оқу білімінің, іскерлігінің, дағдыларының деңгейін диагностикалау. Ол не біледі)	1. Дәлелді себепсіз өткізіп жіберу. 2. Позитивті танымдық қызығушылықтардың, мотивтердің болмауы. 3. Эмоционалды-сауық саланың әлсіз даму деңгейі. 4. Тапсырманы жүйелі түрде орындамау. 5. Жеке тұлғаның ерекшеліктері (қайсысы?).	1. Білім алушының ата-аналарымен тұрақты байланыс және оларға оқу қызметі барысында нұсқау беру. 2. Оқу іс-әрекетін ынталандыру (ынталандыру, сәттілік жағдайын жасау, жұмысқа ынталандыру). 3. Оқу іс-әрекетін үнемі диагностикалау (жиі сұрау, өзін-өзі бақылауды жандандыру және т. б.)

	6. Жалпы интеллект дамуының төмен деңгейі. 7. Әлсіреген соматикалық жағдай. 8. Оқу іс-әрекеті тәсілдерінің қалыптаспауы. 9. Ата-аналар тарапынан бақылаудың болмауы. 10. Басқа себептер	4. Өзара көмек көрсетуді ұйымдастыру. 5. Білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру. 6. Оқуға танымдық қызығушылықты қалыптастыру (әдістері). 7. Білім алушыға жеке көзқарас. 8. білім алушы активін жұмысқа тарту
--	---	--

Бастауыш білім беру

Мұғалім жұмысында түзеу жұмысының ойластырылған, дұрыс жұмыс істейтін жүйесі қажет. Ол білім алушылармен жалпы дамытушылық және пәндік бағыттағы жеке және топтық түзету сабақтарын өткізуді қарастырады. Бұл жұмыстың мақсаты:

- Оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға тап болған білім алушыларға көмек көрсету;

- Білім алушылардың жалпы даму деңгейін арттыру, бұрынғы даму мен оқудағы олқылықтарды толтыру, жеткіліксіз игерілген оқу дағдыларын қалыптастыру бойынша жеке жұмыс, жаңа оқу материалын қабылдауға бағытталған дайындық.

Түзету жұмысы баланы тәрбиелеу мен дамытуға біртұтас көзқарас шеңберінде жүргізілуі керек.

Міндеттері:

- жеткілікті игерілмеген оқу дағдыларын қалыптастыру бойынша жеке жұмыс;

- танымдық дамуындағы ауытқуларды түзету;

- қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;

- түзету жұмысында жеке нәтижеге жету емес, жалпы баланың даму мүмкіндіктерін жақсарту үшін жағдай жасау жоспарланған. Түзету әрекетінің екі түрін ажыратуға болады: даму ауытқуларының анықталған белгілеріне сәйкес құрылған әне даму ауытқуларының көздері мен себептеріне бағытталған түзетуші. Түзетудің екінші нысаны біріншіге қарағанда басымдырақ.

Оқу-тәрбие үрдісінің коррекциялық бағытын ұйымдастырудың негізгі принципі балалардың сенсорлық, психикалық және сөйлеу дамуына белсенді әсер етуді көздейді.

Бастауыш сынып мұғалімі қызметінің негізгі мақсаты-әрбір білім алушының табысқа жету жағдайын жасау. Оқудағы табыс баланың қазақ тілі, математика, әдебиеттік оқу, жаратылыстану, дүниетану, орыс тілі, ағылшын тілі сияқты пәндерді оқудағы қиындықтарды жеңу үшін күш-қуатын тудырудың бірден-бір жолы. Тіпті бір рет қана жеткен табысы баланың көңіл-күйін, өзіне деген сенімін түбегейлі өзгертуі мүмкін. Ондай қуанышты мұғалім ғана сыйлай алады. Мұғалім әлсіз білім алушыға орындалатын тапсырманы дайындауға көмектесіп, ол оны сыныпқа ұсынуы мүмкін.

Сабақтарда үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасауда келесі әдістемелік әдістерді қолдануға болады:

- Білімді тексерудің ең қолайлы тәсілі-таратпа материалдар. Бұл таратпа материалдарды тек үлгермеуші білім алушыларға ғана емес, барлық сыныпқа беріледі, осылайша сынып білім алушылары толық сынақ тапсырып жатқандай болады, үлгермеуші білім алушылар өздерін сыныптан бөлініп қалғанын сезбейді.

Жұмысқа жақсы ынталандыру-топтық жұмыс. Топтық жұмыс барысында үлгермеуші білім алушылар Мысалы, үлгі бойынша шешімге түсініктеме беру, дәлелдеудің схемасы, жоспары бойынша түсіндіруді қайталау; теориялық және практикалық бөлімдерде жүргізілетін өзара бақылау картасының жұмысына көмектесу;

Жаңа материалды меңгеруде тәжірибелік дағдыларды дамытудағы табысты болатын әдіс-«тізбек». білім алушылар тізбектегі жаңа мысалдарды шешуге түсініктеме береді. Қателерді мұғалім түзетеді. Егер бұл әдіс барысында білім алушылар қиындықтарға тап болатын болса, онда:

1) Теориялық материал бойынша жүргізілетін диалогтар, яғни жұппен жұмыс жасау кезінде балалар кесте, сызба бойынша бір-біріне сол тақырып бойынша білгендерімен бөліседі. Олар бір-бірін бағалайды. Сауалнама 5-7 минутты алады.

2) Тақтадағы жауаптарымен ұжымдық бақылау (тест немесе өзін-өзі бақылау);

3) Практикалық жаттығулар жүргізуге болады.

4) білім алушылар тапсырма орындау барысында кездескен қиындықтарын, өз ойларын дәптерлеріне жазуына болады.

Әдебиеттік оқу, жаратылыстану, дүниетану пәндері бойынша білім алушылардың олқылықтарын, үлгермейтін, қиындық туғызатын тақырыптарын білу үшін тест жұмыстары көмектеседі. Тест жалпы көрінісі ашып, жетістіктерге жеткен немесе артта қалып қойған білім алушылармен жеке жұмыс жасауға мүмкіндіктер береді. Олар әлсіз білім алушыларға дұрыс жауапты таңдауға мүмкіндік береді.

Білім алушылардың танымдық белсенділігі мен дербестігінің ең жоғары деңгейі өзіндік жұмыс барысында көрінеді. Өзіндік жұмысты орындай отырып, білім алушы анықтамалардағы жазбаларды пайдалана алады, мұғалімнің көмегіне жүгіне алады. Егер білім алушы мұғаліммен бірнеше рет кеңескен болса, онда ол басқа нұсқа тапсырмасын шешуі керек. Тапсырмаларды саралай келе білім алушыларға қиындық туғызатын тақырыптарды белгілей аласың. Әрбір жауап тапсырманың қиындық дәрежесіне қарай ұпаймен бағаланатын болғандықтан, білім алушы орындап отырған тапсырмасының қиындық дәрежесіне де назар аударады. Тапсырма орындау барысында жеткен жетістігіне де қуана алады. Өздік жұмыста әр білім алушының темперамент түрін ескере отырып, жұмысқа қосылу жылдамдығына да мән беру керек.

Үлгерімі төмен білім алушылармен оқытудың сараланған тәсілін пайдаланудың да пайдасы зор. Сараланған тәсілді сабақтың кез келген

кезеңдерінде жүзеге асыруға болады: бекіту кезінде, үй тапсырмасын тексеру кезінде, өз бетінше жұмыс істегенде.

Оқытудың сараланған тәсілі сәйкес дидактикалық материалдарды қолдануды қамтиды:

- арнайы оқу кестелері, плакаттар және өзін-өзі бақылау схемалары;
- карточкалар - ұсынылған тапсырмалардың жағдайын анықтайтын тапсырмалар, қажетті түсініктемелер, сызбалар қоса берілген алынған ақпарат мәтіндері бар карточкалар;
- шешімдерді қалай қабылдау керектігі туралы мысалдарды көрсете отыратын карталар;
- тапсырмалар орындауға нұсқаулықтар беретін нұсқау карталары.

Денсаулығына байланысты сабақты көп уақыт босатқан білім алушылармен сабақтан кейінгі уақытта консультациялар жүргізуге болады. Консультацияларда теорияны пысықтап, тапсырма үлгісі бойынша тапсырмаларды орындайды.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс тек сабақ барысында ғана емес, жеке сабақ барысында да жүргізілуі керек. Бұл сабақтардың мазмұны жеке нәтижеге жету емес, жалпы баланың даму мүмкіндіктерін жақсарту үшін жағдай жасауға жоспарланған дұрыс және де ол қосымша сабақтың уақыты 20 минуттан аспауы керек.

Түзету сабақтарын дайындау және өткізу кезінде білім алушылардың оқу материалын қабылдау ерекшеліктері және оларды іс-әрекетке мотивациясының ерекшеліктерін де есте сақтау қажет. Сабақ барысында әртүрлі дидактикалық ойындарды, жағдаяттарды, ойын-жаттығуларын, оқу әрекетін бала үшін өзекті және мағыналы ете алатын тапсырмаларды пайдалану тиімді.

Нәтижені кесте арқылы көрсетуге болады.

Сабақта үлгермеуші білім алушыға көмектесу	
Сабақ кезеңдері	
білім алушының дайындығын бақылау	Сауалнама барысында ерекше ізгі-ниет атмосферасын құру; Тақтада ұзақ дайындалуы талап ететін тапсырмалардың санын азайту; білім алушыға тапсырманың жауабының жоспарын ұсыну; Көрнекі құралдарды пайдалануға рұқсат ету; Мадақтау арқылы ынталандыру, бағалау
Жаңа сабақпен танысу	Оқу материалын түсіну дәрежесін білу үшін сұрақтармен жетелеу; Проблемалық оқытуда сөйлемдер құруға, қорытынды жасауға немесе жақсы оқитын білім алушының айтқан мәселенің мәнін түсіндіру
Өздік жұмыс	Күрделі тапсырмаларды бірнеше қарапайым тапсырмаларға бөлу (бұрын орындаған тапсырмаларға ұқсас); Тапсырманың орындау әдісі мен тәсілін еске түсіру; Өткен ережелерді қайталау;

	Есептерді, жаттығуларды шешуге қажетті ережелер мен қасиеттерге сілтеме; Тапсырмаларды орындаудың ұтымды тәсілдеріне, оларды рәсімдеуге (жазуға) қойылатын талаптарға нұсқаулар; Әрбір әрекеттерін ынталандыру; Оларды мұқият бақылау, қателерін көрсету, тексеру, түзету
Сабақтан тыс уақытта мектептен тыс жұмысты ұйымдастыру	Үлгермеушілер үшін тапсырмалардың, жаттығулардың ең ұтымдысын таңдау; Тапсырманың орындалу реті туралы толығырақ түсініктеме беру; Мүмкін болатын қиындықтарды ескерту, кеңес беру карталарын, жетекші іс-шаралар жоспары бар карталарды пайдалану, қателерді көрсету, тексеру, түзетуге қойылатын талаптармен таныстыру.

Білім алушылардың барлығы да жетістікке жеткенді жақсы көреді. Кез келген білім алушы, тіпті тәртіп бұзушы да білім алушы да жақсы баға алғанына қуанады. Ол жолдастарының, ұстаздарының көмегімен алғашқы жетістіктерге жетуі және оларды байқап, ескеріп отыруы, мұғалімнің өз жетістіктеріне қуанатынын немесе сәтсіздіктеріне ренжігенін көруі маңызды.

Үлгерімі төмен білім алушыларға арналған жылдық жұмыс жоспары

№	Жұмыстың түрі	Мерзімі	Жұмыс қорытындысы
1	Үлгерімі нашар білім алушыларға арналған жылдық жұмыс жоспарын құру	Қыркүйек	Жоспар
2	Психологпен бірлесе отырып, сынып бойынша үлгерімі нашар білім алушыларды анықтау	Қыркүйек	ББД диагностикасы
3	Білім алушыларды информатиканы игеруге қызықтыру, қажеттілігін түсіндіру.	Үнемі	Білім алушылардың белсенділігі
4	Тақырыптар бойынша білім алушыларға теңдеулер, тізбектер дайындап беру	Сабақ сайын	Жинақ папкасы
5	Білім алушылардың танымдық деңгейіне байланысты деңгейлік тапсырмалар дайындау	Сабақ сайын	Сабақ жоспары
6	Үй тапсырмасының орындалуын қадағалау	Сабақ сайын	Орындау нәтижесі
7	Танымдық қиыншылықты жеңуге байланысты сыныптан достарының көмегін ұйымдастыру	Үнемі	Оқу секторының көмегі
8	Бақылау, жазба жұмыстарын, тесттерін талдау, қатемен жұмысты ұйымдастыру	Жоспар бойынша	Қатемен жұмысы
9	Жұмыс дәптерлерін тексеріп отыру	Сабақ сайын	Тексеру қорытындысы
10	Ата – анасы мен сынып жетекшісімен байланыста болу	Қажеттілікке қарай	Әңгімелесу, кеңес беру

11	Сыныптан тыс уақытта жекелей қосымша жұмыс жүргізу	Аптасына 1 рет	Жұмыс дәптері
12	Күзгі, қысқы, көктемгі, жазғы демалыстарына қосымша тапсырмалар беру, олардың орындалуы бойынша нұсқаулар беру, орындалуын қадағалау.	уақытында	Жеке тапсырмалар

Жеке даму картасы

1	Білім алушы аты-жөні	
2	Сынып	
3	Қай пән бойынша үлгерімі төмен?	
4	Білім алушының тәртібі	
5	Үлгермеу себебі	
6	Білім алушымен жұмыста қандай құралдар пайдаланылады?	
7	Білім алушының үлгере алмауын жоюда кімдермен бірлесе жұмыс жасалады?	
8	Қанша уақыт жұмыс атқарылуда	
9	Өзгерістер байқалды ма?	
10	Жұмыс нәтижесі қандай?	

Үлгерімі төмен білім алушылардың білім деңгейінің өсу дәрежесін бағалау параметрлері

Пәні: _____

Пән мұғалімі: _____

Білім алушының аты-жөні: _____

		I-тоқсан				II-тоқсан				III-тоқсан				IV-тоқсан				
№	Тақырыбы	2	3	4	5	2	3	4	5	2	3	4	5	2	3	4	5	Қорытынды
1	Оқу материалын меңгеруі, теориялық білімі																	
2	Компьютермен жұмыстануы																	

3	Дұрыс жазуы, дәптермен жасалған жұмыстары																		
4	Түсінік айтуы																		
5	Сөздік қоры																		
6	Оқулықпен жұмыс істеу икемділігі, тақырыпты өз бетімен меңгеруі																		
7	Терминдік қоры жеткіліксіз, пікірін толық дәлелдемеді																		
8	Мұғалім тарапынан берілген практикалық жұмыстарды орындау																		
9	Сыныптағы белсенділігі																		

Математика пәнінен үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жоспары

Мақсаты: Үлгерімі төмен білім алушылармен жеке-бағыттық жұмыс жүргізу.

Міндеттері:

1. Үлгерімі нашар білім алушылармен жеке-бағыттық жұмысын ұйымдастыру үшін жағдайлар жасау.
2. Білім алушылардың жеке жетістіктерін анықтау жүйесін жасау
3. Мұғалімдер білімі мен кәсіби сапасын арттыру . /пән мұғалімдері/
4. Білім алушының жеке даму диагностикасы. /мектеп психологі/
5. Инновациялық білімдік технологияның берілуі мен жүйесі, жиналуы, ізденісі
6. Мониторинг арқылы үлгерімі нашар білім алушылардың дамуы мен оқуын қадағалау.

«Үлгермеушілерге арналған ереже»:

1. Үлгермейтінге бірден жағдаятты сұрақ қойып, тез жауабын талап етуге болмайды.
2. Білім алушының ойлану мен дайындалуына жеткілікті уақыт беру
3. Міндетті түрде жауап жазбаша болғаны жақсы
4. Аз уақыт ішінде үлкен материалды меңгеріп алулары мүмкін емес, сондықтан қиын материалды шама-шарқынша бөлімдерге бөліп беру керек.

5. Жаңа өтілген тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап берулерін талап етпеу керек, одан да келесі сабаққа қалдыру керек
6. Оқу қызметінің жетістігін қамтамасыз ету үшін мұғалім жұмыс жүйесін ойластыру керек
7. Мұндай білім алушылардың өзіне деген, біліміне, күшіне деген сенімділігін қалыптастыру

Оқыту тиімділігін арттыру үшін берілген психологтың нұсқаулары

1. Әр түрлі жағдайларға сәйкес мұғалім өз жеке ережесін қолдануы керек
2. Мұғалім сынып тазалығын бақылауы керек
3. Мұғалім тәртіпті қадағалауы керек
4. Сыныпта мұғалім үнемі қозғалыста болуы керек
5. Мұғалім ашық және эмоционалды түрде жанжал жағдаяттарын сабақта шешпеуі керек (нұсқау: Көзбе-көз сөйлесу).
6. Мұғалім білім алушымен жеке жұмыс жүргізген кезде, берген тапсырмасы білім алушыны қызықтырды ма, соған көңіл бөлу керек
7. Мұғалім көбіне білім алушыларға тапсырма берген кезде, белгілі бір ережелерге сәйкес, білім алушыларға үнемі көмек бермеуі керек
8. Білім алушының жіберген қателігі үшін қатты сөкпеуі керек
9. Сұраққа жауап беру кезінде білім алушыға қателігін өзі дұрыстауы үшін уақыт беруі керек

Үлгерімі нашар білім алушылардың мықты жақтары да болады:

- үйде олар оқшауланбай жұмыс жүргізе береді;
- олардың белсенділігі кеш пайда болады, әрі көпке дейін сақталады;
- олар бірізділік жұмысқа бейімделуі байқалады;
- олар өздері жеке өз жұмысын ұсынуға мүмкіндігі бар, тапсырмаларды орындау қабілеттері бар.

Кесте-1. Үлгерімі төмен білім алушылардың тізімі

№	Білім алушының аты жөні	Сыныбы	Келу уақыты
1			

Түсінік хат

Үлгерімі төмен білім алушыларда дамудың жеке варианттарының көп түрлілігі бар. Олар таным компоненттерінің қалыптасуының әр түрлі деңгейіне байланысты, яғни бұл артта қалудың әр түрлі себептері бар екенін көрсетеді. Білім алушылардың негізінен білімді меңгеру үрдісі мына компоненттерден тұрады: қабылдау, түсіну, есте сақтау, қорыту және жүйелеу. Оқу үрдісінде бұл компоненттер өте тығыз байланысты. Білім алушы меңгеретін материалдың қиындығына соқтыққанда ғана өз бетінше шешім қабылдап, қорытынды жасай алады. Осыдан кейін ол материалды толық игереді. Қабылдауы баяу білім

алушылар әрбір сабақ кезінде қажетті көрнекі құралдармен, дидактикалық материалдармен, тарататын және көрсететін көрнекіліктермен қамтамасыз етілуі қажет. Сонда ғана өткізілген сабақтар өз мақсатына толық жетеді. Осы білімді меңгеру компоненттері баяу болғандықтан нашар білім алушы шығады. Оқу жылдамдығы баяу болғандықтан және есеп мәтінін қате оқығандықтан оның мазмұнын түсінбейді, есте сақтауы да төмен. Үлгерімі төмен білім алушылардың ақыл- ой параметрі және жағымды ақыл сапалары қалыптаспаған ,білім қоры аз. Нашар оқудың алдын алу үшін артта қалу мен үлгерімнің төмендеуінің себептерін анықтау керек. Нашар білім алушылардың кемшіліктері төмендегідей:

1) есеп шартын оқығанда әріп ,буын немесе сөз қалдырып оқу,

2) кейбір буындарды сөздерді қайталап немесе ежіктеп оқу. Мұндай кемшілігі бар білім алушыға оқулықтан арнайы тапсырмалар немесе карточкамен жұмыс беріледі. Карточкамен жұмыс білім алушыны жалықтырмайды, оқуға деген ынтасын арттырып отырады. Таным әрекетінің нәтижелілігі- ақыл ой әрекетінің даму дәрежесіне байланысты. Оның негізгі компоненттерінің қалыптаспауы үлгерімнің төмен болуының басты себебі болып табылады.

Компоненттердің қайсысы үлгерімнің төмендеуіне негізгі себеп болуына байланысты артта қалу екіге бөлінеді:

1. Педагогикалық жағынан назардан тыс қалған балалар;

2. Нашар оқитын білім алушылар.

Педагогикалық жағынан назардан тыс қалған балалармен жұмыс орындау нашар оқитындармен салыстырғанда әлдеқайда тиімді болып табылады.

Нашар оқитын білім алушылар оқу- тәрбие үрдісінде көбірек біліктілікті қажет етеді. Бірақ олардың екі түрінде де жұмыстың жалпы бағыты бірдей.

Педагогикалық жағынан назардан тыс қалған балаларды мектепке дейін қолға алу керек. Сабақ үстінде және сабақтан тыс уақытта зейін мен ырықты, есте сақтауды дамыту қажет.

Балалардың артта қалуы мен нашар оқуын болдырмау және алдын алу жұмыстары көп уақытты, ынта-жігерді қажет етеді. Осы қиыншылықтардың себебі –баланың ақыл-ой ерекшеліктерінің, ақыл сапаларының қалыптаспағаны, ал бұл ерекшеліктер мидың кейбір органикалық аномалияларымен байланысты, сондықтан олар сыртқы әсерлерге тез көне алмайды.

Оқи алуларына сәйкес топтарға бөлу критерийлері:

1- топ. Нашар оқитын балалар. Олар баяу әрекет етеді, сыныпқа ілесе алмайды. Егер осыларды есепке алмасақ, оқуға деген қызығушылықтары төмендейді сыныптастарынан қалып қояды. Бұл білім алушылар үшін өткен материалдардан тапсырмалар берілуі керек және тапсырмалардың көлемі шағын болуы тиіс.

2-топ. Бұл топтың білім алушыларына материалды естеріне сақтау үшін көп рет қайталау қажет. Сырттай олардың психологиялық ерекшеліктері асықпайтындығынан, жоғары эмоционалдығынан, зейінінің төмендегінен және жинақы еместігінен байқалады. Олар үшін жинақтауға берілген тапсырмалар

қиын. Бұл білім алушыларға берілген жұмыс алгоритмін қолданған пайдалы. Теорияны жақсы игере отырып, олар практикада қате жіберуі мүмкін. Мұндай білім алушыларға әр – әрекетті ауызша түсіндіруді талап ететін тапсырмалар ұсыну маңызды.

3-топ. Бұл топқа қозуы мен тоқтауының тепе -тең үрдісі бар білім алушылар кіреді. Олардың тұрақты зейіні бар, жинақтау үрдісін жақсы игерген, үлкен сөздік қоры бар.

Сараланған тапсырмалар -бұл жаттығулар жинағы, оларды орындау негізінде балалар ережелерді жақсы түсініп, игереді, қажетті дағдыларды қалыптастырады. Сараланған тапсырмалар тақтада, карточкада, слайдтарда, таблицаларда жазылуы мүмкін. Сараланған тапсырмалардың негізгі түрі міндетті тапсырмалар, дағдыны қалыптастыру үшін оқыған ережені дұрыс қолдануға ықпал етеді; олардың көлемі шектелген болуы керек және әр білім алушының шамасы келетін тапсырмалар болуы тиіс.

4 - сыныптың математика пәнінен үлгерімі төмен білім алушыларға арналған жеке жұмыс жоспар үлгісі 2022-2023 оқу жылы

№	Тақырыбы	сағат саны	мерзімі
1.	Көптаңбалы сандармен арифметикалық амалдар орындау	1	
2-3.	Жылдамдық. Уақыт. Қашықтық. Есептер шығару	2	
4-5.	Тест тапсырмаларын орындау	2	
6-7.	Жұмыс. Өнімділік. Уақыт. Есептер шығару	2	
8.	Теңдеу құру арқылы есептер шығару	1	
9.	Белгісізді екі айырма бойынша табуға берілген есептер	1	
10.	Тест тапсырмаларын орындау	1	
11-12.	Логикалық ой қорыту	2	
13-14.	Алгоритмге арналған логикалық есептер. Бір таңбалы сандарға көбейту және бөлу тәсілдері	2	
15.	Екі таңбалы санға көбейту мен бөлудің жазбаша тәсілдері	1	
16.	Қозғалысқа берілген есептер	1	
17-18.	Өртүрлі есептер шығару	2	
19-20.	Тест тапсырмалары	2	
21-22.	Геометриялық тапсырмалар. Тест	2	
23-24.	Теңдеу құру арқылы есептер шығару	2	
25.	Үлестер мен бөлшектер	1	
26.	Тест жұмысы	1	
27.	Математикалық шытырмандар. Санды көбейтіндіге көбейту	1	
28-29.	Көбейту мен бөлудің тиімді тәсілдері	2	
30.	Өзара бірімәндік сәйкестік. Дөңгелек және шеңбер. Радиус және диаметр	1	

31.	Реттеу. Қиял мен қисынды жаттықтыру. Бөлшектер мен үлестер.	1	
32.	Математикалық сөзжұмбақтар. Жұмыс. Өнімділік. Уақыт	1	
33-34.	Теңдеулер, теңдіктер және теңсіздіктер	2	
35-36.	Тест тапсырмалары	2	

Қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәндерінен үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жоспары

Үлгерімі төмен білім алушылардың ақыл-ой параметрі және жағымды ақыл сапалары қалыптаспаған білім қоры аз. Нашар оқудың алдын алу үшін артта қалу мен үлгерімнің төмендеуінің себептерін анықтау керек. Үлгерімі төмен білім алушылардың кемшіліктері төмендегідей:

- мәтінді оқығанда әріп, буын немесе сөз қалдырып оқу;
- кейбір буындарды сөздерді қайталап немесе ежіктеп оқу.

Мұндай кемшілігі бар білім алушыға оқулықтан арнайы тапсырмалар немесе карточкамен жұмыс беріледі. Карточкамен жұмыс білім алушыны жалықтырмайды, оқуға деген ынтасын арттырып отырады. Таным әрекетінің нәтижелілігі- ақыл ой әрекетінің даму дәрежесіне байланысты. Оның негізгі компоненттерінің қалыптаспауы үлгерімнің төмен болуының басты себебі болып табылады.

Мақсаты:

- қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша білім алушының білімін дамыту, сабақ үлгерімін жақсарту;
- білім алушының жекелеме тапсырмалар арқылы пәнге қызығушылығын ояту;
- сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз ете отырып, шығармашылықпен ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру;
- пәнге деген қызығушылығын арттыру арқылы мемлекеттік білім стандартын меңгерту;
- үлгерімі төмен білім алушылармен жыл бойы жұмыс жүргізе отырып, тарих пәнінен қабілеті төмен білім алушылардың жеке тұлғалық мүмкіндіктерін ашуға көмектесу.

Міндеттері:

- әр сыныптағы үлгерімі төмен білім алушыларды анықтау
- мемлекетін білім стандартын меңгере отырып, жыл бойы жұмыс жүргізу арқылы үлгерімін жоғарылату;
- үлгерімі төмен білім алушыларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету.

Күтілетін нәтиже:

- оқу бағдарламасына сай білімді өз дәресенде меңгереді;
- пән бойынша негізгі ұғымдар мен түсініктерді ажырата және салыстыра алады;

- ұлттық сана сезімі жетілген және ішкі жан дүниесін тануға, өзін өзгелермен салыстыруға мүмкіндігі қалыптасқан тұлға.

Негізгі принцип:

- нақты баламен жеке сыйластық және сенімді қарым-қатынас орнату;
- нашар үлгермеуші білім алушылардың пән бойынша әр сыныптан анықтау, жүргізілетін жоспарды құру;
- жазуға биылдықты жүргізілетін жұмыстар (көшіру, түсіндіру, шығармашылық, ерікті т.б.);
- жазбаша жұмыстар, тесттер (ескерту, іріктеу, түсіндіру, шығармашылық, ерікті т.б.);
- сөздік жұмыстарын жүргізу;
- білім алушылардың оқыған ғылыми мақалаларға байланысты реферат жазу.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жүргізілетін жұмыс жоспарының үлгісі 2022-2023 оқу жылы

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі
1	Үлгерімі төмен білім алушыларды анықтау, білім деңгейінің төменділігінің себептері, мінезі, жанұя жағдайы.	Қыркүйек
2	Әр сыныпқа үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жоспарын бекіту	Қыркүйек
3	Қосымша сабақтар өткізу.	Апта сайын
4	Жеңілдетілген түрде тапсырмалар беру.	Үнемі
5	Сыныптағы үлгерімі жақсы білім алушыларға білім деңгейі төмен білім алушыларға көмектесуге жүктеу.	Үнемі
6	Тапсырмасы жылдам және жеңіл түрде алынған кім жылдам атты интеллектуалды ойын өткізу.	Үнемі
7	Тоқсан сайын байқау тестілеудің қорытындысы бойынша мониторингін жүргізу.	Тоқсан сайын
8	Ата-аналармен, сынып жетекшілермен үнемі байланыста болу.	Үнемі
9	Білім алушыларға психологиялық, ақпараттық қолдау көрсету.	Үнемі
10	Басқа пән мұғалімінің сабақтарына қатысу.	Үнемі

Үлгерімі төмен білім алушылармен жүргізілетін жұмыстың мақсаты.

1. Пән бойынша білім алушының білімін дамыту, сабақ үлгерімін жақсарту.
2. Білім алушының жекелеме тапсырмалар арқылы пәнге қызығушылығын ояту.

3. Сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз ете отырып, шығармашылықпен ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жоспар үлгісі:

№	Жұмыс түрі	Берілетін тапсырмалар	Орындауға берілетін жұмыс
1	Жаңа тақырыпты игерту	Жаңа сабақты бекіту сұрақтарына жауап беруін қадағалау	Үйге берілген параграфтың ең маңызды пунктін белгілеп, оқып келу, мазмұнын айту.
2	Үй тапсырмасын орындауға бейімдеу	1.Тақырыптың соңында берілген сұрақтарға жауап жазып келу 2. Үйге берілген тақырыптың ең маңызды бөлімін белгілеп, оқып келуді, мазмұнын айтуды қадағалау	Үйге берілген тақырыптың ең маңызды бөлімін белгілеп, оқып келу, мазмұнын айту.
3	Білім алушының есте сақтау қабілетін дамыту	1.Сөзжұмбақ жасауды және шешуді үйрету. 2.Тестпен жұмыс жасауға жаттықтыру	Сөзжұмбақ жасау Тест құрау
4	Шығармашылық жұмыстарға баулу	Әр тарауды ең маңызды тақырыптары бойынша реферат жаздыру 2.Пайдалы құралдарға сипаттама жасату	Реферат жазу
5	Сөйлеу қабілетін дамыту	1.Үй тапсырмасын сұрау 2. Ауызша сұрақтар қою	Ауызша жауаптарын талдау

**4 - сыныптың қазақ тілі пәні бойынша үлгерімі төмен білім алушыларға арналған жеке жұмыс жоспар үлгісі
2022-2023 оқу жылы**

№	Тақырыбы	сағат саны	мерзімі
1.	Тіл және сөйлеу	1	
2-3.	Дыбыс және әріп	2	
4-5.	Мәтін	2	
6-7.	Мәтін түрлері	2	
8.	Дыбыс үндестігі	1	
9.	Буын үндестігі	1	

10.	Тасымал	1	
11-12.	Сөйлем түрлері	2	
13-14.	Тест тапсырмалары	2	
15.	Сөйлем мүшелері	1	
16.	Сөйлем мүшелеріне талдау	1	
17-18.	Сөз тіркесі	2	
19-20.	Жай және құрмалас сөйлем	2	
21-22.	Сөйлемнің дара және күрделі мүшелері	2	
23-24.	Сөйлемнің бірыңғай мүшелері	2	
25.	Күрделі сөздер	1	
26.	Сөз таптары	1	
27.	Зат есім	1	
28-29.	Зат есімнің септелуі	2	
30.	Етістіктің шақтары	1	
31.	Есімдік	1	
32.	Үстеу	1	
33-34.	Шылау	2	
35.	Тест тапсырмалары	1	
36.	Өзіңді тексер	1	

**4 - сыныптың дүниетану пәні бойынша үлгерімі төмен білім алушыларға арналған жеке жұмыс жоспар үлгісі
2022-2023 оқу жылы**

№	Тақырыбы	Сағат саны	мерзімі
1.	Жергілікті жерді бағдарлау әдісі	1	
2.	Физикалық карта	1	
3.	Таулар, жазықтар	1	
4.	Тест тапсырмалары	1	
5.	Жер беті пішінінің өзгеруі	1	
6.	Пайдалы қазбалар	1	
7.	Темір .Түсті метал кендері	1	
8.	Тест	1	
9.	Жаңғыш пайдалы қазбалар	1	
10.	Кенге жатпайтын қазбалар	1	
11.	Тест	1	
12.	Су. Табиғаттағы су айналымы	1	
13.	Қазақстанның өзендері	1	
14.	Қазақстанның көлдері	1	
15.	Ауа	1	
16.	Ауа-райы	1	
17.	Тест	1	
18.	Қазақстан өсімдіктері	1	
19.	Қазақстан жануарлары	1	
20.	Қызыл кітапқа енген өсімдіктер	1	
21.	Қорықтар	1	
22.	Дала өсімдіктері	1	
23.	Дала жануарлары	1	
24.	Тест	1	

25.	Суқойма өсімдіктері	1	
26.	Суқойма жануарлары	1	
27.	Тау өсімдіктері, жануарлары	1	
28.	Ғарыш.	1	
29.	Жұлдыз. Ғаламшар	1	
30.	Галактика туралы мәлімет	1	
31.	Қазақстанның егін және мал шаруашылығы	1	
32.	Қазақстан тәуелсіз ел.	1	
33.	Қазақстан рәміздері	1	
34.	Қазақстан мәдениеті	1	
35.	Тест	1	
36.	Өзінді тексер	1	

«Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» пәндері

«Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» пәндерінің оқу бағдарламасында ең алдымен, білім алушылардың бойында қалыптастыру көзделетін төмендегідей құндылықтар мен дағдылар анықталған.

Құндылықтар:

- шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;
- қарым-қатынас жасау қабілеті;
- өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау;
- жауапкершілік;
- денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету;
- өмір бойы оқуға дайын болу.

Дағдылар:

- сын тұрғысынан ойлау;
- білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті;
- проблемаларды шешу қабілеті;
- ғылыми-зерттеу дағдылары;
- қарым-қатынас дағдылары;
- жеке және топпен жұмыс істей алу қабілеті;
- АКТ саласындағы дағдылар.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасау барысында жоғарыда келтірілген құндылықтар мен дағдыларды қалыптастыруға баса мән берілуі қажет.

Үлгерімі төмен білім алушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру және оның нәтижелерін бақылауды жүзеге асыру үшін педагог әртүрлі әдістер мен құралдарды пайдаланады. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқу процесі білім алушылардың өздерінің белсенді қызметімен сипатталатынын атап өткен маңызды. Бұл жағдайда мұғалім білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерінің ұйымдастырушысы ретінде болады.

Қазіргі кезеңде өздігінен білімді игеруі үшін білім алушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұндай тәсіл пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік

дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде білім алушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

білім алушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастыруда мұғалімдер түрлі педагогикалық әдістер мен технологияларды қолдана алады. Атап айтқанда, олар:

- оқытудың коммуникативтік (қарым-қатынастық) тәсілдері (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым);

- зерттеушілік тәсіл (білім алушылар «не білемін?, нені білгім келеді?, нені үйрендім?» тұрғысынан өз әрекетін талдауға үйренеді);

- жүйелі-әрекеттік тәсіл;

- дамыта оқыту технологиясы (білім алушылар оқу әрекетінің тәсілдерін игеріп, өзінің іс-әрекетін жоспарлау және басқару жолын үйренеді);

- саралап оқыту технологиясы (білім алушыларды қабілеті, мүмкіндігі, ерекшелігіне қарай оқыту).

- мұғалім мен білім алушының «субъект-субъектілік» дидактикалық қатынаста білім іздеу үдерісіне бірдей енуі;

- оқу проблемаларын шешу барысында мұғалім мен білім алушының ынтымақтасқан шығармашылық ізденіс әдістерін қолдану;

- оқу проблемаларын шешудің әдіс-тәсілдерін білім алушыларға дамыта оқыту ұстанымына сай жолмен құру және көрсету;

- білім алушының жеке пікірін тыңдау, олардың бұрын меңгерген білімі мен қалыптасқан түсініктерін әрі қарай дамыту;

- ойын әдісі;

- «оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» арқылы қолдау жасау;

- сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану арқылы білім алушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру;

- тәжірибелік, шығармашылық оқу әрекеттеріне (түрлі шығармашылық жұмыстар жасау) ынталандыру;

- білім алушылардың білімін жүйелілікпен мониторингілеу;

- білім алушыларды зерттеушілік әрекетке және зерттеушілікке негізделген белсенді оқуға ынталандыру;

- білім алушыларға алдын ала берілетін түрлі стильдегі жазба мәтіндердің үлгісін қолдану (мұғалім алдын ала модельдер мен үлгілер береді);

- білім алушылардың оқу әрекетін жеке, топтық және ұжымдық формада ұйымдастыру (білім алушылар бірін-бірі өзара оқытуға, бірін-бірі бағалауға, пікір алмасуға, т.б. үйренеді);

- оқыту барысында «Не білемін? Не білгім келеді? Нені үйрендім?» түріндегі кері байланысты жүзеге асыру.

«Оқыту әдісі» ұғымы дидактикалық мақсаттарға сәйкес оқыту процесінде мұғалімнің оқу жұмысы мен білім алушылардың танымдық іс-әрекетімен байланыста шешілетін оқу іс-әрекетінің міндеттерімен сипатталады. Демек,

оқыту әдістері – оқыту міндеттерін, яғни дидактикалық міндеттерді шешуге бағытталған мұғалім мен білім алушылардың біріккен іс-әрекетінің көрінісі болып табылады. Сонымен бірге дидактикада оқыту «тәсілдері» ұғымы кеңінен қолданылады. Тәсіл – әдіс элементі, оның құрамды бөлігі, бір реттік әрекет. Оқыту процесінде әдістер мен тәсілдер әр түрлі құрамда қолданылуы мүмкін [10].

Әдіскер-ғалым Қ. Жұбанов еңбектеріндегі тұжырымдарға да зер салсақ, ол ұсынған тиімді әдістердің қатарында түйінді мәселеге көңіл аудару, сөзбен суреттеу, көрнекілік, өмірге үнілдіру, еңбек процесімен байланыс, жүйелі ойға төселдіру, білім алушының алдына проблема қоя оқыту, бір пәнді игерту үшін оған екінші пәнді құрал ету т.б. – бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен ұштасып қана қоймай, қазіргі кезде басымдылық беріліп отырған іздендіре, дамыта оқытудың ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік негізін қалаған ой-пікірлер болғанын аңғару қиын емес. Мәселен, қазіргі оқыту мәселелеріне байланысты қарастырылып жүрген таным процесі – өмірге үнілдіру; проблемалық оқыту – білім алушы алдына проблема қоя оқыту; пәнаралық байланыс – бір пәнді игерту үшін оған екінші пәнді құрал ету; дамыта оқыту – жүйелі ойға төселдіру; тіл дамыту – сөзбен суреттеп көрсетудің т.б. негізгі бағыт-бағдарымен сәйкес келеді. Осының өзі де тілші-ғалымның әдістемелік көзқарасы мен жасаған түйіндерінің өміршеңдігін дәлелдейді.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты ұйымдастыруда оқу жылының басында «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша өткен оқу жылдарында жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылының оқу бағдарламасын меңгерту бағытында мақсатты шаралар жыл бойы жүргізілуі тиіс. Соған байланысты пән мұғалімдеріне үлгерімі төмен білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмысының бірнеше кезеңдері ұсынылады:

1. *Кешенді диагностикалық жұмыс жүргізу;*
2. *Жұмысты жоспарлау;*
3. *Жүзеге асыру;*
4. *Мониторинг жүргізу;*

Диагностикалық жұмыс

1) Пән бойынша өткен оқу жылдарының оқу бағдарламасындағы тақырыптар мен оқу мақсаттары бойынша диагностикалық бақылау жұмысы жүргізіледі. Ол үшін алдымен күрделі деген оқу мақсаттарын іріктеп алып, сол бойынша тапсырмалар әзірленеді.

2) Жүргізілген диагностикалық бақылау нәтижесі бойынша өткен оқу жылдарында оқытылған тақырыптар мен оқу мақсаттарынан білімінде олқылықтары бар білім алушылардың саны арқылы күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттары анықталады. Егер тапсырманы өз деңгейінде орындай алмаған білім алушылардың саны көп болса, онда сол оқу мақсаттары күрделі болып есептеледі.

Жоспарлау кезеңі

Жаңа оқу жылында іске асырылатын оқу мақсаттарына өткен оқу жылдарының сәйкес келетін оқу мақсаттарын кіріктіре отырып, қысқа мерзімді сабақ жоспарларын құрастыруға болады.

Ал сәйкес келмеген оқыту мақсаттары бойынша білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін жеке немесе топтық жұмыс жоспарларын әзірлеу ұсынылады.

Жүзеге асыру кезеңі

Жаңа сабақты жоспарлаудың алдында өткен оқу жылдарындағы оқу мақсаттары бойынша білімінде олқылығы бар білім алушыларға алдын-ала тапсырмалар әзірленеді. Оқу мақсаттарын жаңа сабаққа кіріктіру мүмкін болмаған жағдайда ата-аналары немесе заңды өкілдерінің келісімімен білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жаңа сабақтың алдында, каникул күндері (күзгі, қысқы, көктемгі), жазғы мектеп кезінде консультациялар/жеке консультациялар, қосымша сабақтар ұйымдастыру арқылы жүзеге асыруға болады.

Мониторинг жүргізу кезеңі

Бұл кезеңде пән бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында жүргізілген жұмыстарға әр тоқсанның соңында талдау жасалады. Сондай-ақ білімдегі олқылықтарды толықтыру бойынша қарастырылған оқу мақсаттарын формативті бағалауда, БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын құрастыруда ескерген жөн.

Әдістемелік ұсынымдамада үлгі ретінде 5-сыныптың үлгерімі төмен білім алушыларымен жүргізілетін диагностикалық жұмыстың қадамдары мен тапсырмалардың үлгілері ұсынылды.

1. 5-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 4-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [6].

8-кесте– Диагностикалық жұмысқа үлгі ретінде ұсынылған оқыту мақсаттары

Бөлімше атауы	4-сынып
«Менің Отаным – Қазақстан. Құндылықтар» ортақ тақырыбы бойынша	
2.2 Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу
2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау	4.2.6.1 кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау
	4.3.2.1 таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, өлең (төрт жолды) жазу

Төменде «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша бойынша өткен оқу жылдарының оқу бағдарламасындағы тақырыптар мен оқу мақсаттары бойынша диагностикалық бақылау жұмысының үлгісі ұсынылып отыр.

1-нұсқа.


«Менің Отаным – Қазақстан. Құндылықтар» ортақ тақырыбы бойынша
диагностикалық жұмыстың үлгісі

Оқылым

1-тапсырма

Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.

9-суретте мәтін берілген (Мазмұндамалар жинағы. Құрастырған:
Исмадиярова Г.Б., Алматы, 2012).



3.1-сурет

1) Мәтіннің негізгі ойына сәйкес болатын мақал-мәтелді анықтап, белгіле.

Жақсы сөз – жан азығы	Жақсылық екен алғыс орады
-----------------------	---------------------------

2) Мәтінге тақырып қой _____

3) Нұргүлдің шаршамай жұмыс істеуіне не себеп болды?

4) Төртінші абзацтағы «мерейі тасыды» деген сөз тіркесі қандай мағынаны білдіреді? Жаз

5) Мәтін бойынша кейіпкердің мінез-құлқын немесе іс-әрекетін бағалайтын сұрақ құрастыр және жауап бер.

Сұрақ: _____

Жауап: _____

Жазылым

2-тапсырма

Оқылым мәтініне жаңа кейіпкер немесе оқиға қосып, мәтінді аяқтап жаз.

2-нұсқа.

«Құндылықтар» ортақ тақырыбы бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

24.3-кесте – Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

«Құндылықтар» ортақ тақырыбы бойынша	
2.3 Шығарманың тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықтау	4.2.2.1 шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру
3.1 Шығарманың жоспарын құру	4.3.1.1 оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру

Оқылым

1-тапсырма

Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.

24.2-суретте мәтін берілген (Қазақ тілі диктант <https://kznews.kz/bilim>).

Бозторғай өзінің туысы қараторғаймен көрші тұрады. Ол ертелі-кеш ән салып, көңілін көтеретін еді. Қараторғайдың да шықылдап бірсыдырғы ыңылдайтын «әндері» болатын. Бозторғайдың әнінен кейін, қараторғайдың шиқлы аяқ асты болып, ескерусіз қалды. Өзін әншілердің санатына қосып жүрген қараторғайды күншілдік жеңді. Бозторғай әндете бастаса, қабағын түйіп, ашуын шақырып:

— Сен-ақ шиқылдаудан жалықпайды екенсің? Не дауыс, не әуен жоқ, сенің әніңді кім тыңдасын,- деп жақтырмайтын.

Енді бозторғай жазық далаға кетіп әндететінді шығарды. Оның әнін жалпақ дала мен ондағы тіршілік тыңдады. Кең аспанда салған ән бұрынғыдан да әуенді естілетін.

— Тым биік көтерілмесеңші. Мерт боларсың, — деп аяған болады қараторғай.

«Жақыннан тістескенше, алыстан кісінескен артық» деген емес пе, алыстан әуендірек естіледі, — деді бозторғай.

3.2-сурет

1. Мәтінге тақырып қой _____

2) Мәтіннің негізгі ойына сәйкес мақал-мәтелді анықта.

А) Күншілдің күні қараң

В) Әркімнің өзі шығар биігі бар

С) Адамның ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде

Д) Айтысып сөзге келгенше, ақылменен жөнге кел

3) Мәтін арқылы автордың не айтқысы келді деп ойлайсың? Мәтіннен дәлелдер келтір.

2-тапсырма

Оқылымға берілген мәтінді үш бөлікке бөліп, әр бөлікке ат қой.

Мәтіннің бөліктері	Тақырып
Кіріспе	
Негізгі бөлім	
Қорытынды	

2. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттарын жаңа сабақты жоспарлауда кіріктіру

4-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 5-сыныптағы «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары анықталды [2]. Кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары ұсыныс түрінде берілген (3.4-кесте).

3.2-кесте – 4-5-сыныптардың кіріктірілетін оқыту мақсаттары

Бөлімше атауы	Оқыту мақсаттары		
	5-сынып	4-сынып	
1) Түсіну және жауап беру		Бөлімше (түйінді дағдылар)	
		Сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша оқу мақсаттары	
1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні	5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау	2.5 Шығарманың композициясын анықтау	4.2.5.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың композициялық құрылымын (сюжеттің басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі) анықтау
2. Әдеби шығарманың тұжырымдамасы	5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау	2.3 Шығарманың тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықтау	4.2.2.1 шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру; 4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың

			ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу
3. Көркем шығармадағы образ	5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу	2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау	4.2.6.1 кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау
4. Шығарма үзінділерімен жұмыс	5.1.4.1 көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту	2.1 Оқу түрлерін қолдану	4.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу, теріп оқу, шапшаң оқу
2) Анализ және интерпретация		Бөлімше (түйінді дағдылар)	Сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша оқу мақсаттары
<p>8 минут</p>	<p>Топтық жұмыс</p>  <p>Кейіпкерлердің бейнесіне талдау жасау, шығармадан дәлелдер келтіру</p>	<p>1. білім алушыларды топтастырады.</p> <p>2. Кейіпкерлерді еске түсіре отырып, олардың іс-әрекеттеріне талдау жасауға ықпал етеді.</p> <p>3. Шығармадағы екі типтік бейнеге ерекше тоқталып, олардың образына сараптама жасауға жағымды орта туғызады.</p> <p>4. Повесть мәтінімен жұмыс жасап, дәлелдер келтіруге түрткі болады.</p>	<p>1. Мұғалім ұсынған типтік бейнелерге талдау жасайды.</p> <p>2. Шығарма мәтінінен дәлелдер келтіреді.</p> <p>3. Өз ойларын тұжырымдап, кейіпкерлерге қатысты өзіндік көзқарастарын білдіреді</p> <p>2-тапсырма Кейіпкерлердің типтік бейнесін зерделей отырып 3 дәлел» кестесін толтырыңыз.</p> <table border="1" data-bbox="976 698 1232 788"> <thead> <tr> <th colspan="3">Аян - шыдамдылық пен сабырлықты</th> </tr> <tr> <th>Тұжырым</th> <th colspan="2">Дәлелдер</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td>1-дәлел</td> <td>2-дәлел</td> </tr> </tbody> </table> <p>Өңгімелеуші автор – мейірімділік пен жанашарлық</p> <table border="1" data-bbox="976 788 1232 878"> <thead> <tr> <th>Тұжырым</th> <th colspan="2">Дәлелдер</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td>1-дәлел</td> <td>2-дәлел</td> </tr> </tbody> </table>	Аян - шыдамдылық пен сабырлықты			Тұжырым	Дәлелдер			1-дәлел	2-дәлел	Тұжырым	Дәлелдер			1-дәлел	2-дәлел	<p>ҚБ</p> <p><i>Дескриптор:</i> типтік бейнелерге талдау жасайды; шығармадан дәлелдер келтіреді; өз тұжырымын ұсынады.</p>	
Аян - шыдамдылық пен сабырлықты																				
Тұжырым	Дәлелдер																			
	1-дәлел	2-дәлел																		
Тұжырым	Дәлелдер																			
	1-дәлел	2-дәлел																		
<p>8 минут</p>	<p>Жұптық жұмыс</p>  <p>Образдар галереясымен жұмыс жасау</p>	<p>1. Шығарма мазмұны бойынша образдар галереясымен жұмыс жасауға ықпал етеді.</p> <p>2. Әр кейіпкердің бейнесін сипаттауға, жұптасып жұмыс жасауға жағымды орта туғызады.</p> <p>3-тапсырма Шығарма мазмұнындағы кейіпкерлер образын сипаттаңыз.</p> 	<p>1. Әр кейіпкердің бейнесіне тоқталады.</p> <p>2. Оның бейнесін сипаттайды.</p> <p>3. Маңызды үш қасиетін анықтайды.</p> 	<p>ҚБ</p> <p><i>Дескриптор:</i> кейіпкерлер бейнесін сипаттайды; маңызды үш қасиетін анықтайды.</p>																
<p>10 минут</p>	<p>Жеке жұмыс</p>  <p>Кейіпкердің жақсы қасиеттерін анықтай отырып, өз бойына үлгі ету, өзіндік көзқарасын қалыптастыру</p>	<p>1. Берілген сұрақ бойынша ойланып, өз пікірін жазуға ықпал етеді.</p> <p>2. Бас кейіпкер Аяның бойындағы жақсы қасиеттерді анықтауға, оны үлгі</p>	<p>1. Сұраққа жауап беру арқылы, кейіпкердің бойындағы жақсы қасиеттерді анықтайды.</p> <p>2. Өз пікірін білдіре отырып, кейіпкердің типтік бейнесін тағы да саралай түседі.</p> <p>3. Өзіндік көзқарасын қалыптастырады.</p>	<p>ҚБ</p> <p><i>Дескриптор:</i> кейіпкердің жақсы қасиеттерін анықтайды; өз пікірін білдіреді; сұраққа жауап береді.</p>	<p>АКТ</p>															

		етуге түрткі болады. 4-тапсырма Аянның қандай қасиеттерін өз бойыңыз деп ойлайсыз? Берілген сұрақ бойынша білдіріңіз.			
					
САБАҚТЫҢ СОҢЫ					
5 минут	Кері байланыс «Ақылды үкі» 	Менің білімім қандай деңгейде? Мен бүгін не білдім? Мен қандай қиындықтарға тап болдым? Мен ол қиындықтарды қалай жеңемін? Сұрақтарға жауап беру арқылы кері байланыс жасатады. Сабақтың білім алушы үшін тиімділігін анықтайды	Экрандағы берілген сұрақтар арқылы кері байланыс беруге үйренеді. Сабақ бойынша қорытынды жасай алулары күтіледі.		АКТ
2 минут	Үйге тапсырма	96-бет, 2-тапсырма бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.	Үй тапсырмасы бойынша сұрақтар қойып, мұқият түсініп алулары күтіледі.		Оқулық
Рефлексия	Жалпы бағалау: Сабақтың қандай екі аспектісі өте жақсы өтті? Сабақтың жақсырақ өтуіне қандай жағдайлар көмек болар еді?		1. 2. 1. 2.		

Үлгермеушілік-білім алушы бөлінген уақыт ішінде оқу бағдарламаларында көзделген білімді, дағдыларды қанағаттанарлық деңгейде меңгермейтін оқу әрекетінде білім алушылардың артта қалуының жоғары дәрежесі. Сондықтан «Қазақстан тарихы» оқу пәнін ұйымдастыруда үлгермеушілікті анықтау мақсатында педагогтерге диагностикалық жұмыстарды ұйымдастыру ұсынылады. Диагностикалық жұмыс оқу пәні бойынша оқу жылының басында барлық сынып білім алушыларынан алуға болады. Нәтижесінде білімдегі олқылықтар мен үлгермеушіліктің алдын-алуға болады. Төменде әдістемелік ұсыным ретінде бірнеше диагностикалық жұмыс түрлерін ұсынамыз.

Диагностикалық жұмыс «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау үшін, өткен оқу жылындағы 8-

сыныпта өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары бойынша жүргізіледі. Төменде ұсынылып отырған 4 бөлім бойынша оқыту мақсаттары бойынша тапсырмалардың үлгілері ұсынылады:

1) әлеуметтік қатынастардың дамуы:

8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау;

2) мәдениеттің дамуы:

8.2.2.3 өнер мен әдебиеттегі өзгерістерді анықтау

3) мемлекеттің дамуы:

8.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру;

4) Қазақстанның экономикалық дамуы:

8.4.2.1 Қазақстандағы индустрияландырудың жетістіктері мен кемшіліктерін талдау [24]

Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыс үлгісі мазмұнындағы оқу тапсырмалары жалпы білім беретін мектептің 9 (8)-сыныбына арналған оқулықтан алынды.(Қазақстан тарихы (XX ғасырдың басынан Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейін), Жалпы білім беретін мектептің 9 (8)-сыныбына арналған оқулық, Авторлары: З.Е. Қабылдинов, М.Д. Шаймерденова, Е.М. Куркеев. –Алматы: Атамұра, 2019, 48, 53, 75, 86, 89, 115, 149 беттер).

Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыс үлгісінің 1 нұсқасы [7]

1-тапсырма. Кестені толтырыңыз

XX ғасырдың алғашқы жартысында қазақ халқы демократиялық қозғалыстары жандануының қысқа және ұзақ мерзімді себептерін жіктеңдер.

Қысқа мерзімді себептер	Ұзақ мерзімді себептер
1.	1.
2.	2.

2-тапсырма. 1920-1930 жылдары жүргізілген индустрияландырудың Қазақстанға әкелген салдарын көрсетіңіз

Саяси салада	
Экономикалық салада	
Әлеуметтік салада	
Техникалық салада	

3-тапсырма. Қазақстандағы ағарту ісі мен ғылымды дамытудағы А.Байтұрсынұлы мен Қ.Сәтбаевтың қызметіне баға беріңіз, өз пікіріңізді жазыңыз.

4-тапсырма. Кімдерге қатысты айтылған?

1. Қазревком төрағасы.....

2. 1920 жылғы Құрылтай съезінде Қазақ АКСР ОАК-нің төрағасы болып сайланды

3. «Даладағы аштық» атты мақаланы жазды ...

4. «Үш жүз» партиясының негізін қалады

5. Түркістан автономиясының төрағасы

Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыс үлгісінің 2 нұсқасы

1-тапсырма. Төмендегі тапсырманы оқып, сұрақтарға жауап жазыңыз.

«Бір өзіндік, бірегей ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, бұрынғы дәстүріміздің негізінде қазіргі заманғы озық мәдениет пен әдебиетімізді қалыптастыруымыз қажет. Сонда ғана «қазақ» деген атымызды сақтап қала аламыз». (Ә. Бөкейхан)

Үзінді авторы өз отандастарын неге үндеді? Әлихан Бөкейханның идеясының мәні неде?

2-тапсырма.

Индустрияландыру бағытының оң және теріс нәтижелерін көрсетіңіз

Индустрияландыру саясатының жетістіктері	Индустрияландыру саясатының кемшіліктері

3-тапсырма.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы кеңестік Қазақстандағы өнер саласы дамуының артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетіңіз

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы кеңестік Қазақстандағы өнер саласы дамуының артықшылықтары	XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы кеңестік Қазақстандағы өнер саласы дамуының кемшіліктері

4-тапсырма. Кестені толтырып, салыстырмалы талдау жасаңыз

	ҚазАКСР-і	Қазақстан Республикасы
Басқару жүйесі қандай?		
Негізгі заңы		
Жер аумағы		

Идеологиясы, ұстанымы (саясатта, экономикада, әлеуметтік мәселеде, рухани мәселеде)		
Айырмашылығы жайлы өз пікіріңіз		

Диагностикалық жұмыс «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау үшін, өткен оқу жылындағы 8-сыныпта өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары бойынша жүргізіледі. Төменде ұсынылып отырған 4 бөлім бойынша оқыту мақсаттары бойынша тапсырмалардың үлгілері ұсынылады:

- 1) әлеуметтік қатынастардың дамуы:
- 2) мәдениеттің дамуы:
- 3) мемлекеттің дамуы:
- 4) Қазақстанның экономикалық дамуы:

1-нұсқа

1. Оқиғаларды сипаттамасымен сәйкестіру:

1. Тың игерудің жағымды жақтары	A. Астық өндірудің көлемі артты
	B. Мал жайылымдары азайды.
	C. Топырақ эрозиясы күшейді.
2. Тың игерудің жағымсыз жақтары	D. Тұрғын үйлер құрылысы кең көлемде жүргізілді.
	E. Қазақша тілдік орта тарылды.
	F. Ет, сүт өнімдерінің тапшылығы.
3. Тың игеру жылдарындағы мал шаруашылығының жайы	G. Қазақ мектептері азайды.
	H. Оңдаған мың шақырым жол төселді..
	I. Жемшөп дайындайтын алқаптар тарылды.

A) 1- A,E,G; 2- C,D,H; 3- B,F, I. B) 1- A,E, I; 2 - B,F,G; 3- C,D,H. C) 1- A,D,H; 2- C,E,G; 3 –B,F, I. D) 1- B,F,I; 2 – C,E,G; 3-A, D, H. E) 1- A,D,H; 2 – B,F, I; 3 –C, E, G.

2. Тың және тыңайған жерлерді игеру туралы шешім қабылданған жыл:

A) 1950 ж B) 1954 ж C) 1948 ж D) 1947 ж. E) 1946 ж.

3. Тоқырау жылдарын ата?

A) 1970-1980 жж B) 1960-1980 жж C) 1980-1990 жж D) 1960-1990 жж E) 1950-1990 жж

4. «Жас тұлпар» атты ұлттық-демократиялық бейресми ұйым қай қалада құрылды?

A) Павлодар B) Мәскеу C) Қарағанды D) Семей E) Ақмола

2-нұсқа

1. Оқиғалардың хронологиялық ретін анықта:

1. Оралдағы казачествоға байланысты толқулар

2. «әл-Барака-банк-Қазақстан» банкі құрылды

3. «Невада-Семей» экологиялық қозғалысының құрылуы

4. Алматыдағы жаппай толқулар.

5. Шәкәрім Құдайбердіұлының ақталуы

A)1,3,2,4,5 B)5,4, 3,2,1 C) 1,2,3,4,5 D)4,5,3,2,1 E) 2,3,1,5,4

2.1991 жылы бүкілхалықтық сайлаумен президентікке келген:

A) Н.Назарбаев B) Г.Колбин C) Е.Асанбаев D) Ж.Шаяхметов E) Д.Қонаев

3. Оқиғалардың хронологиялық ретін анықта

1. Тамыз бүлігі.

2. Қазақстанның егемендігі туралы Декларациясының қабылдануы

3. Н.Ә.Назарбаев Қ.Р-ның Президенті болып сайланды.

4. Қазақ КСР –нің Қазақстан республикасы болып аталуы

5. Алматы кеңесі. ТМД құрыдың толық аяқталуы.

A)1,3,2,4,5 B) 5,4,3,2,1 C) 1,2,3,4,5 D)3,1,2,5,4 E) 2,1,3,4,5

4. Кеңестік дәуірдегі мәдениет саласындағы болған өзгерістерді сипаттаңыз.

Әдебиет _____

Музыка _____

Бейнелеу _____

Кинематография _____

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

10-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 9-сыныптағы «Қазақстан тарихы» курсының оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары анықталды [21]. Кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары ұсыныс түрінде берілген (45.2-кесте).

Кесте 45.1– 9-10-сыныптардың кіріктірілетін оқыту мақсаттары

10-сыныптың оқыту мақсаттары	9-сыныптың оқыту мақсаттары
10.1.3.1 – Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау; 10.1.3.2 – Орталық Азия халықтарының рухани мәдениеті мен ғылым саласындағы жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау.	9.2.1.3 «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының маңыздылығын бағалау 9.2.2.4 ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеу («Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалары)
10.3.4.5 Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктері мен қайшылықтарын талдау	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау
10.3.4.3 Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру тарихын зерттеу	9.3.1.2 қоғамдық-саяси қайраткерлердің ұлттық мүддені қорғаудағы рөліне баға беру
10.3.4.4 Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрін түсіндіру үшін «автономдық кеңес республикасы», «кеңес одағы республикасы», «унитарлы мемлекет» ұғымдарын пайдалану	9.3.1.3 Қазақстан Республикасы Конституциясын мемлекеттің тұрақты даму кепілі ретінде бағалау
10.3.4.2 қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген күресін зерттеу	9.3.1.4әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдау 9.3.1.5 1986 жылғы Желтоқсан

	оқиғасының тарихи маңыздылығына баға беру 9.3.1.8 Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуын талдау 9.3.1.6 Қазақстан ның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап, қорытындылау
10.3.4.1 Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуының себеп-салдарын анықтау	9.3.1.7 өткен оқиғалармен сабақтастықты орнатып, тәуелсіз Қазақстанның жариялануының тарихи маңызын түсіндіру
10.3.4.7 мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттей отырып, Қазақстан Республикасының даму бағдарларын болжау	9.3.1.9 ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау
10.3.4.6 Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуында Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың рөлін анықтау	9.3.1.10 Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуындағы Елбасы Н.Назарбаевтың рөліне баға беру
10.4.2.1 Кеңестік дәуірдегі Қазақстанның мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды анықтау	9.2.2.1 кеңестік әдебиет пен өнер туындыларында қоғамдық өмірдің бейнеленуін талдау
10.4.2.2 кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктерін қорытындылай келе, жетістіктер мен қайшылықтарды талдау	9.4.1.2 Кеңес үкіметі кезіндегі орын алған әлеуметтік экономикалық мәселелерді талдау
10.4.3.1 Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды сипаттау	9.2.2.3 қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму тенденцияларын айқындау
10.4.1.5 – дала өркениетінің белгілі тарихи және мәдени ескерткіштерін зерттеу; 10.4.1.6 – типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тарихи және мәдени ескерткіштерді классификациялау.	9.3.1.10 Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуындағы Елбасы Н. Назарбаевтың рөліне баға беру 9.2.2.4 ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеу («Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалары)

Диагностикалық жұмыс «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау үшін, өткен оқу жылындағы 10-сыныпта өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары бойынша жүргізіледі. Төменде 4 бөлім бойынша оқыту мақсаттары бойынша тапсырмалардың үлгілері ұсынылады:

- 1) өркениет: даму ерекшеліктері;
- 2) этникалық және әлеуметтік процестер;
- 3) мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан;
- 4) мәдениеттің дамуы. [24].

1- нұсқа

Бөлім	Оқыту мақсаттары
1-бөлім	10.1.2.1 картаны пайдаланып «Ұлы Дала» тарихи-географиялық аймағын анықтау
2-бөлім	10.2.1.2 этникалық процестердің сабақтастығын анықтай отырып, Қазақстан аумағында этногенездің кезеңдерін айқындау; 10.2.1.1 Қазақстандағы этникалық процестерді түсіндіру үшін «антропогенез», «этногенез», «этнос» ұғымдарын пайдалану
3-бөлім	10.3.2.4 мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы ұлыс жүйесінің дамуын зерттеу;
4-бөлім	10.4.1.9 фольклор және зерттеушілер еңбектерінің негізінде дәстүрлі музыкалық мәдениеттің бастаулары мен ерекшеліктерін анықтау;

Тест тапсырмалары

- Көшпелі мал шаруашылығының бастауы қай дәуірге сәйкес келеді?
 - Б.з. д. XII – XI ғғ
 - Б.з. д. XI – X ғғ
 - Б.з. д. XV – XIV ғғ
 - Б.з. д. IX – VII ғғ
- Қазақстан тарихында VI – XIII ғғ ғасырлар қалай аталады ?
 - Түрік дәуірі
 - Қыпшақ дәуірі
 - Көне заман
 - Алтын ғасыр
- Ақ орданы билеген Жошының тұңғыш ұлы:
 - Орыс
 - Шайбани
 - Орда Ежен
 - Шағатай
- Қазақ даласында ерте заманда да, орта ғасырларда да үлкен саяси және этникалық біріктіруші рөл атқарған тайпа:
 - Қимақтар
 - Жалайырлар
 - Қыпшақтар
 - Керейлер
- Берілген терминдердің мағынасын сипаттап, мән-мағынасын ашыңыз.

Термин	Мәдени-генетикалық код	Ұлы Дала өркениет	Еуразия Даласы	Мәңгілік Ел	Орталық Азия
Терминнің мағынасы					

- Қазақ мемлекеттілігі қалыптасуының тарихи кезеңдеріне сипаттама беріңіздер

Мемлекеттік және басқару түрлері	сипаттап, айырмашылықтар мен ұқсастықтарды талдаңыз
Қазақ хандығының тәуелсіз мемлекеттік құрылым ретінде	
Алашорда өкіметінің тәуелсіздікті қалыптастырудағы орны	
Кеңестік автономиялық социалистік Қазақ Республикасының құрылуы	
Қазақ Кеңестік социалистік Республикасы	
Қазақстан тәуелсіз және егеменді мемлекет	

5. Ғалымдар Орталық Азия өркениетінің әлемдік өркениеттегі рөліне берген бағасын сипаттау

	Орталық Азиядағы өркениеттерге байланысты ұстанымдары
Ш.Ш. Уәлиханов	
Л.Н. Гумилев	
Ш.Монтескье	
С.Хангинтон	
Э.Бобльхофер	
А.Вамбери	

2-нұсқа

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Бөлім	Оқыту мақсаттары
1-бөлім	10.1.2.7 әртүрлі көзқарастарды талдау арқылы ерте көшпенділер өркениетінің әлемдік тарихи процестер барысына әсерін бағалау
2-бөлім	10.2.2.2 тарихи кезеңдерді талдау негізінде қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасу түрінің қалыптасу алғышарттарын талдау
3-бөлім	10.3.4.2 қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген күресін зерттеу
4-бөлім.	10.4.1.7 қазақ халқының мәдени мұрасындағы ауыз әдебиетінің маңызын анықтау

Тапсырма.

Қазақ халқының мәдени жетістіктерін сипаттау үшін «мәдениет», «дала өркениеті», «материалдық мәдениет», «рухани мәдениет», «қолданбалы өнер», «мәдени мұра» ұғымдарын пайдалану

1. Қазақ халқының мәдени жетістіктеріне сипаттама беріңіз

мәдени	анықтама
дала өркениеті	
колданбалы өнер	
мәдени мұра	
материалдық мәдениет	
рухани мәдениет	

2. Атқа міну мәдениеті Ұлы Далада көшпелілер өркениетінің қалыптасуындағы маңызын ашып көрсетіп өз ойларыңызды жазыңыз

3. а) Орталық Азия өркениеті ұғымына кіретін (физико-географиялық және саяси-географиялық) аймақты атап өтіңіз

А) Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан

Ә) Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан,


Ауғанстан, Пәкістан, Шығыс Түркістан

Б) Моңғолия, Шығыс Түркістан, Тибет, Оңтүстік Сібір

В) Шығыс Түркістан, Солтүстік Ауғанстан, Хорасан,

Г) Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Солтүстік Ауғанстан, Хорасан

б) Орталық Азия өркениетінің тарихи-географиялық сипатын кескін картада белгілеңіз



<https://e-history.kz/kz/scorm/show/21604/>

4. Кеңестік дәуірдегі мәдениет саласындағы болған өзгерістерді сипаттаңыз.

Әдебиет _____

Музыка _____

Бейнелеу _____

«Физика» оқу пәні

Педагогтерден оқу жылының басында «Физика» пәні бойынша *білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру жұмысына ерекше* назар аударуы сұралады.

Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша ұсынылатын жұмыс алгоритмі:

- өткен оқу жылындағы оқу мақсаттары, оқу бағдарламасының тақырыптары және күрделі тақырыптар бойынша диагностикалық бақылау жұмысын жүргізу;

- өткен оқу жылындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сүйене отырып, білім алушы менгере алмаған оқу мақсаттарын айқындау;

- қысқа мерзімді жоспарды жасау кезінде білім алушылардың игермеген оқу мақсаттарын, өткен оқу жылының тақырыптарын жаңа оқу жылындағы бағдарламалық материалдың мазмұнына біріктіру ұсынылады;

- қосымша сабақтар, зертханалық жұмыстар, «Механика», «Жылу физикасы», «Электр және магнетизм», «Геометриялық оптика», «Кванттық физика элементтері» бөлімдері бойынша консультациялар өткізу.

Физика пәнінің мұғалімдеріне ғылыми тілді қалыптастыру мақсатында білім алушылардың сөздік қорын байыту, үш тілде физикалық терминдермен таныстыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу қарастырылады.

Халықаралық зерттеудің талаптары бойынша білім алушылардың

- физикалық процестерге диаграммалар, сызбалар, жалпылама және талдау кестелерін жасай білу;

- баяндау, сипаттау, салыстыру, графикті талдау, қорытынды жасау және жалпылама қорыту (жазбаша және ауызша);

- есептердің шешімін сауатты ресімдеу;

- жүргізілген практикалық және зертханалық жұмыстардың кеңейтілген жазбаша есептерін, ауызша баяндамаларды дайындай білу;

- білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін, олардың пікірлерінің қисындылығы және дәлелдермен түйінделу т.б. дағдыларын қалыптастыру ұсынылады.

Ол үшін сабақты жоспарлау кезінде белгілі бір біліктілік, дағдыларды қалыптастыратын қолайлы тақырыптарды таңдау қажет.

«Физика» пәнінің мұғалімдеріне білім беру мазмұнында жетістікке қол жеткізу үшін төмендегі ұсынымдар беріледі:

1. Сабақты даярлауда білім беру бағдарламасының мазмұнына көңіл бөлу;

2. Төменгі сыныптардағы өтілген білім беру мазмұнына назар аудару;

3. Жаратылыстану пәндерінің пәнаралық байланысын ескеру;

4. Сабақты практикадан теориядан өтуге негіздеу, білім алушылардың негізгі игерген білімдерін тәжірибеде көбірек қолдануға бағыттау.

5. Сабақта жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім алушының белсенділігін арттыру;

6. Ғылыми тілді қалыптастыру мақсатында білім алушылардың сөздік қорын байыту, үш тілдегі физикалық терминдермен таныстыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу;

7. Физикалық процестерге диаграммалар, сызбалар, жалпылама және талдау кестелерін жасай білу дағдыларын, баяндау, сипаттау, салыстыру, графикті талдау, қорытынды жасау және жалпылама қорыту (жазбаша және ауызша) дағдыларын қалыптастыру;

7. Есептердің шешімін сауатты ресімдеуге назар аудару;

8. Жүргізілген практикалық және зертханалық жұмыстар бойынша кеңейтілген жазбаша есептерді немесе ауызша баяндамаларды дайындай білуді дамыту;

9. Білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін, олардың пікірлерінің қисындылығы және дәлелдермен түйінделу дәрежесін арттыру ұсынылады.

География, Жаратылыстану оқу пәндері

Үлгерімі төмен білім алушылармен түзету жұмысының келесі қадамдары – білімді толықтыру бойынша жұмысты жоспарлау және Жоспарды іске асыру. Педагог өз бетінше жұмыс жүргізу нысанын таңдау туралы шешім қабылдайды (өткен кезеңдегі білімдерін толықтыру бойынша тақырыптарды жаңа оқу бағдарламасының мазмұнына интеграциялау, өткен жылғы сабақта тақырыптарды/оқу мақсаттарын алғашқы қайталау, содан кейін жаңа оқу материалын түсіндіру, консультациялар өткізу және т.б.).

Өткен оқу жылындағы оқу материалын қоса отырып, оқу тапсырмаларын әзірлеу, қалыптастырушы бағалау жүргізу процесінде оқыту тақырыптарын /мақсаттарын пайдалану, білім алушылардың білімін толықтыру үшін пән бойынша каникулдық сабақтар өткізу ұсынылады. Сонымен қатар, білім алушылар оқуға белсенді қатысуға және олардың білімдерін толықтыруға ынталандыру үшін тесттер, тапсырмалар, сауалнамалар, сұхбаттар, оқытудың тиімді формалары мен технологияларын қолдануға болады.

«География» оқу пәні бойынша білімдегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша ұсынымдар:

«География» пәнінің мазмұны 7-ден 11-сыныпқа дейін оқытудың қайталанатын тақырыптары мен мақсаттарын күрделендіре және кеңейте отырып, Спиральдік қағидат бойынша құрылған. Спиральдік қағидат өткен кезеңге қайталау немесе бекіту үшін бөлімдердің/кіші бөлімдердің тақырыптарын және оқыту мақсаттарын қосуға және ағымдағы жылдың оқу бағдарламасының мазмұнымен біріктіруге мүмкіндік береді.

Мұғалімдерге диагностика нәтижелері мен әр білім алушының жеке қажеттіліктері үшін білім алушылардың білімін толықтыру бойынша жұмыс

жүргізу кезінде ескеру ұсынылады. Картамен жұмысты жиі қосу, практикалық жұмыстарды, зерттеулер мен жобаларды жүргізу қажет.

Диагностикалық жұмыс:

- пәннің оқу бағдарламасының мазмұны бойынша диагностикалық бақылау жұмысын жүргізу (алдыңғы оқу жылының күрделі тақырыптары, оқу мақсаттары);

Жоспарлы жұмыс:

- пәннің оқу бағдарламасы бойынша өткен оқу жылдарының оқу мақсаттарына сәйкес келетін жаңа оқу жылындағы оқу мақсаттарын анықтау;

- мақсаттарды үйлестіре және біріктіре отырып, оқытудың тиісті мақсаттары айқындалған қысқа мерзімді сабақ жоспарларын дайындау;

- пәннің оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша олқылықтар анықталған білім алушылар топтарымен өткізілген кеңестердің кестесін жасау.

Іске асыру және талдау жұмысы:

- пән бағдарламасы бойынша оқу мақсаттары біріктірілген қысқа мерзімді жоспар негізінде сабақты ұйымдастыру арқылы білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыра отырып, жаңа оқу мақсаттарын меңгеру;

- оқытылмаған және қиын оқу мақсаттары, пән тақырыптары бойынша білім алушылар үшін қосымша оқу материалдарын дайындау;

- қажеттілігіне қарай және білім алушылардың ата-аналарының келісімімен білім олқылықтарының орнын толтыру мақсатында жеке консультациялар, қосымша сабақтар өткізу кезінде пән бойынша күрделі тақырыптарды меңгеру («демалыс мектептері», «каникулдық мектептер», «Жазғы мектептер» ұйымдастыру) ;

- білім алушылардың білім сапасына жүргізілген жүйелі мониторинг нәтижелерін талдау және әдістемелік бірлестікте талқылау.

"Жаратылыстану" пәндері бойынша қашықтықтан оқыту кезінде оқу жылдарында жіберілген білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтарды анықтауды ауызша сұрау, өзара бақылау, жазбаша жұмыстар, тестілеу арқылы жүргізу ұсынылады.

Тақырып бойынша анықталған қателер мен олқылықтарды 4 топқа топтастыру ұсынылады:

- терминологиялық;

- заңдылықтар;

- Өзара байланысты жүйе;

- танымдық.

Бұл топтау білімдегі олқылықтарды толтырудың нақты жүйесін құруға мүмкіндік береді, өйткені жоспарлау кезінде мұғалім оқылған тақырыптар мен білім алушылардың олқылықтары болған оқу тақырыптары мен мақсаттарын байланыстыра алады.

III. Сабақ барысында өтелетін өткен оқу жылындағы оқу бағдарламасының оқу мақсаттары

6-сынып білім алушылары үшін 7-сынып жаратылыстану курсы бойынша кіріс бөлімі.

Кіріс бөлімі келесі мақсаттарды қояды: онлайн оқыту жағдайында алдыңғы б-сынып үшін жаратылыстану курсының бағдарламасы бойынша білімдегі олқылықтарды анықтау және оларды ағымдағы оқу жылында толтыру. Жаратылыстану пәні аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат оқытылады. Пән жаратылыстану-ғылыми цикл пәндерінің біріктірілген курсы болып табылатындықтан және география, химия, биология, физика, астрономия бөлімдерінен тұратындықтан, әр пән бойынша тек өз пәнінің бөлімдері бойынша материалды меңгеру үшін диагностика мен мониторинг жүргізген жөн. Бұл жағдайда бөлімде география саласындағы тапсырмалар ұсынылған, тақырыптар мен мақсаттар б-сыныптың жаратылыстану курсы бойынша сәйкес келеді.

Жұппен жұмыс, мысалы, географиялық координаттарды анықтау; бұл жұмысты тексеру, әлсіз білім алушыға көмектесу. Барлық ұғымдарды "күшті" білім алушымен алдын-ала айта отырып, тақырыптың негізгі ұғымдарын тексеру бойынша кеңесшімен жұмыс. "Әлсіз" білім алушылардың тегін алдын-ала тізімдейтін сұрақтарға үй материалдарын бөлу (кім қандай сұраққа жауап береді). Төменгі сыныптарда "жақсы", "бүгін пән бойынша ең жақсы" күнделіктеріне жазбалар жасаймыз. Ішінара сұрақтар қоя отырып оны бөліктерге бөлеміз, толықтыруды сұраймыз

білім алушылардың алдыңғы оқу жылдарында жинақталған жалпы білім беру дағдылары мен дағдыларының болмауы, жұмыста Тәуелсіздік дағдыларының болмауы. Жеке қасиеттердің дамуы мен тәрбиесінің жеткіліксіз деңгейі, білім алушы өз ойын қалай айту керектігін білмейді, үй тапсырмасын әрдайым орындай бермейді, атласпен және контурлық карталармен жұмыс істемейді, білімде олқылықтардың болуы байқалады.

Мақсаты: жеке білім алушылардың білім деңгейі мен оқу сапасын арттыру, мотивацияны арттыру және білім кемшіліктерін жою, атласпен және контурлық картамен жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру.

Үлгерімі нашар білім алушылармен жұмыс істеу кезінде ұсыныстар ұсынамыз:

- Үлгерімі нашар білім алушыларға сауалнама жүргізу кезінде шамамен жауап жоспарын берген жөн; дайындық кезінде жасалған жоспарды пайдалануға рұқсат беру; тақтаға жауап беруге көбірек уақыт беру; алдын-ала жазбалар жасауға, көрнекі құралдарды пайдалануға рұқсат беру;

- Мүмкіндігінше білім алушыларға материалды дәйекті түрде ұсынуға көмектесетін жетекші сұрақтар қойыңыз;

- Сауалнама жүргізу кезінде сәттілік жағдайларын жасаңыз;

Жаңа материалды оқу барысында сәтсіз білім алушылардың назарын зерттелетін тақырыптың маңызды және күрделі бөлімдеріне аударады, сондықтан олар оқу материалын түсіну дәрежесін анықтайтын сұрақтарға жиі жүгінуі керек, оларды зерттеудің мәнін ашатын тәжірибені көрсету кезінде көмекші ретінде тартуы керек. жаңа материалды игеру қиын болған жағдайда білім алушылардың сұрақтарын ынталандыру;

- Сабақта өз бетінше жұмыс жасау кезінде үлгерімі нашар білім алушыларға жазбаша жұмыс кезінде жіберілген қателіктерді жоюға бағытталған жауаптар немесе жаттығулар беру ұсынылады: сонымен бірге жаңа күш-жігерді ынталандыру үшін олардың жұмысындағы жағымды жақтарды атап өту керек;

жұмыстағы типтік қиындықтарды белгілеп, оларды жою жолдарын көрсету, оқудағы тәуелсіздікті бір уақытта дамытуға көмектесу.

Үлгерімі нашар білім алушылармен география сабақтарында жеке тұлғаға бағытталған тәсілді қолданамыз, жеке қабілеттердің даму деңгейін және дағдылардың қалыптасуын ескере отырып, жүйені оқытамыз-бұл сараланған жаттығулар, практикалық жұмыстар, сараланған тесттер, іріктеу жұмыстары. Білім үлгілері мен оқу іс-әрекетін орындау ережелерін қолдана отырып, біз біртіндеп жаңа материалмен танысамыз. Мүмкіндігі шектеулі білім алушылар жаңа материалдың үлкен көлемін бірден игере алмайды және ескі және жаңа білімді қолдана алмайды. Сондықтан тілек білдірушілер үшін қосымша сабақтар өткіземіз.

Сондықтан әрбір пән мұғалімінің, соның ішінде мұғалімнің күш-жігері оқу сауаттылығын қалыптастыруға бағытталуы керек

Сурет-7. Үлгерімі нашар білім алушылардың ата аналарына кеңес

Үлгерімі нашар білім алушылардың ата аналарына кеңес

Баланың өз күшіне деген сенімін барынша нығайтыңыз

Үйде нақты күн тәртібін сақтаңыз

білім алушының немен айналысатынын хабардар болу

Талаптарыңызда,көтермелеулеріңізде және жазалауларыңызда дәйекті болыңыз

Баланың кемшілігіне түсініксіздікпен қараңыз

Әр блоктың соңында білім мен дағдыларды жүйелі түрде тексеруді ұйымдастыру керек, ол олқылықтар туралы білім сізге жедел және дұрыс көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Білімдегі олқылықтарды жою үшін барлық білім алушыларды бірден мұғаліммен кеңесуге үйрету керек. Әсіресе балалар ойындарға қатысуға дайын болады, мұндай сабақтар саналы деңгейінде жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Үлгерімі нашар білім алушылар үшін үй тапсырмасын ұйымдастырған кезде қателерді түсіну және түзету бойынша тапсырмалар іріктеледі: үй тапсырмасын орындау тәртібі туралы егжей-тегжейлі нұсқама жүргізіледі, қажет болған жағдайда кеңес карточкалары ұсынылады, жаңасын зерделеу үшін қажетті материалды қайталау бойынша тапсырмалар беріледі. Үй тапсырмаларының көлемі білім алушылардың шамадан тыс жүктелуіне жол бермеу үшін есептеледі.

Бөлімдер	Тақырып	максаты	мақсаты
----------	---------	---------	---------

1. Ғылым әлемі	1.1. Ғылымның рөлі	5.1.1.1 ғылымның қызметтерін адам ісәрекетінің түрі ретінде анықтау	6.1.1.1 жаратылыстану ғылымдарының зерттеу нысандарын атау
2. Ғалам. Жер. Адам	2.1. Макро-және микроәлем	5.2.1.1 макро- және микроәлем нысандарын ажырата білу және мысалдар келтіру	6.2.1.1 макро- және микроәлем нысандарының параметрлерін атау
3	2.5 Жер бетін бейнелеу тәсілдері	5.2.5.1 «план» және «шартты белгілер» ұғымдарын түсіндіру;	2.5 Жер бетін бейнелеу тәсілдері
4	2.6 Материктер мен мұхиттар	5.2.6.1 материктер мен дүние бөліктерін игеру және зерттеу тарихын сипаттау;	2.6 Материктер мен мұхиттар
3. Заттар және материалдар	3.1. Заттардың құрылысы мен қасиеттері	5.3.1.1 өлшектердің сұйық және газтекес заттарда таралуын түсіндіру;	3. Заттар және материалдар
4. Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер	4.1. Өлі табиғаттағы үдерістер	5.4.1.1 өлі табиғатта болатын үдерістерді атау (табиғатта заттардың айналымы, тау түзілу, үгілу, климаттық үдерістер);	4. Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер

Келесі сыныптарда жетіспейтін тақырыптарды кестеде көрсетілгендей 2 сынып арасындағы интеграция арқылы толықтыруға болады.

Білім алушылардың білім беру бағдарламаларын игеруінің мазмұны мен жоспарланған нәтижелеріне қойылатын талаптарға сәйкес білім алушыларда әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыру нәтиже ретінде қарастырылады. Метапәннің әмбебап оқу іс-әрекеттері арасында ақпаратты оқу және жұмыс істеу ерекше орын алады. білім алушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырусыз мектепте сәтті оқу мүмкін емес.

Оқу сауаттылығы метапәндік дағды болып табылады, өйткені оқу мәтіндерін оқу және түсіну, мәтіннен ақпарат алу, оны түсіну және әр оқу пәнінде оқу үшін әр түрлі оқу және практикалық мәселелерді шешу үшін қолдану мүмкіндігі қажет.

Қорытынды

Жалпы білім беретін орта мектептің негізгі мәселелерінің бірі үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс. Ойлау және есте сақтау қабілеттері және білім, білік, дағды төмен болған жағдайда білім алушыға оқу процесінде теориялық материалды меңгеру қиынға соғады. Сондықтан педагогтерге үлгерімі төмен білім алушылармен жүйелі түрде жұмыс жүргізілу керек. Бұл әдістемелік ұсыныстар заманауи мектептің маңызды мәселесі – педагогтердің сабақта оқу тиімділігін арттыра отырып үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты педагогикалық-әдістемелік ұйымдастыруына арналады.

Уақытылы диагностикалау және түзету жұмыстары кейбір жағдайларда мектептегі білім алушылардың үлгермеушілігін алдын алуға, ал басқаларында оқу қиындықтарын жеңуге көмектеседі. Әр түрлі жастағы балалардың жоғары психикалық функцияларының дамуы мен қалыптасуының ерекшеліктері мен заңдылықтарын біле отырып, қалыптастырушы оқыту бағдарламасын жасауға болады.

Әдістемелік ұсыныс жазу барысында алынған нәтижелер білім алушының үлгермеушілігін жеңудің негізгі факторларының бірі болып табылады. Білім алушылардың танымдық дамуы негізінде оқудағы үлгермеушілікті жеңу арқылы жүргізілген жұмыс оқу проблемаларын алдын-алу мен түзетудің теориялық моделін құруға мүмкіндік береді.

Оқу проблемаларын жеңуге бағытталған мектеп оқушыларын психологиялық-педагогикалық түзетудің ең тиімді әдісі сәтті оқытудың негізгі факторларының бірі болып табылатын балаларда ерікті зейіннің, есте сақтаудың, ауызша-логикалық ойлаудың, кеңістіктік көріністердің қалыптасуына ықпал ететіндігі дәлелденді.

Бұл әдістемелік ұсыныста мұғалімге баланың мүмкіндіктері мен әлеуметтік ортаға қойылатын талаптар арасындағы үйлесімді сәйкестіктің маңыздылығын көрсетуге қол жетімді түрде әрекет жасалды.

Оқу бағдарламасын жүзеге асыруда пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі маңызды рөл атқаратынын атап өткен жөн. Мектептегі үлгермеушілік бірқатар жағдайлар мен алғышарттар анықталады: физиологиялық; әлеуметтік; педагогикалық; психологиялық. Мектептегі үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс сыртқы және ішкі критерийлер бойынша, сәтсіздіктің табиғатын ескере отырып және басқа мұғалімдермен тығыз ынтымақтастықта құрылуы тиіс.

Мектептегі үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс барысында педагог басты назарда ұстайтын қағидалар:

1. Білім алушыларға қосымша білім берудің жүйесін құру.
2. Жұмыс жүргізуде топтық және жекелей әдістер қолдану.
3. Пәнге деген терең, тұрақты қызығушылығын қалыптастыру.
4. Білім алушылардың танымдық ой-өрісін кеңейту.
5. Өз ойын еркін жеткізуге баулу.
6. Үлгерімі төмен білім алушылардың ынтасын арттыру.

Сонымен үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс тек сабақ барысында ғана емес, жеке сабақ барысында да жүргізілуі керек. Бұл сабақтардың мазмұны жеке нәтижеге жету емес, жалпы баланың даму мүмкіндіктерін жақсарту үшін жағдай жасауға жоспарланған дұрыс. Түзету сабақтарын дайындау және өткізу кезінде білім алушылардың оқу материалын қабылдау ерекшеліктері және оларды іс-әрекетке мотивациясының ерекшеліктерін де есте сақтау қажет. Сабақ барысында әртүрлі дидактикалық ойындарды, жағдаяттарды, ойын-жаттығуларын, оқу әрекетін бала үшін өзекті және мағыналы ете алатын тапсырмаларды пайдалану тиімділігі жоғары.

Мектептегі үлгермеушіліктің алдын алу және түзету жолдары сыртқы және ішкі критерийлер бойынша, үлгермеушіліктің табиғатын ескере отырып және басқа мамандармен тығыз ынтымақтастықта құрылады. Түзету жұмыстарын педагогтер мектеп психологымен бірлесе отырып, ұсынымдаманың үшінші бөлімінде ұсыныс ретінде берілген коррекциялық /түзету/ жұмыстарының жүйесі берілді. Мектеп психологы үлгерімі төмен білім алушылармен коррекциялық жұмыс жасау кезіндегі ерекшеліктерді де есепке ала отырып, пән мұғалімдерімен бірлесе отырып жұмыс жасау ұсынылады.

Әдістемелік ұсынымдамада орта білім беру ұйымдарындағы оқу пәндері бойынша оқудағы үлгермеушілік бойынша жұмыстарды әдістемелік жағынан ұйымдастыруды қамтамасыз етудің әдістемесі және әдістемелік ұсынымдар жобасы ұсынылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.
2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
3. Шумейко Н.С. Развитие соматосенсорной зоны коры головного мозга человека от рождения до 16 лет / Н.С. Шумейко // Новые исследования по возрастной физиологии. – М, 1986. - Т. 27. - № 2. - С. 40-44.
4. Эльконин Д. Б. Избранные психологические труды. — М.: Педагогика, 1989. – 560 с.
5. Бударный А.А., Розенталь У.Д. Об одной из возможностей преодоления второгодничества // Педагогика. – 2006. – №7. – с. 56-67.
6. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 378 б. 5.
7. «1-11 сынып білім алушыларының оқу пәндері бойынша біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша әдістемелік ұсынымдар»
8. Закон РК «О языках в Республике Казахстан» // [Электронный ресурс]: URL: http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000151_
9. Сеитов А. Триединство языков // Байтерек [Электронный ресурс]: URL: <http://www.baiterek.kz/node/1421>
10. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарға арналған «Қазақ тілі». «Әдебиеттік оқу» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
- 11.
12. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарға арналған «Математика» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
13. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарға арналған «Жаратылыстану» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
14. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарға арналған «Дүниетану» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
15. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарға арналған «Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
16. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарға (ЖМБ) арналған «Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
17. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарға (ҚГБ) арналған «Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

18. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
19. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарға (ЖМБ) арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
20. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарға (ҚГБ) арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
21. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарына арналған «Математика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
22. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Алгебра» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
23. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарға арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
24. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарға арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
25. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
26. 10-11 сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
27. Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныпқа арналған «Құқық негіздері» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
28. 10-11 сыныптарға арналған (ЖМБ) «Құқық негіздері» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
29. 10-11 сыныптарға арналған (ҚГБ) «Құқық негіздері» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
30. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптарға арналған «Жаратылыстану» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
31. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9 сыныптарға арналған «Физика» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
32. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарға (ЖМБ) арналған «Физика» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
33. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарға (ҚГБ) арналған «Физика» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
34. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9 сыныптарға арналған «Биология» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
35. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарға (ЖМБ) арналған «Биология» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
36. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарға (ҚГБ) арналған «Биология» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

37. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарға арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
38. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарға арналған (ЖМБ) «Дүниежүзі тарихы» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
39. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарға арналған (ҚГБ) «Дүниежүзі тарихы» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
40. Гельмонт А.М. О причинах неуспеваемости и путях ее преодоления. М.: Просвещение, 2004.
41. Powell, W., & Kusuma-Powell, O. (2011). *How to teach now: Five keys to personalized learning in the global classroom*. Alexandria, VA: ASCD.
42. Lipka O., Siegel L. S. The improvement of reading skills of L1 and ESL children using a Response to Intervention (RtI) Model //Psicothema. – 2010. – Т. 22. – №. 4. – С. 963-969.
43. Vaughn S. et al. Intensive Interventions for Students Struggling in Reading and Mathematics. A Practice Guide //Center on Instruction. – 2012.
44. Lesaux N. K., Rupp A. A., Siegel L. S. Growth in reading skills of children from diverse linguistic backgrounds: Findings from a 5-year longitudinal study //Journal of educational psychology. – 2007. – Т.
45. Powell W., Kusuma-Powell O. How to teach now: Five keys to personalized learning in the global classroom. – Ascd, 2011.99. – №. 4. – С. 821.
46. Организация адресной работы со слабоуспевающими и неуспевающими школьниками: методические рекомендации / Сост. А.В. Аверин. – Сыктывкар: Изд-во ГОУДПО «КРИПО», – 2020, –89 с.
47. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдама. Әдістемелік ұсынымдама. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 122 б.
48. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
49. «Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15725 болып тіркелген).

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1 Үлгерімі төмен білім алушыларды педагогикалық, оқу-әдістемелік сүйемелдеу	16
2 Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс істеу әдістері мен нысандары	52
3 Үлгерімі төмен білім алушылармен түзету жұмысының жүйесі	101
Қорытынды	180
Пайдаланған әдебиеттер тізімі	182

**ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Басуға 06.09.2022. ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 11.